

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Тіл және әдебиет теориясы кафедрасы

А.Т. Досова

Контрастивтік лингвистика

Оқу құралы

Қостанай, 2017

УДК 81'42(075.8)

ББК 81. 2-5 я 73

Д 64

Пікір жазғандар:

Безаубекова А.Д., филология ғылымдарының кандидаты, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының доценті

Қайыпбаева А.Қ., филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің доценті

Жүрсіналина Г.Қ., филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті практикалық лингвистика кафедрасының меңгерушісі

Автор:

Досова Алма Төлегенқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Д 64 Досова А.Т.

Компаративістік лингвистика. – Қостанай, 2017 -111 бет

ISBN ISBN 978-601-7233-87-7

Оқу құралында «Тіл білімінің жаңа бағыттары» сияқты бағдарламалық пәнге көмекші құрал бола алатын теориялық ой-тұжырымдар түйінделген. Қазақ және орыс тілдерінің фонетика, грамматика салаларындағы айырмашылықтар айқындалған.

Жоғары оқу орнының «Филология» мамандығы бойынша оқып жатқан магистранттарға арналған.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралып, баспадан шығаруға ұсынылды. ____ 2017 ж.
№ ____

ISBN ISBN 978-601-7233-87-7

© Досова А.Т., 2017

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1-тақырып. Фонетика.....	6
2-тақырып. Сөздің морфологиялық құрамы (Морфологический состав..... слова).....	18
3-тақырып. Сөзжасам (Словообразование).....	22
4-тақырып. Морфология. Сын есім. (Морфология. Имя прилагательное).....	25
5-тақырып. Сан есім (Имя числительное).....	37
6-тақырып. Есімдіктер (Местоимения).....	42
7-тақырып. Етістік (Глагол).....	48
8- тақырып. Үстеу (Наречие).....	70
9-тақырып. Көмекші сөздер (Служебные слова).....	75
10-тақырып. Синтаксис.....	84
Қорытынды.....	110
Пайдаланылған әдебиеттер.....	111

Кіріспе

Қай тілді алсақ та, оның өзінің сөздік құрамы, ерекше фонетикалық жүйесі және грамматикалық құрылысы болады. Қазақ және орыс тілдерін генеалогиялық жақтан алғанда, әр түрлі тілдік топтарға жатады: қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, орыс тілі үндіеуропа тілдерінің шығыс славян тобына жатады.

Қазақ пен орыс халықтары қонысы мен өрісі ежелден іргелес, көрші елдер. XVI-XVII ғасырларда қоныс араласуымен, сауда-саттықпен байланысты қарым- қатынастар күшейсе, XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап Қазақстанның Ресей империясына бағынуы бұл байланыстарды одан әрі нығайта түскен.

Революцияға дейінгі кезеңде ауысқан сөздер баспасөз арқылы жазба түрде тармаған, көбінесе ауызша сөйлеу тілі арқылы енген. Сондықтан болса керек, бұл кезеңдегі кірме сөздер түгелдей қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бағынып, өзгерген (*ящик - жәшік, кровать - кереует, чайник - шәйнек, суд - сот*, т.б.). Революциядан бергі кезеңде де қыруар термин сөздер ауысты. Бұлардың басым көпшілігі орыс тіліндегі қалпында, түр-тұлғасы мен мағынасы өзгерілмеген қабылданды.

Ал кейбір орыс тілі терминдерінің қазақша баламасы мынадай жолдармен жасалды:

1 Орыс тіліндегі терминдерге қазақтың төл сөздері және олардан калька жасау арқылы туынды сөздер балама етіліп қалыптастырылған (*ұшқыш - летчик, қондырғыш - надстройка*).

2 Орыс тіліндегі сөздерге лайықты балама іздеп табу нәтижесінде кейбір дублет сөздерге дербес мағына беріліп, олар бір-бірінен сараланып отырған (*білім - знание, ғылым-наука, ілім - учение*).

3 Орыс тіліндегі термин сөздерді қазақша аударып алуда кейбір тар мағыналы сөздер активтеніп, олардың белсенділігі арттырылған. Соның нәтижесінде дара мағыналы сөздер көп мағыналы болып қалыптасты, яғни кейбір сөздердің семантикалық шеңбері кеңіді (*фонд- запас, резерв - қор* деген бір сөзбен ғана аударылып жүр.)

4 Орыс тіліндегі терминдерге лайықты атаулық баламалар табу ісінде қолданысқа түспей, қалтарыста қалып жүрген кейбір көнерген сөздер активтеніп, қайтадан іске қосылған (*здание - ғимарат, тиф - сүзек*).

5 Кейбір төл сөздер бұрынғы негізгі мағынасының үстіне терминдік жаңа мағына қосып алған (*сыбаға - удел, жертва - құрбандық*).

6 Қазақ тіліндегі көптеген жұрнақтар, әсіресе **-у; -лық/лік; -ыс/іс; -ма/ме** сияқты жұрнақтардың сөз тудыру қабілеті мейлінше күшейген (*кружок - үйірме, колебание-тербеліс*).

7 Көп мағыналы терминдердің лайықты балама табылған мағынасы аударылып қазақша берілсе, баламасы жоқ мағынасы орысша қалпында берілген (*фаза- кезең*, ал физика ғылымында - фаза деген сөз өз қалпында алынған).

8 Орыс тіліндегі көп мағыналы терминдер қазақ тіліне ауысқанда, әрдайым

бір мағынасында ғана қолданылады. Мысалы, *операция, ассимиляция* сөздері орыс тілінде көп мағыналы болғанымен, қазақ тілінде көбінесе дара мағынада жұмсалады. Адайда *әскери операция, медициналық операция, ақша операциясы* деген тіркестер контексте қолданыла береді.

9 Орысша туынды терминдерді қазақ тіліне қабылдау қажет болған жағдайда, олардың түбірі сол қалпында алынып, орысша қосымшасы қазақ тілінің қосымшасымен алмастырылады (*нормировать-нормалау; газификация - газдандыру* т.б.).

10 Кейбір термин сөздердің орысшасы мен қазақшасы жарыса қолданылып жүр (*метод-әдіс; форма - түр, тұлға*).

11 Интернационалдық терминдер, яғни халықаралық сипаты бар сөздер аударылмай қолданылып жүр (*атом, конституция*).

12 1950-1960 жылдардан бері қарай орыс сөздерінің қолданылуын реттеу, мүмкіндігінше қазақша баламасын табу, егер баламасы болмаса, оны жасанды түрде беру мәселесі қарастырылып келеді (*остановка- аялдама, холодильник - тоңазытқыш*).

13 Орыс сөздерінің баламасы калька сөздер арқылы берілді (*ақпарат – информация; елтаңба – герб; мұражай - музей*).

Кейде орыс тілі арқылы кірген сөздерге балама іздестіруде жөнсіз ауытқу да байқалады (*галактика галамиар, рецепт - ішірткі, радио - үнжария, газет - үнқагаз*). Сондықтан кез келген кірме терминді міндетті түрде қазақшалап қолдану қажет деген пікірге байқап, байыппен қараған жөн сияқты.

Жалпы, қай тіл болмасын кірме сөздер арқылы байып, толығып, кемелденіп отырған. Мысалы, орыс тілінің лексикасына келетін болсақ, орыс тілі үндіеуропа тілдерінің шығыс славян тобына жатады дедік. Ежелгі орыс әдеби тілі X ғасырда Русьта христиан діні қабылданған кезден бастап қалыптасты, көне славян және халық-әдеби тілдері негізінде қалыптаса бастаған («Повесть временных лет» (XI-XIV ғғ), «Поучение Владимира Мономаха» (XII ғ)).

1-тақырып. Фонетика

Жоспары:

- 1 Қазақ және орыс тілдеріндегі дыбыстардың жіктелуі (Классификация звуков)
- 2 Буын (Слог)
- 3 Екпін (Ударение)
- 4 Фонемалардың алмасуы (Чередование звуков)

Қазақ және орыс тілдеріндегі дыбыстардың жіктелуі (Классификация звуков). Қазіргі қазақ тілінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы еуропа халықтары тілінен енген мыңдаған сөздер бар. Оларды қазақ тілінің айтылу заңдылығына қарай сәйкестендіріп жазу керек деген көзқарасты жақтаушылар бар. Олар солай жазып та жүр: зауыт, тауар, т.б. Енді бір топ орысша қалай жазылса, солай жазу керек дейді. Біздің пікірімізше, кірме сөздерді өзгертпей қолданған жөн сияқты. Мұның өзі орыс тілі фонетикасымен де таныс болуды талап етеді. Орыс тілінің дыбыс жүйесін, фонетикалық заңдылықтарын жақсы білгенде ғана кірме сөздердің айтылуы мен жазылуын дұрыс меңгеруге мүмкіндік туады.

Қазақ және орыс тілдерінде акустикалық-артикуляциялық және басқа белгі-қасиеттеріне қарай тіл дыбыстары дауыстылар және дауыссыздар деп екі үлкен топқа бөлінеді.

Вокализмдер. «Қазіргі қазақ тілінде дауысты дыбыстардың саны, сапасы жөнінде әлі күнге бірізділік болмай келеді», - дейді белгілі фонетист С. Мырзабеков.

А.Байтұрсынов: «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Олардың бесеуі дауыстылардың таңбасы,»- деп көрсетеді,» Мұның өзі сол кездегі араб графикасының мүмкіндігіне негізделген.

Жаппы, ертелі-кеш жарық көрген оқулықтар мен зерттеулерде қазақ тіліндегі дауыстылардың саны төмендегідей: Қ. Жұбанов - 7, Ильминский - 8, В. Радлов - 9, Н. Сауранбаев - 12, Н. Созонтов - 13, С. Аманжолов - 14, А. Исаев - 15, - дейді.

Қазақ, орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеуші ғалымдар К. Бейсенбаева, С.Исаевтың пікірлері бойынша қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың саны - 12: *a, o, y, ы, и; э, і, ү, ұ, е, э, ө.*

Н.Түлкінбаев пен Д.Тұрсыновтың пікірінше, қазақ тілінде 11 дауысты дыбыс, 15 әріп бар: *a, ə, o, y, ы, и, э(e), ө, ү, ұ, і, «у» және «и» — дифтонг дыбыстар + я, ю, е, ё.*

С. Мырзабековтың де айтуынша, қазіргі қазақ тілінде 11 дауысты фонема бар.

Ал шындығында, жуан-жіңішке болып жұптасатын 8 дыбысты (*a-e(ə), o-ө, ү-ү, ы-і*) дауысты дыбыс деп есептеу керек. Бұл тіліміздің үндестік заңына негізделген жүйе болып табылады. Ал *-и, -у* дыбыстары қосарлы дыбыстар (дифтонг), *я, ю, е, ё* — әріптер. Бұл топтан сырт қалған «ə» дыбысы араб тілінен енген. Мұның дәлелі қосымшаларда «a» дыбысының жіңішке сыңары

«е» болып келеді (-лар,- лер, -дай-дей, -ша-ше, т.б.). Екіншіден, «ә» сөздің бірінші буынында ғана қолдан лады: *әке, дәптер*, т.б.

Дауысты фонемаларды дыбыстау мүшелерінің қызметіне қарай зерттеуші ғалымдар іштей 3 топқа бөледі:

1. Тілдің қатысына қарай:

а) жуан (гуттураль) немесе тіл арты дауыстылар: *а, о, ұ, ы, у*

ә) жіңішке (палаталь) дауыстылар: *ө, ұ, і, и, е, (э), ә.*

Бұл топқа С. Исаев, К. Бейсенбаева э фонемасын да қосады.

2. Еріннің қатысына қарай:

а) еріндік (лабиаль) дауыстылар: *о, ө, ұ, ү, у;*

ә) езулік дауыстылар: *а, ә, ы, і, е, и;*

(С. Исаев, К. Бейсенбаева: э).

3. Жақтың қатысына қарай:

а) ашық дауыстылар: *а, ә;*

(С. Исаев пен К. Бейсенбаева: *а, ә, е, э, о, ө*),

а) жартылай ашық дауыстылар: *о, ө, е;*

б) қысаң дауыстылар: *ұ, ү, ы, і, и, у.*

Ал орыс тілінде негізгі дауысты фонемалар б (и, у, ы, е, о, а). Орыс тілінің грамматикасында **ы** өз алдына фонема бола алмайтындығы, тек **и** фонемасының жуан түрі ғана екені айтылады. Мысалы, В.Белошапкина 5 дауысты фонема бар, **ы** - дербес фонема емес, - дейді (*шалашы [ы] - калачи*).

Ал кейбір зерттеулерде негізгі дауысты фонемаларға **ы** да қосылады. Н. Түлкенбаев пен С. Исаевтың пікірінше, **ы** - дербес фонема.

Дәлел ретінде авторлар мына жағдайларды келтіреді:

[**Ы**] кірме сөздерде сөздің басында кездеседі (*Ым - Чон, Ый - Чжу*).

Фонематикалық (сөз мағынасын ажырату) қасиеті бар (*быт - бит, был - бил*).

Кейбір сөздерге **-иня** жұрнағы, кейбір сөздерге **-ыня** жұрнағы қосылады (*граф - графиня, гусь - гусыня*).

Жалпы, [**Ы**] фонемасы орыс тілінде фонема ретінде толық танылып болған жоқ деуге болады.

Орыс тіліндегі дауыстылар сан жағынан аз болғанымен, сапа жағынан аса күрделі. **А, о, у, э(е), и, ы** дыбыстары екі тілде де бар. Орыс тіліндегі екпін түсіп тұрған **а, о, э** дыбыстарының қазақ тіліндегі **а, о, е, (э)** дыбыстарымен ұқсастықтарымен бірге көптеген ерекшеліктері де бар. Мысалы, екі тілдегі «**а**», «**о**» дыбыстарын алып қарайық.

Қазақ тіліндегі «**а**», «**о**» жуан дауыстылар, ал орыс тілінде тіл арты, тіл ортасы дыбыстарға жатады. Қазақ тілінде жуан «**о**», «**а**» дыбыстары жіңішке дауыссыз (**к, г**) дыбыстарымен тіркесе алмайды, өйткені тілімізде **ко, ка, ок, ак, го, га, ог, аг** деген сияқты дыбыс тіркестері жоқ. Ал орыс тілінде «**а**» тіл ортасы дыбыс болғандықтан, жіңішке дауыссыздармен де, жуан дауыссыздармен де тіркесе береді. Мысалы, орыс тілінде *огород, газета, кактус* деген сөздердегі **га, ка** тіркесі қазақ тілінде *гәзет, кәктус, өгөрөт* болып, тіліміздің заңдылығына бағындырылып айтылады.

Орыс тілінде екпін түспеген буындарда «**о**», «**а**», дыбыстары редукцияға

ұшырайды. Ал қазақ тілінде қандай позицияда болса да «о», «а» редукцияланбайды. Тек кейбір сөздерде ғана дауыссыз дыбыстардың ықпалына түседі: жәй, шәй, т.б.

Орыс тілінде **а, о, у, э** дауыстылары **я, ё, ю, е** әріптерімен белгілене береді. Сөздің басында, дауыстылардан кейін **ъ, ь** белгілерінен кейін тұрса, **я+а, о, э, у** болып белгіленеді, яғни л, ю, е, ё жеке графикалық белгі емес (**ядро - йядро, юрта - йюрта**, т.б.).

И - қысаң, езулік, монофтонг, ал қазақ тілінде - дифтонг: *итбалық, итмұрындық*, т.б. Ол тек жіңішке айтылады, жуан дауыссыздардан кейін тұрса, алдында тұрған дауыссыз дыбыс (**ж, ш, ц** дауыссыздарынан басқасы) жіңішкеленіп айтылады: *билингв, пил, ал жыл - [жыл], шило - [шыло], цифра - [цыфра]*, т.б. сөздерде, керісінше, жуан айтылады.

У - қысаң, монофтонг, ал қазақ тілінде дифтонг: *оң(ұу), қон(ұу)*, т.б. Бірақ кейде екпіннің қосарланып түсуіне байланысты (под двойным ударением) орыс тілінде де **у** «уу» болып келеді: *нау-ука, ау-ул, ка-рау-ул*, т.б. Қазақ тілінде осыған ұқсас *қуу, жуу* деген сияқты тұлғалар бар. Бұлар *түбір + жұрнақ* арқылы жасалған: *қу+у, жу+у*. Бірақ бұл орыс тіліндегідей қосарлану, созылып айтылу емес.

Дауыстылар орыс тілінде де дыбыстау мүшелерінің қызметіне қарай іштей 3 топқа жіктеледі:

1.Тілдің көлбеу бағытында қозғалуына қарай:

а) жуан (гупураль) немесе тіл арты (заднеязычные): **о, у**;

ә) тіл алды (палаталь) немесе тіл алды (переднеязычные): **и, э**;

б) тіл ортасы (среднего ряда): **а, ы**.

2.Еріннің қатысына қарай:

а) еріндік (лабиаль) дауыстылар: **у, о**;

ә) езулік (негубные): **а, ы, и, э**.

3.Тілдің тік бағытта қозғалуына қарай тандайдың жоғарғы жағымен (**и, ы, у**); ортасымен (**э, е, о**); төменгі жағымен (**я**).

Сонымен, екі тілдегі дауыстылардың артикуляциялық базасын салыстыра келе мынадай қорытынды жасауға болатын сияқты:

1.Қазақ тілінде дауыстылар көбіне еріннің қатысуымен жасалады. Сондықтан қазақ тілінде 5 еріндік (лабиаль) дауыстылар: **о, ө, ұ, у, у**, ал орыс тілінде екеу - **о, у**.

2. Қазақ тілінде дауыстылар тілдің қатысына қарай жуан, жіңішке деп бөлінеді, ал орыс тілінде тіл алды, тіл ортасы, тіл арты деп жіктеледі.

Консонантизмдер. Қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың санына байланысты әр түрлі пікір бар. С. Исаев қазақ тілінде 26 дауыссыз фонема бар, орыс тілінде - 35 деп, төмендегідей топтастырады .

Қазақ тілі мен орыс тіліне ортақ дауыссыз фонемалар - 16 (**б, в, г, д, ж, з, и, к, л, м, н, п, р, с, т, ш**).

Қазақ тілінде бұрын болмаған дауыссыздар — б (**в, х, ц, ч, щ, ф**).

Қазақ тіліне тән дауыссыздар: **ғ, ң, қ, һ**.

Орыс тілінде дауыссыздар жуан/жіңішке деп жіктеледі, осыған байланысты 12 жұп бар:

б-б', в-в', д-д', з-з', л-л', м-м', н-н', п-п', р-р', с-с', т-т', ф-ф'.

Жұпқа бөлінбей, тек қана жінішке болатын дауыссыздар да бар, олар жұпсыз/жінішке (внепарные /мягкие - непалатализованные) деп аталады: **щ, ч.**

Тек қана жуан дауыссыздарға (внепарные - твердые невелиризованные) мыналар жатады: **ж, ш, ц.**

Аталған дауыссыз дыбыстарды В. Белошапкина, С. Исаев төмендегідей топтастырады:

1. Дауыс пен салдырдың қатысына қарай:

а) үнді (**м, н, л**);

ә) ұяң (**б, в, г, д, ж, з**);

б) қатаң (**п, с, т, ф, ш, к, ч, х, ц, ш**).

2. Жасалу орнына қарай, негізгі дыбыстау мүшелерінің қатынасуына қарай:

а) еріндік (зубные): [п] - [п'], [б] - [б'], [м] - [м' /ф] - [ф'], [в] - [в'];

ә) тіс (зубные): [т] - [т'], [д] - [д'], [с] - [с'], [з] - [з'], [ц], [н] - [н'], [л] - [л'];

б) тілортасы — таңдай (альвеолярные немесе переднеязычные): [ш], [ж], [ч], [р] - [р'];

в) тіл ортасы (среднеязычные): [ж];

г) көмей (заднеязычные): [к] - [к'], [г] - [г'], [х] - [х'].

3. Жасалу жолына қарай:

а) шұғыл (смычные), мұның өзі мұрынжолды (носовые) және неносовые деп бөлінеді: [м] - [м'], [н] - [н'] - мұрынжолды (носовые смычные) [п] - [п'] / [б] - [б'], [т] - [т'], [д] - [д'], [к] - [к'], [г] - [г'] - неносовые смычные;

[р] - [р'] - Діріл (дрожашие);

ә) ызың (щелевые): [л] - [л'], [ф] - [ф'], [в] - [в'] [с] - [с'], [з] - [з'] [ш], [ж], [ж], [х] - [х'].

Ал С. Мырзабековтың айтуынша, қазіргі қазақ тілінде 25 дауыссыз фонема, орыс тілінде 37 дауыссыз фонема бар. Олай болатыны орыс тілінде дауыссыздардың жуан және жінішке болып келуінде фонематикалық қасиет бар әрі олардың дауыстыларға ықпалы күшті болады дейді.

Қазақ тілі мен орыс тіліне ортақ дауыссыз фонемалар -15 (**б, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, р, п, с, т, ш**).

Қазақ тілінде бұрын болмаған, орыс тілінен енген дауыссыздар - бесеу (**в, ф, х, ц, ч**). Қазақ тілінде бар, орыс тілінде жоқ дауыссыздар да бесеу (**ғ, ң, қ, у, һ**), - дейді. С. Мырзабеков те қазақ тіліндегі дауыссыз фонемаларды акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай төмендегідей топтастырады:

1. Дауыстың қатысына қарай:

а) үнді (**л, м, н, ң, й, р, у**);

ә) ұяң (**б, в, г, ғ, д, ж, з**);

б) қатаң (**п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч**);

2. Айтылуы мен ауаның шығу жолына қарай:

а) шұғыл (**п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң**);

ә) ызың (**ф, в, с, з, ш, ж, х, ғ, һ, л, й, у**);

б) діріл (**р**).

3. Жасалу орнына қарай:

а) ерін фонемалары (**п, б, ф, в, м, у**);

ә) тіл фонемалары (т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, к, г, қ, ғ, х, н, ң, л, р, й);

б) көмей фонемасы (һ).

Дауыссыз фонемалардың көбі тілдің тікелей қатысуымен жасалады деп көрсетеді және оларды былай топтастырады:

а) тіл алды (т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р)

ә) тіл ортасы (й)

б) тіл арты (г, ғ, к, қ, ң, х).

Орыс тілінде де дауыссыз фонемалар акустика - артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай топтастырылады.

1. Дауыстың қатысына қарай:

а) қатаң: [п] - [п'], [ф] - [ф'], [к] - [к'], [т] - [т'], [с] - [с'], [ч], [х] - [х'], [ш'];

ә) ұяң: [б] - [б'], [в] - [в'], [г] - [г'], [д] - [д'], [ж], [з] - [з'];

б) үнді: [л] - [л'], [м] - [м'], [н] - [н'], [р] - [р'].

2. Айтылу жолына қарай:

а) шұғыл (смычные неносовые): [п] - [п'], [б] - [б'], [т] - [т'], [д] - [д'], [к] - [к'], [г] - [г'];

ә) үнділер (носовые смычные): [м] - [м'], [н] - [н'], (дрожашие): [р] - [р'];

б) ызың (щелевые): [ф] - [ф'], [в] - [в'], [с] - [с'], [з] - [з'], [ш], [ж], [ш'], [х] - [х'], [j];

в) аффрикаттар: [ц], [ч'].

3. Жасалу немесе айтылу орнына қарай:

а) ерін фонемалары (губные): [п] - [п'], [б] - [б'], [м] - [м'], [в] - [в'], [ф] - [ф'];

ә) тіс фонемалары (зубные): [т] - [т'], [д] - [д'], [с] - [с'], [з], - [з'], [н] - [н'], [л] - [л'].

Орыс тілінде де дауыссыз фонемалардың көбі тіл мен таңдайдың тікелей қатысуымен жасалады:

а) тіл-таңдай алды (передненебные): [ш], [ж], [ч'], [р] - [р'];

ә) тіл-таңдай ортасы (средненебные): [j];

б) тіл-таңдай арты (задненебные): [к] - [к'], [г] - [г'], [х] - [х'].

Орыс тілінде дауыссыз фонемалар жуан-жіңішке болып жұппен келеді, бірақ арасында жұпсыз тек жуан, не тек жіңішке болып келетін дауыссыздар кездеседі. Оларға мыналар жатады:

а) тек жіңішке болып қолданылатын фонемалар (внепарные мягкие): *ш, ч*;

ә) тек жуан фонемалар (внепарные твердые): *ж, ш, ц*.

Бұл артикуляциялық ерекшелік тек орыс тіліне тән. Бұндай фонематикалық қасиет орыс тілінен қазақ тіліне енген сөздерде де байқалмайды. Өйткені қазақ тілінде, керісінше, дауыстылардың дауыссыздарға ықпалы күшті.

Буын. Буын - фонациялық ауаның кілт үзілуінің, не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке дыбыс, не дыбыстар тобы.

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де буын бір дыбыстан немесе бірнеше дыбыстың тіркесінен жасалады. Сөздің буынға бөлінуі дауысты дыбыстарға байланысты, еондықтан буынның саны дауысты дыбыстың санына байланысты болады. Дауысты дыбыс екі тілде де буынның құрамына кіреді.

С.Исаевтың пікірінше, қазақ және орыс тілдеріндегі сөздер құрамы

жағынан былайша сараланады:

1. Бір буынды сөздер (односложные): ай, ат, от, яд, сон, дом, т.б.

2. Көп буынды сөздер (многосложные): *ме-ре-ке, е-тік-ші, жа-ны-рақ, са-пож-ник, пле-мян-ник, т.б.*

Қазақ тілінде сияқты орыс тілінде де дыбыстық құрамы жағынан, яғни дауысты және дауыссыз дыбыстардың кезектесіп келуіне байланысты буын бірнеше түрге бөлінеді. Қазақ тілінде буын түрлері үшеу, ал орыс тілінде - екеу. Қазақ тілінде олар мынадай:

1. Ашық буын (*ә-ке, ше-ше*).

2. Тұйық буын (*өт, өрт, ұлт*).

3. Бітеу буын (*тіс, қант, бір-лік*).

Ал орыс тілінде:

1. Открытый слог (ашық буын): ма -ма, во-да, т.б.

2. Закрытый слог (бітеу буын): друг, мать, тет-радь, т.б

Орыс тіліндегі бітеу буын (закрытый слог) қазақ тілінде бітеу буын және тұйық буын деп екі топқа бөлінеді. Мұның сыры мынада: ат, от, ет, ит, ар, ер, ел, ол, өл, ор дегендер фонетикалық жағынан қарағанда тұйық буын, морфология бұларды түбір ретінде қарастырады, лексикалық тұрғыдан бұлар дербес сөз деп есептеледі. Сондай-ақ, жер, тау, нан, мал, кел, кет, жет дегендер туралы да осыны айтуға болады. Фонетика бұларды бітеу буын деп есептесе, морфологиялық тұрғыдан - түбір, ал лексика бұларды жеке сөз ретінде қарастырады.

Жалпы қазақ, орыс тілдерінде буынға байланысты ұқсастықтар көп, олар мынадай:

1. Екі тілде де дыбыстық құрамы жағынан сөз бір буынды және көп буынды болып бөлінеді: бұлт, друг; ба-ла-лар, пе-ре-ме-на.

2. Екі тілде де буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болуы және оның саны біреуден артық болмауы керек: ә-же, пес-ня.

3. Бір дауысты фонема бірнеше буынның құрамында қайталанып келе береді. Мысалы: ма-га-зин, ар-ман т.б.

4. Буында мағына болмайды, бірақ кейбір сөздердің эрбір буыны лексикалық немесе морфологиялық мағынасы бар бөлшектерге сәйкес келіп қалады. Мысалы: ат-ты-лар-ға, ел-ші-лер-ді, дым-ный, мед-ный т.б.

5. Екі тілде де буынның жылысуы кездеседі. Мысалы: конь - ко-ня, стол – сто-ла, ат - а-ты, жоқ - жо-ғал-ды, т.б.

Сонымен қатар екі тілде буынға байланысты айырмашылықтар да баршылық:

1. Қазақ тілінде буынның түрлері үшеу, ал орыс тілінде - екеу. Бірақ қазақ тіліндегі тұйық буын орыс тіліндегі бітеу буынмен сәйкес келеді (отжать, импе-ра-тор, т.б.)

Қазақ тілінде бір буында төрт дыбысқа дейін болса, орыс тілінде бір буында алты дыбысқа дейін болады: қант, бұлт, вздрог-нуть, здрав-ствуй, т.б.

Қазақ тілінде сөздің бастапқы буыны ғана дауыстыдан басталады, ал екінші, үшінші, т.б. буындары дауыстыдан басталмайды. Сондықтан тасымал дауыстыдан тасымалданбайды. Орыс тілінде дауысты дыбыстан бастапқы,

екінші, үшінші, т.б. буын бастала береді. Мысалы: *ал-ма, це-ла, бо-ла-шақ, о-ли-це-тво-ре-ни-е, пе-ри-о-ди-чес-ки* т.б.

1. Буын үндестігі тек қазақ тіліне тән, орыс тілінде жоқ. Орыс тілінде бір буыны жуан, бір буынды жіңішке болып келе береді. Мысалы: *о-пре-де-ле-ни-е, мгно-вен-но, пти-ца*, т.б.

2. Қазақ тілінде буынның басында бір дауыссыздан артық болмайды, ал орыс тілінде буынның басында бірнеше дауыссыздар кездесе береді. Мысалы: *стро-ни-ла, встре-ча* т.б. Осыған байланысты орыс тілінен енген сөздерге дауысты дыбыс қосылып қолданылады. Мысалы: *стол - үс-тел, кровать - ке-реу-ет*, т.б.

3. Қазақ тілінде буынның соңында да дауыссыз дыбыстар саны біреуден артық болмайды. Басқа тілдерден енген сөздерде бұл шарт бұзыла береді. Сондықтан мұндай ретте қабаттасып келген дауыссыздардың арасына дыбыстар сыналай кіреді: *ромб - ром-бы, киоск - ки-ос-кі* т.б. Бірақ көне түркілік *рт, лт, нт* рудименттері бұл заңдылыққа бағынбайды: *өрт, жылт (ету), ант, серт*, т.б.

Екпін (Ударение). Сөз ішінде бір буынның күшті айтылуын екпін дейміз. Қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі. Бұл қағида тюркологияда бір ғасырдан астам уақыттан бері айтылып, қайталанып келеді.

Қазақ тілі грамматикасының негізін қалаушы ғалым А. Байтұрсынұлы да «Қазақ тілінде екпін буыны сөздің я аяғында, я аяғына таяу буын болып келеді,» - дейді.

Алайда Ә.Жүнісбеков қазақ тілінің фонетикалық жүйесін мұқият зерттеудің нәтижесінде үндіеуропа тілдеріне тән осы құбылыстың орынсыз тықпаланып келгенін, түркі тілдерінде сөз екпінінің жоқ екенін, оның қызметін сингармонизм атқаратынын айтады. Бұл мәселе тюркологтар тарапынан бірыңғай қолдау таба қойған жоқ.

Ал орыс тілінің екпіні жөнінде айтсақ, екпін сөздің кез келген буынына түсе береді. Мысалы: *кас-ка, во-да, ка-ран-даш, доб-ро-же-ла-тель*, т.б.

Орыс тіліндегі екпіннің тағы бір үлкен айырмашылығы - ол сөз мағынасын ажыратудағы қызметі. Мысалы: *мука- ұн, му-ка - азап*. Орыс тілінде екпін грамматикалық мағынаны ажыратуға да ықпалын тигізеді. Мысалы: *воды* (жекеше түрі, I. с.), *воды* (көпше түрі; A. с.).

Сөйтіп, орыс тілінде екпін лексика-морфологиялық (грамматикалық) қызмет атқарса, қазақ тіліндегі екпін екі түрлі қызмет атқарады: сөзді аяқтайды және сөйлем ішінде сөздердің жігін ажыратады, яғни екпін тілімізде лексика-синтаксистік қызмет атқарады.

Фонемалардың алмасуы (Чередование звуков). Тілде фонемалардың 2 түрлі өзгерісі бар:

1. Модификация.

2. Модуляция.

Модификация дегеніміз - фонема түрінің өзгеруі. Модификациялық өзгеріс барысында орыс тілінде дауысты дыбыстар редуцияға ұшырайды.


Редуция дегеніміз - екпінсіз буындағы дауысты дыбыстың сандық және сапалық жағынан өзгертіліп айтылуы (поговорить [п'ыг'вдри'т']).

Дауыстылардың редукциясы, өзгертіліп айтылуы, екпін түсіп тұрған буынға дейінгі позициясына, яғни тұрған орнына байланысты. Осыған орай редукция әр деңгейлі болып бөлінеді. Мысалы, екпін түсіп тұрған буынның алдында тұрған дауыстының өзгеруі әлсіздеу болады. Бұл редукцияның бірінші позициясы деп аталады. Ал бірінші, екінші позицияда, яғни екпін түсіп тұрған буыннан алыстау тұрған дауысты дыбыс қатты өзгеріске ұшырайды. Бұл редукцияның екінші позициясы.

Редукцияға байланысты дауысты фонемалар төмендегідей өзгеріске ұшырайды:

1. Екпін түсіп тұрған

буынның алдында тұрған буында:



л
(екеуіне де ұқсас,
бір аралық дыбыс)

[ы]

[y]

и, э) - [и] немесе
[и¹] дыбысы айтылады.


л (Москва) (экзамен -[икзамен])

л (Москва) (экзамен -[и³кзамен])


2.

Жуан дауыссыздардан

кейін екпін түсіп тұрған буынның алдында тұрған бірінші буындағы (э), (и) - [ы] болып айтылады (цифровой) -[цы³фрдо'и]




3. Жіңішке дауыссыздардан кейін екпін түсіп тұрған буынның алдында тұрған бірінші буындағы [a], [o], [э], [и], [y] дыбыстарының айтылуы төменгідей:




Екпін түспейтін буындарда қатаң дауыссыздардан кейін тұратын дыбыстар әлсіз айтылады: [a], [o]

[a]— [o]




[ъ]




[a]

[ь]



[и]

[у]жіңішке дауыссыздан кейін



[у] ашық буын

Міне, орыс тіліндегі редукция құбылысы осылай болады.

Қазақ тілінде де кейбір сөздерде редукция құбылысы кездеседі. Мәселен, ш, ж дауыссыздарынан кейін бірінші буында тұрған жуан дауысты [а] жіңішкеріп [э] болып айтылады: жай (жэй), шай (шэй), жайлау (жэйлау), жайдақ (жэйдақ), шаш (шэш), т.б.

Сондай-ақ, ы, і дыбыстарының солғындауын да редукция құбылысына жатқызуға болатын сияқты:

жапырақ - жапрақ, топырақ - топырақ, көкірек - көкрек, т.б. Бірақ қазақ тілінде кездесетін редукция құбылысын орыс тіліндегідей өзіндік бір заңдылық ретінде қарастыруға болмайтын сияқты, өйткені ш, ж дауыссыздарынан кейін тұрған дауысты а жіңішкеріп айтылмайтын жағдайлар да кездеседі. Мысалы: шабарман, жау, жауын, шад, т.б.

Сонымен, модификация дауысты дыбыстардың өзгеруі дедік, ал дауыссыз дыбыстардың алмасуы модуляция деп аталады.

Дауыссыз фонемалардың 2 түрлі алмасуы болады: тарихи және функционалды. Тарихи алмасу дегеніміз - дыбыстардың морфемалардағы дәстүрлі алмасуы. Мысалы: семіз - семір, сұрақ - сұрау, құрақ - құрау; друг - друзья - дружба, круг - кружок т.б.

Функционалды алмасу - дауыссыз фонемалардың комбинаторлық және позициялық алмасуы (редукция құбылысы).

Комбинаторлық алмасу - фонемалардың бір-біріне ықпалы. Буынның үш түрі кездеседі: аккомодация, ассимиляция, диссимиляция.

Аккомодация - дыбыстардың бейімделуі, морфемалар жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, бейімделіп айтылуы.

Орыс тілінде дауыссыздардың дауыстыларға ықпалы күшті. Мысалы: играть - сыграть т.б. Қазақ тілінде көбінесе дауыстылар дауыссыздарға ықпал етіп, өзіне бейімдеп тұрады, яғни дауыссыздардың жуан және жіңішке болып айтылуына дауыстылар ықпал етеді. Мысалы: болу - бөлу, ол - ел, т.б.

Дауыссыздар да дауыстыларға азды-көпті әсер етеді, бірақ оларды өзгертуге шамасы келе бермейді. Мысалы: қал - кел, мағына - игеру, т.б., яғни

к, ғ дыбыстары үнемі жуан дауыстыларды, ал к, г жіңішке дауыстылардың тұруын талап етеді.

Осыған байланысты С. Мырзабеков қазақ тілінде кездесетін аккомодация құбылысын екіге бөледі:

1. *Прогрессивті аккомодация* - дауысты мен дауыссыздардың үндесуі.
2. *Регрессивті аккомодация* - дауыссыздар мен дауыстылардың үндесуі.

Ассимиляция (латынша *assimilative* - ұқсау) - морфемалардың жігінде көрші келген дауыссыздардың акустика-артикуляциялық жақтан біріне-бірінің ұқсауы, бейімделуі, өзара үндесуі.

Қазақ тілінде дауыссыздардың бір-біріне ықпалы үш түрге бөлінеді:

1. Ілгерінді ықпал (Прогрессивті ассимиляция).
2. Кейінді ықпал (Регрессивті ассимиляция).
3. Тоғыспалы ықпал.

Қазақ тілінде прогрессивті ассимиляция өте күшті. Бұл заң бойынша алдыңғы морфеманың соңғы дауыссыз дыбысы кейінгі морфеманың басқы дауыссыз дыбысына акустикалық (дауыс қатысы) жақтан ықпал етіп, игеріп тұрады. Бұл, әсіресе, сөз (түбір) бен қосымшаның аралығында жақсы сақталады. Мұның өзі сөз бен сөздің аралығындағы дауыссыздарға да тікелей қатысты. Дауыссыздардың әр түріне байланысты прогрессивті ассимиляция мынадай болады:

1. Үнді дауыссыздар сөзді аяқтай алады және бұлар дауыстылар сияқты өзінен кейінгі морфеманың тек ұяң немесе үндіден басталуын талап етеді (мал+дың, тау+лар).

Ал қатаң с және ш дауыссыздарынан басталатын морфемалар бұл заңға кейде көнбейді: мал+шы, жан+сын, т.б.

2. Өзгелік етістің қатаң т жұрнағы да соңы л, н, р, й үнділеріне аяқталған туынды етістіктерге жалғана алады: жөнел - т, ойлан - т, т.б.

3. Қазақ тілінде ұяң дауыссыздардан тек ж, з дыбыстары ғана сөз соңында келеді (қыз, мұқтаж). Бұл ұяңдарға аяқталған сөздерге жалғанатын қосымшалар да ұяң не үнді дыбыстардан басталуы тиіс (*мұқтаждық, қызға*).

Ал орыс тілінде сөз соңында ұяң дауыссыздар айтылмайды. Мысалы: гараж - [*гараж*], гипноз - [*гипнос*], экипаж - [*экипаж*], т.б.

Қазақ тілінің төл сөздері б, г, в, д фонемаларына аяқталмайды, сондықтан орыс тілінен енген кірме сөздердің соңында кездесетін бұл фонемаларға қатаң дауыссыздардан басталатын қосымшалар жалғанады: *заводпен, клубқа* т.б.

Сөз соңындағы қатаңдар өзінен кейінгі морфемалардың тек қатаң дауыссыздардан басталуын талап етеді: *тас-қа, кес-пе*.

Орыс тілінде прогрессивті ассимиляция байқалмайды.

Ал регрессивті ассимиляция екі тілде де бар. Регрессивті ассимиляция, керісінше, кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсер етуі арқылы прогрессивті ассимиляция кезінде акустика-артикуляциялық жақтан қолданған дыбыстардың арасындағы сәйкессіздіктерді реттейді.

1. Регрессивті ассимиляцияға ұшырап алмасатын қазақ тілінде бір-ақ дыбыс, ол-н. Тіліміздегі ертеректе енген кейбір орыс сөздерінің құрамында кездесетін нк, нг тіркесіндегі н дыбысы біржола н дыбысына айналып кеткен:

ботинка - бәтеңке, корзинка - кәрзеңке.

Сонымен, н мынадай жағдайда регрессивті ассимиляцияға ұшырап, алмасады:

а) соңы н дыбысына біткен сөздерге тіл арты г және г дыбыстарынан басталатын қосымшалар жалғанған кезде тіл алды н тіл арты ң дыбысына алмасады: күңгө - күнге, қаңға - қанға;

ә) соңы н дыбысына біткен сөздерге жалғанатын қосымша б, м дыбыстарынан басталса, онда тіл алды н қос ерін м дыбысына айналады: қан-мен- қам-мен, жанбады - жамбады;

б) алдыңғы сөз н дыбысына аяқталып, кейінгі сөз и дыбысынан басталса, тіл алды н дыбысы қос ерін м дыбысына алмасады: Жанпейіс - Жампейіс, жаман пиғыл - жаманпиғыл.

2. Алдыңғы морфема з, ж дыбыстарына бітіп, кейінгі морфема с, ш және з, ж дыбыстарынан басталса, регрессивті ассимиляция мынадай болып келеді:

а) алдыңғы морфема з ұяңына бітіп, кейінгі морфема қатаң с дыбысынан басталса, онда з қатаң с дыбысына алмасады: сөз - сіз - сөссүз;

ә) кейінгі морфема ж дыбысынан басталса, алдыңғы морфеманың соңындағы з дыбысы ж дыбысына айналады. Бұл сөз бен сөздің арасында ұшырайды: жүз жыл - жүжжыл;

б) кейінгі морфеманың басындағы ш дыбысы алдыңғы морфеманың соңындағы з ұяңын ш дыбысымен алмастырады: сөзшең - сөшшөң;

в) кейінгі морфеманың басындағы с қатаңы алдыңғы морфеманың соңындағы ұяң ж дыбысын қатаңдандырады: лажсыз - лашшыз.

3. Алдыңғы морфема қ, к, п қатаңдарына бітіп, кейінгі морфема үнді және ұяң д, ж, з дауыссыздардан басталса, сөз соңындағы қ, к, п ұяңданып г, г, б дыбыстарына алмасады: ақ жауын - ағжауын, көк ала - көгала.

4. Қ, к, п дыбыстарына аяқталған сөзге дауысты дыбыстан басталған қосымша қосылғанда да нақ осылайша дыбыс алмасуы жүреді: тарақ + ым - тарағым, ақ + ар - ағар, жоқ ал - жоғал, т. т.

5. Алдыңғы морфема с дыбысына бітіп, кейінгі морфема ш дыбысынан басталса, с дыбысы ш дыбысымен алмасады: асшы - ашшы, басшы - башшы.

6. П+ дауыстыдан басталатын морфема = тап + ып += тауып, шап + ып = шауып; п + у - тап + у = табу, жап + у + жабу.

С. Исаевтың пікірінше, кейінді ықпал (регрессивті ассимиляция) көбінесе орыс тіліне тән.

Орыс тілінде регрессивті ассимиляция мынадай жағдайларда кездеседі:

1. Қатаң дауыссыздардың алдындағы ұяң дыбыстар қатаңға айналады: винтовка - винтофка, пробка - пропка.

2. Орыс тілінде де ұяң-қатаң дауыссыздар үндеспейді, керісінше, ұяң мен ұяң, қатаң дауыссыз бен қатаң дауыссыз үндеседі, осыған байланысты қатаң дауыссыздардың алдында тұрған ұяң қатаңға айналады: книжка - книшка, лавка - лафка. Ал ұяң дауыссыздардың алдында тұрған қатаң ұяңданады: также - тагже, сдать - шздать.

3. Таңдай алды дауыссыздардың алдында тұрған тіс дауыссызы таңдай алды дауыссызбен алмасады: сшить - шшит, изжить - ижжит, с человеком -

шчеловеком, безжалостный - бежжалостный.

4.Ызың дауыссыздың алдында тұрған дауыссыздар аффрикаттармен алмасады: смеяться - смеяца, детсад - децсад.

5.“З”-ның алдында тұрған “д”- “дз” болып ауысады: надзор — надззор, надзиратель - надззиратель.

6.“ш”, “ж”-ның алдында тұрған “т”,“д” тандай алды “ч”, ‘дж’ аффрикаттарымен алмасады: отшить - очшить, таджик - таджжик.

Жіңішке дауыссыздардың алдында тұрған фонема жуан дауыссыздармен алмасады:

а) тіс фонемалары жіңішке дауыссыздардың алдында жіңішкереді, яғни жіңішке “с”, “з” фонемалары созылмалы жіңішке дыбыспен алмасады: растелить - расстелить;

ә) **в, ф, б, п, м** ерін фонемаларының алдында т, д, с, з тіс фонемалары түбірдің құрамында немесе з, с сөз алды қосымшаларынан кейін тұрса, жіңішкеріп айтылады: сбить – збить;

б) “ч” “ш”, “щ” фонемаларының алдында **н** үнемі жіңішке айтылады: *каменщик, тончайший.*

Морфемалар аралығында қатар келген дауыссыздардың алдыңғысының өзінен кейінгі дыбысқа акустикалық жақтан, ал кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа артикуляциялық жақтан ықпал етуінің нәтижесінде екеуінің де өзгеруін тоғыспалы ассимиляция дейміз. Яғни, тоғыспалы ассимиляция кезінде көрші дауыссыздар әрі прогрессивті, әрі регрессивті ассимиляцияға бірдей ұшырайды. Қазақ тілінде тоғыспалы ықпал сөз бен сөздің аралығында кездеседі:

1.Ұяң н дыбысы қатаң қ, к дыбыстарын ұяң г, г дыбыстарымен алмасуға мәжбүр етеді де, тіл арты г, г тіл алды н дыбысына регрессивті ықпал етіп, оны тіл арты ң дыбысымен алмастырады: Аманкелді - Аманңгелді, айдын көл - айдыңгөл.

2. Алдыңғы сөз с дыбысына бітіп, кейінгі сөз ж дыбысынан басталса, онда бұлардың екеуі де ш дыбысымен алмасады: Досжан - Дошшан, тас жол ташшол.

Орыс тілінде тоғыспалы ықпалға кейбір дауыссыздардың айтылмауы (диэреза) жатады: сердце - серце, поздно - позно. Кейде буындар да айтылмай қалады: здравоохранение - здравохранение.

Диссимиляция (лат. *dissimilatio* - ұқсамау) - дыбыстардың комбинаторлық өзгерістерінің бір түрі, яғни бұл сөз ішінде артикуляциялық ұқсастығы жоқ екі немесе одан да көп дыбыстың келуі және біреуінің өз орның ұқсастығы жоқ дыбысқа беруі. Ассимиляция сияқты диссимиляция да прогрессивті және регрессивті болады. Бұл құбылыс әдеби тілде сирек кездеседі, көбінесе диалект, қарапайым тілде және балалар тілінде кездеседі. Мысалы, К.Аханов молла деген араб сөзінің қазақ тілінде молда деп айтылуы үнді л дыбысының ұяң д дыбысына айналуы диссимиляция құбылысы дейді.

С.Мырзабеков кейбір диалектілік құбылыстарды диссимиляцияға жатқызады. Мысалы, түңлүк (түндік), айланайын (айналайын).

Орыс тілінде қарапайым сөйлеуде бомба, трамвай сөздерін бонба, транвай

деп айту кездеседі. Кейде коридорды - қолидор деп айту жиі кездеседі. Бұл регрессивті диссимиляция. Ал февральді - февраль деп айту прогрессивті диссимиляцияға жатады.

2-тақырып. Сөздің морфологиялық құрамы (Морфологический состав слова)

Жоспары:

- 1 Морфема туралы түсіні (Понятие о морфеме)
- 2 Түбір (Корень)
- 3 Жұрнақ (Суффиксы)
- 4 Жалғау (Флексия)
- 5 Сөз алды қосымша (Префикс)
- 6 Жалғаудан кейін тұратын қосымшалар (Постфикстер)

Морфема туралы түсіні (Понятие о морфеме). Қазақ тілінде де, орыс тілінде де сөздің тұлға-тұрпаты (құрылымы) оның лексикалық және грамматикалық сипаттарымен байланысты. Осы себептен сөздер морфологиялық құрылысы жағынан әрқилы болып келеді. Сол әртүрлілік сөздердің құрамдарының әр түрлі болуына байланысты да, сөздің құрамының түрлі-түрлі болуы оның бөлшектеріне байланысты. Осындай сөздің лексикалық, грамматикалық мағыналарын білдіретін бөлшектер морфемалар деп аталады. Морфемалар түбір морфема, яғни сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі, қосымша морфемалар, яғни түбірге қосылып, оған қосымша мағыналар үстейтін морфемалар деп бөлінеді.

Қазақ тілінде түбір морфема өздігінен жеке тұрып семантикалық жағынан да, қызметі жағынан да дербес сөз бола алады.

Ал орыс тілінде сөз түбірі көбінесе дербес мағына білдіре алмайды (уч -и -ть, об -уч -е -ни -е).

Қазақ тілі агглютинативті тілдер тобына жататындықтан, бірнеше қосымша бірінен соң бірі жалғана береді. Ал орыс тілі флективті тілдер тобына жатады. Флективті тіл дегеніміз - сөз тұлғаларының жапғау арқылы өзгеруі. Осыған байланысты екі тілдің грамматикалық құрылымында төмендегідей айырмашылықтар бар:

1. Қазақ тілінде аффикстер бір мағынаны ғана білдіре алады (үстел + дер + дің). Орыс тілінде аффикстер көп мағыналы, яғни бір аффикс бірнеше грамматикалық мағына білдіре алады (стол -ов, -ов жалғауы 3 мағынаны білдіреді: көпт. мағына (мн. ч.), I. с. (Р. п.), ер тегін (муж. р.)). Қазақ тілінде де кейбір қосымшалар көп мағыналы болып келеді: барайық, атамыз. Мұнда -йық- 1-жақ, көпше, мыз- 1-жақ, көпше. Бірақ бұл қазақ тілінде сирек кездесетін құбылыс.

2. Қазақ тілінде бір грамматикалық мағына бірнеше вариантты бір аффикспен ғана беріледі. Ал орыс тілінде бір грамматикалық мағынаны бірнеше жалғаумен беруге болады:

а) мәселен, стол+ы, тетрад+и, пол+я, девчат+а. Бұл сөздерде көптік мағына -ы, -и, -я, -а жалғауларымен берілген.

Қазақ тілінде көптік мағына тек -лар қосымшасы арқылы ғана (фонетикалық варианттары -лер, -тар, -тер, -дар, -дер) беріледі;

ә) стол+у, кон+ю, парт+е, географи+и. Б. с. мағынасы -у, -ю, -е, -и жалғауларымен берілген.

3. Қазақ тілінде жалғаулар дербес мағыналы түбірге жалғанады. Орыс тілінде жалғау көбінесе дербес мағынасы жоқ түбірге жалғанады (окн+о, окн+а, окн+у, т.б.).

4. Қазақ тілінде жалғаулардың түсіп қалуы деген жоқ (үстел+дер+дің). Орыс тілінде көп мағыналы жалғаулар жалғанған жағдайда, басқа жалғаулар түсіп қалады (стол+ов, -ов - көпт. мағ., I. с.; стол+а, стол+ы (- а, -ы түсіп қалған).

5. Қазақ тілінде түбір морфема өзгермейді. Ассимиляцияға байланысты түбір морфема өзгерген жағдайда да грамматикалық мағынасы өзгермейді. Орыс тілінде түбір морфема өзгерсе, грамматикалық мағына да өзгереді (избегать - избежать).

Бұл құбылыс орыс тілінде ішкі флексия немесе фузия деп аталады. Ал қазақ тілінде өзгеріске ұшырамайтын түбір морфемаға аффикстерді жалғау тіл білімінде агглютинация деп аталады.

Жоғарыда келтірілген жағдайларды төмендегідей түйіндеуге болады:

Аффиксация екі тілде де бар. Бірақ бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары бар. Бұл ең алдымен аффикстердің жалғану тәсіліне және ретіне байланысты. Мәселен, орыс тілінде жұрнақ түбірге кіріге жалғанады және оң жағынан жалғанады. Түбірдің сол жағынан сөз алды қосымшасы (приставка) қосылады. Осының салдарынан түбірдің дыбыстық құрамы айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды (выпадение, чередование звуков). Мұны былайша көрсетуге болады:



Орыс тілінде бір түбірге бір ғана жұрнақ қосылатыны содан (бір түбірге екі немесе үш жұрнақтың қосылуы сирек кездеседі). Жалпы орыс тілінде қосымшаның көп мағыналы болуы да осыдан. Ал қазақ тілінде қосымша түбірге орыс тіліндегідей кірікпейді, тіркесе жалғанады және тек оң жағынан ғана жалғанады. Тіркесе жалғанғандықтан, бір түбірге бірнеше жұрнақ және бірнеше жалғау бірінің үстіне бірі қабаттасып жалғана береді. Бұны былайша көрсетуге болады:



Мысалы: егіншілерімізді, басқармадағыларға.

Сонымен, орыс тілінің грамматикалық құрылымында айтарлықтай морфологиялық ерекшеліктер бар екендігі байқалды.

Түбір (Корень). Қазақ тілінде түбір морфеманың дербес мағынасы болады,

негізінен түбір өзгеріске ұшырамайды дедік. Кейбір дыбыстардың позициялық өзгерісі де сөз мағынасын өзгертпейді (тарақ - тарағым).

Ал орыс тілінде түбір морфеманың дербес мағынасы жоқ (улица, улочка, проулок, переулок, закоулок).

Екі тілде де сөздің негізі тек түбір морфемадан тұруы мүмкін және бұл бөлшек негізгі түбір деп аталады. Жалғау мен форма тудырушы жұрнақты алып тастаса, сөздің негізі деп аталатын бөлшек шығады. Бірақ орыс тілінде сөздің негізі мен түбір морфема айқын біліне бермейді.

Мысалы: орыс тілінде етістіктің 2 түрлі түбірі болады:

1. Тұйық етістік формасы.

2. Осы шақтың түбір формасы.

Мысалы: бра - ть, бра - л, бра - вш - ий, вы - бра - нн - ый; бер-у, бер - ешь, бер - ет, бер - и, бер - ите, бер -ущ-ий, бер-я.

Ал кейде негізгі түбір мен түбір морфема бір болады: нес - ти, нес-у.

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де түбір морфема мен сөз тудырушы қосымша морфемадан тұратын сөздің негізі туынды түбір деп аталады.

Орыс тілінде кейде туынды түбірдің құрылымы күрделі болады (да+ть, да+ва+ть, по+да+ва+ть, пре+по+да+ва+ть, пре+по+да+ва+тель, пре+по+да+ва+тель+ск+ая).

Жұрнақ (Суффиксы). Салыстырып отырған тілдерде туынды түбірдің құрамына түбірден басқа сөз тудырушы аффикстер кіреді. Екі тілде де негізгі сөз тудырушы аффикстерге жұрнақтар жатады (сез+гіш, сез+ік; дуб-ок, дуб+ин+а, дуб+ов+ый).

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де өнімді, өнімсіз жұрнақтар болады. Жаңа сөз тудырушы жұрнақтар өнімді жұрнақтар деп аталады.

Мысалы:

ость (грандиозна+ость, многотрудн+ость);

ец (бор+ец, продав+ец);

шы/ші (қолхоз+шы, қой+шы);

лас/лес; дас/дес; тас/тес (ел+дес, ат+тас);

Жаңа сөз жасау барысында сирек қолданылатын жұрнақтар өнімсіз жұрнақтар деп аталады:

ырь (пуст+ырь);

нь (руга+нь);

ім (біл+ім);

ын (жау+ын).

Екі тілдегі жұрнақтарды былай топтастыруға болады: 1. Аталған тілдерде жұрнақтар сөз тудырушы және форма тудырушы қызмет атқарады. Мысалы: ауыл+дық, аул - аульный.

Мағынасына қарай жұрнақтардың бір тобы бір ғана мағынаны білдіріп, тар мағыналы болып келеді, ал енді бір тобы көп мағыналы болады, яғни екі тілде де моносемантикалық және полисемантикалық жұрнақтар бар:

а) су-лы — водян-ист-ый; май-лы - маслян-ист-ый; ә) дос-тық, жақсы-лық, орын-дық, үш-тік, аудан-дық; уче-ник, чай-ник.

Екі тілде де контекске байланысты қолданылатын функционалды

жұрнақтар бар. Бірақ олар лексема ретінде дербес қолданылмайды. Мысалы: бір қайнат-ым шай, таяқ тастам жер, молот-кас-тыи, сер-пас-тый.

Екі тілде де синонимдік, омонимдік мағынада қолданылатын жұрнақтар бар. Мысалы:

а) үш-інші; төрт-інші; ананас-н-ый, ананас-ов-ый, грав-ер, гравиров-щик.

ә) Малды қолхоз бай. - Жартасқа бардым. Дом-ин-о, изюм-ин-а, кон-ин-а.

Қазақ тіліне антонимдік мағынадағы жұрнақтар тән. Мысалы: белгі-лі - белгі-сіз; орын-ды - орын-сыз.

Жалғау (Флексия). Қазақ, орыс тілдеріндегі флексияға байланысты айырмашылықтар төмендегідей:

Орыс тілінде бір жалғау бірнеше мағына білдіре алады (слово - слова - слов - жекеше тұлға (ед. ч.), ортақ тек (ср. р.) (о); жекеше тұлға (ед. ч.), ортақ тек (ср. р.)» 1. с. (Р. п.) (а); I с., көпт. тұлға (мн. ч.), I. с. (Р. п.), нөлд. жалғау.

Орыс тілінде бір мағынаны білдіретін жалғаудың бірнеше түрі болады (көпт. жалғау: слов-а, книг-и, стол-ы).

1. Орыс тілінде кейде кейбір жалғаулар сөз тудырумен қатар форма тудырушы да қызмет атқарады (супруг - супруг+а, Валентин - Валентин+а).

2. Грамматикалық мағынасы мен қызметіне қарай екі тілде де жалғаулар бірнеше топқа бөлінеді:

а) көптік жалғаулары. Орыс тілінде септік жалғаулары септік мағынамен қатар жекеше, көпше мағынаны да білдіреді: села, города - сел, городов;

ә) орыс тілінде жақ мағынасы мен жекеше, көпше *мағына* етістіктің жіктелетін тұлғаларының жалғаулары арқылы беріледі (сид-у, сид-им, сидишь, сид-ите, сид-ит, сид-ят)\

б) тәуелдік жалғау (орыс тілінде жоқ);

в) септік жалғау екі тілде де бар.

Орыс тілінде барлық есім сөз таптарына септік жалғауы жалғанады. Қазақ тілінде де есім сөздер септік жалғауларын қабылдайды.

Орыс тілінде әр септік жалғауы бірнеше мағына білдіреді (тек (род), жекеше (ед. ч.), көпше (мн. ч.), септік (мағына).

г) жіктік жалғау.

Орыс тілінде есім сөз таптары жіктелмейді. Тек етістіктер ғана жіктеледі. Қазақ тілінде етістіктермен қатар кейбір зат есім сөздер де баяндауыштың қызметін атқарады.

Сөз алды қосымша (Префикс). Орыс тілінде сөз тудырушы, форма тудырушы қосымша морфемалардың бірі ретінде сөз алды қосымша (префикстер) аталады. Префикс дегеніміз - түбірдің алдында тұратын сөз тудырушы, форма тудырушы морфема. Мысалы: *по-иск*, *вы-ход*; *делать - сделать*, т.б. Орыс тілінде сөз алды қосымшалар (префикстер) кейде сөздің грамматикалық, лексикалық мағынасын да өзгертеді. Мысалы: *на-писал*, *переписал*, т.б.

Ал қазақ тілінде сөз алды қосымшасы жоқ, тек кірме сөздерде *-на*, *-би*, *-бей* сөзалды қосымшалары кездеседі және олар тек болымсыздық мағынаны білдіреді: *беймаза*, *бейшара*, *бейтарап*, *нахақ*, *наразы*, т.б.

Жалғаудан кейін тұратын қосымшалар (Постфикстер). Д. Тұрсынов,

Б. Хасанов, К. Бейсембаева, т.б. ғалымдар орыс тілінде сөз тудырушы морфема ретінде тек сөзалды қосымшалар мен жұрнақтарды атаса, С. Исаев, Г.Нуркина қосымша сөз тудырушы морфемалар құрамына аффиксоидтерді, постфикстер мен интерфикстерді де енгізеді.

Постфикс - жалғаудан кейін тұратын, сөз тудырушы және грамматикалық мағынасы бар қосымша морфема (*-ся, -те, -нибудь, -таки, -ка, -либо*). Мысалы, постфикстер белгісіздік есімдіктер жасайды (*кто-нибудь, кто-то, какой-нибудь, кто-либо* т.б.).

Сонымен қатар постфикстер сөздің формасын да тудырады (*пойдем-те, напиши-те; мыть - мыть-ся, держать - держать-ся* т.б.).

Қазақ тілінде ауылдағы,- үйдегі дегендерде *-да, -де* - Жатыс септіктің жапғауы. Ал *-ғы, -гі* - зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ (*қыс+қы, жаз+ғы*). Осыны постфикс деуге болатын сияқты.

Аффиксоидтер және интерфикстер. Орыс тілінде сөз тудыру функциясын атқаратын аффикстер мен түбір морфемадан ерекшеленетін, түбірден кейін де, түбірдің алдында да тұратын аффиксоид деп аталатын сөз бөлшектері бар, оған *-пол, -горе, -стан* сияқты элементтер жатады. Мысалы: *Казах-стан, горе-учитель, полу-мера, полу-сирота, полусырой* т.б.

Интерфикс деп күрделі, біріккен сөздерді қосып тұратын дауысты дыбыстар аталады. Интерфикстер *о, е, и, е* формаларында біріккен сөздерде кездеседі: *семилетка, трехкратный, водопад, сталевар*, т.б. Кейбір тілші-ғалымдар (И. Моисеев, т.б.) интерфикске *-ан, -итан* сияқты сирек кездесетін сөз бөлшектерін де жатқызады. Мысалы: *американский, неаголитанский* т.б.

Тағы бір топ ғалымдар сөз тудырушы аффикстерге нөлдік аффикстерді де жатқызады. Нөлдік қосымша деп ешқандай дыбыспен белгіленбейтін бөлшекті атайды (0). Мысалы: *нет ламп - көпт. форма, Ілік септік, 0*.

Қазақ тілінде де грамматикалық 0 форма кездеседі. Мысалы: *ол студент, кеше келген* т.б.

3-тақырып. Сөзжасам (Словообразование)

Жоспар:

- 1 Сөзжасам туралы түсінік
- 2 Синтетикалық тәсіл (Синтетический способ)
- 3 Қосымшасыз тәсіл (Безаффиксный способ)
- 4 Аналитикалық тәсіл (Аналитический способ).
- 5 Лексика-семантикалық тәсіл (Лексико-семантический способ).

Сөзжасам туралы түсінік. Сөзжасам тілдегі сөз жасау процесімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейді. Тілдің сөзжасам жүйесінің күрделенуі, баюы, толығыуы көбіне сөзжасаушы жұрнақтардың мағыналық құрамының кеңеюі арқылы болады. Сөзжасам дербес тілдік үрдіс ретінде сөз құрамының толығыуына, баюына әсер етіп, жаңа лексикалық бөлшектер тудырады. Жаңа сөз әр түрлі әдіс- тәсілдер арқылы жасалады. «Сөз тудыру дегеніміз - жаңадан сөз жасау заңдары мен

ережелерінің жинағы» - дейді А. Ысқақов. Қазақ тілінде негізінен дәстүрге айналған 3 түрлі тәсіл белгілі.

1. Синтетикалық (морфологиялық).
2. Аналитикалық (синтаксистік).
3. Лексико-семантикалық.

Ал С.Исаев пен Г.Нуркина бұл тәсілдерге қоса аралас, лексико-морфологиялық, морфолого-синтаксистік, лексико-синтаксистік тәсілдерді қоса атайды.

Орыс тілінде негізгі сөз жасау тәсілдері төмендегідей:

1. Лексико-семантикалық.
2. Лексико-синтаксистік.
3. Морфологиялық.
4. Морфолого-синтаксистік.

Сонымен, екі тілдегі сөз жасау тәсілдерінде айтарлықтай ерекшелік жоқ.

Бірақ сөз жасау қосымшаларында айырмашылықтар бар. Осыған байланысты әр тілдің сөз жасау тәсілдерін салыстырып қарастырған жөн.

Синтетикалық тәсіл (Синтетический способ). Екі тілде де бұл ең өнімді тәсіл. Синтетикалық тәсілдің ерекшелігі - сөз тудырушы морфемалар қосылып, жаңа мағыналы сөз тудырады, сөз тудырушы морфемалардың ең кең тараған түрі - жұрнақ.

Сөзтудырушы жұрнақтар форма тудырушы жұрнақтардан семантикалық қасиетімен ғана емес, грамматикалық қасиетімен де ерекшеленеді.

В.А. Белошапкова орыс тілінде сөзжасамның мына екі негізгі тәсілін атайды:

1. Жұрнақ арқылы жасалу (Аффиксальный способ).
2. Жұрнақсыз жасалу (Безаффиксный способ).

Қосымша морфема арқылы сөз жасау тәсілі (Аффиксальный способ) іштей төмендегідей бөлінеді:

1. Жұрнақ арқылы сөз жасау (Суффиксальный способ). Бұл тәсіл арқылы барлық сөз таптары жасалады.

1. -О, -е дауыстылары арқылы түбірдің бірігуі мен жұрнақтың қосылуы арқылы сөз жасау (Сложносуффиксальный способ): канатоходец, землепроходец, т.б.

2. Сөз алды қосымша арқылы сөз жасау (префиксальный способ): при+город, контра+атака, т.б.

3. Сөз алды қосымша мен жұрнақ арқылы сөз жасау (префиксально-суффиксальный). Бұл тәсілдің өзі іштей екіге бөлінеді.

а) Шылау (предлог) тіркескен зат есімге сөзалды қосымша (приставка) мен жұрнақтың қосылуы арқылы: без денег - безденежн+ый, под окном - подокон+ник, т.б.

ә) Кез келген сөз табының түбіріне сөзалды қосымша (приставка) мен жұрнақтың қосылуы арқылы: сокурник, переносица т.б.

1. Нөлдік жұрнақ (нулевая суффиксация) тәсілі тек қана етістік пен сын есімнен зат есімдер жасауда қолданылады: приход, синь, гниль, заяка т.б.

Сөзалды қосымша мен нөлдік жұрнақ арқылы (префиксация в сочетании с

нулевой суффиксацией): седой - проседь, синий - просынь т.б.

2. -0, -е дауыстылары арқылы түбірдің бірігуі мен нөлдік жұрнақ арқылы (сложение в сочетании с нулевой суффиксацией): зубоскал, белозубый, блюдолиз т.б.

Қосымшасыз тәсіл (Безаффиксный способ). В.А.Белошапкина қосымшасыз тәсілдің 4 түрін атайды:

1. Түбірдің бірігуі (чистое сложение). Бұл тәсіл мынадай компоненттер арқылы жасалады:

а) екі түбірдің интерфикс арқылы бірігуі: лесостепь, морозоустойчив;

ә) интерфикссіз: вагон-ресторан, диван-кровать;

Түбірдің бірігуі (сращение). Сөз тіркестерінің бірігуі арқылы жасалады: быстро растворимый - быстрорастворимый, играющий долго - долгоиграющий.

2. Қысқару (аббревиация). Тек зат есімдерден жасалады. Аббревиатуралар жасалу жолдарына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

а) бас әріптерден тұратындар: ТМД, ЮНЕСКО;

ә) буындардан тұратындар: колхоз, сельхоз;

б) бірінші сөздің бөлшегі мен келесі сөздің түбірінен тұратындар: детсад, подлодка;

в) бірінші сөздің бастапқы дыбысы мен келесі сөздің бастапқы буынынан тұратындар: ИМЛИ - институт мировой литературы;

г) бірінші сөздің бас буыны мен келесі сөздің ақырғы буынынан тұратындар: ра/дио, стан/ция, рация, мо/то велоси/пед - мопед).

Бұл тәсіл орыс тіліне батыс еуропа тілдерінің ықпалымен қазан төңкерісінен кейін енген.

Усечение - аббревиация тәсілінің ықпалымен пайда болған тәсіл. Ауызекі тілге тән: заместитель - зам, магнитофон - маг.

Жоғарыда аталған тәсілге қазақ тілінде аналитикалық тәсіл сәйкес келеді.

Аналитикалық тәсіл (Аналитический способ). Аналитикалық тәсілдің төмендегідей ішкі түрлері бар:

1 Сөзқосым.

2 Қосарлану.

3 Тіркестіру.

4 Қысқарту.

Сөзқосым тәсілі арқылы қазақ тілінде екі не одан да көп түбір сөздер біртұтас дыбыстық құрамға қосылып, бір лексикалық мағына беріп, бір ұғымды білдіріп, бір лексикалық единица жасайды: баспасөз, көлбақа.

Қазақ тілінде орыс тіліндегідей сөз бен сөзді байланыстырушы элементтер жоқ, күрделі сөздердің компоненттері бірімен-бірі бірігіп, қосылып кетеді. Күрделі сөздердің компоненттері фонетикалық өзгерістерге ұшырап, кейде формалары өзгеріп, соған сәйкес лексикалық мағынасы да өзгеруі мүмкін: бел+беу (бел -бау).

Қайталама қос сөздердің жасалу тәсілі қазақ тілінде жиі кездеседі, орыс тілінде де бұл тәсіл кездеседі, бірақ сирек. Қайталама қос сөздер антонимдік түсінік білдіреді. Мысалы: жақсы - жаман, ерте - кеш, алыс - жақын, кәрі-жас т.б.

Қазақ тілінде қосарлама қос сөздер бар. Олар қайталама қос сөздерден мағыналарымен, жасалу тәсілімен ерекшеленеді (аяқ-табан, жүріс-тұрыс - (житье - бытھے, посуда).

Орыс тілінің әсерімен қазақ тілінде де сөз қысқарту тәсілі қалыптасып келеді (АҚШ, ҚазМУ).

Қазақ тілінде аналитикалық тәсілдің тіркесу түрінің әр сөз табының сөзжасам жүйесінен алатын орны әр түрлі. Бұл тәсіл сан есім сөзжасамында негізгі тәсіл болып саналады.

Лексика-семантикалық тәсіл (Лексико-семантический способ). Лексика-семантикалық тәсіл дегеніміз - белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, омонимдік қатарда келуі. Сондай-ақ, прономинализация құбылысы арқылы, яғни сөздердің бір сөз табынан басқа сөз табына ауысуы арқылы жаңа сөздің пайда болуы, кейбір сөздердің өз мәнін жоғалтып, не болмаса мағынасы әлсіреп басқа сөз табына ауысуы жиі кездеседі.

Бұған кірме сөздер де жатады: рентген, меценат.

Бұл тәсілдің барын алғаш рет В. Виноградов атап көрсеткен, бірақ орыс тілінде бұл тәсіл басқа тәсілдерге қарағанда сирек қолданылады.

Лексика-семантикалық тәсілді кейбір ғалымдар (Б. Оразбаева, Ф. Ғаниев, т.б.) өте көне тәсіл деп санайды.

Ал енді бір ғалымдар (Ғ. Сәдуақасов, т.б.) бұл жолды сөзжасамға тән тәсіл деп есептемейді. Олардың пікірінше, сөзжасамда жаңа сөздер аффиксация жолымен ғана жасалады.

М.Балақаев, Қ.Есенов, т.б. ғалымдар лексика-семантикалық тәсіл, көбінесе, омонимдік қатарда кездесетін сөздер арқылы жасалады дейді.

С.Исаев пен Г. Нуркинаның пікірінше, бұл тәсіл қазақ тілінде кеңінен қолданылады: стол - үстел, кровать - кереует, ақ - белый, ақ - молочный продукт т.б.

4-тақырып. Морфология. Сын есім. (Морфология. Имя прилагательное)

Жоспары:

- 1 Грамматикалық мағына және грамматикалық форма
(Грамматическое значение и грамматическая форма)
- 2 Сын есім (Имя прилагательное)
- 3 Шырай формасы (Степени сравнения)
- 4 Сын есімнің септелуі (Склонение имен прилагательных)
- 5 Сын есімдердің сөйлемдегі қызметі (Синтаксические функции имен прилагательных).
- 6 Сын есімдердегі екпін (Ударение имен прилагательных)
- 7 Сын есімдердің жасалу жолдары (Способы образования имен прилагательных)

Грамматикалық мағына және грамматикалық форма (Грамматическое значение и грамматическая форма). Морфология - гректің *morphe* (форма) деген сөзінен алынған термин. Ол тілдегі сөздердің құрылымын, сөз компоненттерін, олардың қызметін, сөздердің өзгеру ерекшеліктері мен өзгеру жолдарын, сөз формаларының жасалу және берілу тәсілдерін, сөз мағынасы мен формасының ара қатынасын, сөздің грамматикалық мағыналарын зерттейді. Морфологияның негізгі объектісі - морфтар немесе морфемалар.

О.С. Ахманова морфологияны тілдің сөз түрлендіру (өзгерту) тәсілдерін зерттейтін (морфология словоизменения), сөзжасам жолдарын зерттейтін (морфология словообразования), сондай-ақ, сөздердің тіркесу амалдарын зерттейтін (морфология словосочетания) деп үш түрге бөледі.

Морфология сөз түбірі, сөз негізі, туынды түбір, аффикс және оның түрлері, олардың мағыналары мен қызметі, негізгі көрсеткіштері (формалары) деген сияқты толып жатқан грамматикалық категорияларды қарастырады.

Тілдегі сөздерді грамматикалық мағыналарына, формаларына және қызметтеріне қарай бөліп топтастыру да, әр сөз табына тән категорияларды анықтау да - морфологияның міндеті.

Әрбір сөздің өзіне тән нақтылы лексикалық мағынасы мен жалпы грамматикалық мағынасы болады.

Сөздің лексикалық мағынасын айқындай түсетін немесе сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде туатын жалпы мағынасы грамматикалық мағына деп аталады. Екі тілде де сөздің грамматикалық мағынасы сөз формалары арқылы анықталады. Сөздің грамматикалық мағынасы түрлі амал-тәсілдер арқылы жасалады.

1. -ик, -к кірме жұрнағы арқылы. Мысалы: *техник, физик, академик*, т.б. Бұл жұрнақ арқылы жасалған зат есімдердің кейбіреулері ғана әйел тегінде (женский род) қолданылады. Мысалы: *химичка, техничка*, т.б.

2. -ак-як, -анин-янин -чанин, -ин, -ач, -арь, -енок, -чонок, -ыш, -еныш, -ич, -ович өнімсіз жұрнақтары. Мысалы: *парижанин, бедняк* т.б. Әйел (женский род) зат есім **-ка** жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы: **москвичка, беднячка** т.б.

3. -ок жұрнағы арқылы: *ходок, стрелок* т.б.

4. -ач, -яч, -ак, -як, яч жұрнақтары арқылы: *ткач, рыбак*, т.б. Әйел тегінде (женский род) **-ка, -иха** жұрнақтары қосылады. Мысалы: *ткачиха, рыбачка*, т.б.

5. -енок, -чонок жұрнақтары арқылы. Мысалы: **ребенок, мальчонок**, т.б.

Жан-жануарлар атауларын білдіретін зат есімдер жасайтын жұрнақтар:

1. **-ица, -иха**. Мысалы:

кураца, медведица, зайчиха.

2. -ок, -ек, -ик, -чик, -ак, -як, -ец. Мысалы: *хорек, гусак, хомяк* т.б. Бұл жұрнақтар арқылы жасалған зат әйел (женский род) **-ын** формасы көбінесе кездеспейді бірақ, *гусыня* деген зат есім формасын есте сақтаған жөн.

Сын есім. (Имя прилагательное). Екі тілде де заттың сапасын, сипатын, қасиетін, салмағын, көлемін, түсін және басқа да сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табы сын есім деп аталады.

Қазақ тілінде сын есім зат есімге тіркесіп, негізгі қызметін атқарғанда ешқандай өзгеріске ұшырамайды: анықталатын зат есім көптік, септік, тәуелдік формаларының қайсысында қолданылса да, оны анықтайтын сын есім зат есімнің түлғасына үйлеспейді де, киыспайды да.

Сын есім өз семантикалық ерекшеліктеріне қарай затты сыр-сипат жағынан анықтайды, бірақ ол анықтауыш қызметін атқарып тұрғанда еш уақытта да тәуелденбейді, көптелмейді және септелмейді. Мысалы: *тас үй - тас үйлер, тас үйлерге.*

Ал орыс тілінде сын есім анықталатын зат есім мен бірдей өзгеріске ұшырайды, яғни көптеледі, септеледі тек (род) категориясы бойынша өзгереді. Мысалы: *каменный дом – каменные дома, каменным домам; большая комната, т.б.*

Қазақ тілінде зат есімге тән көптік, тәуелдік, септік жалғаулары зат есімнің де, сын есімнің де қызметтерін бірдей атқаратын синкретикалық омоним сөздерге қажетінде жыл ғана берумен қатар, белгілі бір контексте қолданылу ыңғайына қарай субстантивтенетін сын есімдерге жалғана береді. Мысалы: *үлкенге үлкенше, кішіге кішіше қызмет ет.*

Сын есім мен зат есімнің тіркесі қазақ тіліне изафет тіркесі беріледі. Мысалы: *морская вода – теңіз суы.*

Қазақ тілінде сын есім зат есімнен тіркескен жағдайда үнемі зат есімнің алдында тұрады. Мысалы: *әдемі гүл.*

Орыс тілінде сын есім зат есіммен кейін де, алдында да тұра береді. Мысалы: *доска ровная, ровная доска.*

Екі тілде де сын есім семантикалық мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сапалық және қатыстық сын есім деп екі топқа топтастырады.

Сапалық сын есімдер дегеніміз мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр сипатын, яғни түрі мен түсін, сыры мен сапасын, көлемі мен аумағын, дәмі мен иісін білдіретін және заттың басқа да қасиет-белгілерін білдіретін сөздер.

Сапалық сын есімдер ешбір қосымша формалар жалғанбаған түбір сөздер деген пікір қалыптасқан. Бірақ А.Ысқақов кейбір түбір сөз деп қарастырып келген сын есімдер тарихи даму тұрғасынан қарағанда тиісті қосымшалар арқылы не басқа тәсілдер бойынша жасалған туынды сөздер болып келеді дейді. Мысал ретінде мына түбірлес сөздерді келтіреді: *ұзын – ұзақ, үлкен – үлкейген, ащы – ашыған, момын – момақан.*

Орыс тілінде сын есімдердің өздеріне тән, оларды басқа сөз таптарынан ерекшелейтін формалары бар. Мысалы: *большой, хороший, лучший, тяжелый* т.б.

Екі тілде де сапалық сын есімдерге шырай формалары тән. Мысалы: әдемі - әдемілеу - өте әдемі; красивый - красивее - очень красивый т.б.

Орыс тілінде сапалық сын есімдердің толық (полная) және ықшамдалған (краткая) тұлғалары бар, ал қазақ тіліндегі сапалық сын есімдерге ықшамдалған тұлға тән емес. Орыс тіліндегі сапалық сын есімдердің толық тұлғасына **-ый, -ой, -ий, -ая, -яя, -ое, -ее** жалғаулары жалғанып, көптеледі, септеледі, тек категориясы бойынша өзгереді. Ал ықшамдалған тұлға септелмейді, бірақ көптеледі тек категориясы бойынша өзгереді, ал ер тегінде (мужской род) жалғау жалғанбайды. Сын есімнің бұл түрі сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: *белый, -ая, -ое, -ые* және *бел, бела, бело, белы, т.б. Он был очень красив. Она была мила.*

Сапалық сын ықшамдалған тұлғасы былайша жасалады:

а) толық тұлғаға тек категориясы жалғануы арқылы. Мысалы: полный - полна, полно, т.б.;

ә) кейде о - е дауыстыларының морфема жігінде алмасуы арқылы. Мысалы: близкий - близок, бойкий – боек т.б.

Сөздің түбірі **к** дауыссызына аяқталып, ақырғы дауыссыздың алдында щипящий немесе жіңішке дауыссыз тұрса, **-н** жұрнағының алдында **-е** дауыстысы келеді. Мысалы: сильный - силен, больной — болен т.б.

Ал острый - остер, светлый - светел, хитрый - хитер деген сын есімдерден басқа басқа **р, л** дауыссыздарына аяқталатын сөздерде **о - е** дауыстыларының алмасуы кездеспейді. Мысалы: добрый — добр, круглый кругл, т.б.

Орыс тіліндегі сын есімдердің ықшамдалған тұлға жоқ. Ондай сын есімдерге мыналар жатады:

а) **ск, -ов, -н** жұрнақтарынан тұратын **-л** жұрнағы арқылы жасалған сын есімдер: *дохлый* т.б.;

ә) жан-жануарлардың түр-түсін білдіретін сын есімдер: *буланный, вороной* т.б.;

б) күшейтпелі мағынаны үстейтін **пре-, раз-** сөзалды қосымшалары (приставкалар) арқылы жасалған сын есімдер *предобрый, пребольшой*, т.б.

Сын есімдердің толық тұлғасы мен ықшамдалған тұлғасының лексикалық мағынасы кейде бір-біріне сәйкес келмейді. Мысалы: *видный* — *виден, вольны*— *волен*, т.б.

Қатыстық сын есімдер деп бір заттын белгісін басқа бір заттың немесе іс-амалдың қатысы арқылы білдіретін сөздерді атаймыз. Екі тілде де қатыстық сын есімдер тиісті жұрнақтар арқылы басқа есімдер мен етістіктерден жасалады, яғни қатыстық сын есімдер туынды сын есімдер тобына жатады, Мысалы: *сулы жер - водная местность, облыстық әкімшілік — областной акимат*, т.б.

Бірақ қазақ тілінде кейбір қатыстық сын есімдер қосымшасыз, зат есім арқылы беріледі. Мысалы: *темір қасық — железная ложка, ағаш үй — деревянный дом* т.б. Бұлар тектік сын есімдер деп аталады. Өйткені олар заттың тегін (неден жасалғанын) білдіреді.

Орыс тілінде кейбір қатыстық сын есімдер сапалық мағынаны да білдіре алады. Мысалы: *золотое кольцо - золотая поря - золотое сердце* т.б.

Қазақ тілінде де осындай құбылысты байқауға болады. Мысалы: *темірдей қатты ағаш — темір кереует, алтын сырға — алтын адам* т.б.

Сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдердің тағы мынадай ерекшеліктері бар екенін айта кеткен жөн:

а) сапалық сын есімдер антонимдік жұп құрай алады (жақсы - жаман, үлкен – кіші, хороший - плохой, большой - маленький), қатыстық сын есімдерде бұндай қасиет жоқ;

ә) сапалық сын есімдер заттың сапасының, сынының әр түрлі реңін білдіре алады, яғни шырай жасай алады (әдемі — әдемілеу - өте әдемі, красивый — красивее- очень красивый).

Орыс тілінде қатыстық сын есімдердің меншіктік мағына білдіретін *притяжательные* деп аталатын түрі бар. Бұл сын есімдер меншіктілік мағына білдіреді, сондықтан қазақ тіліне жалғаулы зат есім, изафет арқылы беріледі. Мысалы: *мамино платье - шешемнің көйлегі, студенческие вечеринки — студенттердің кеіштері* т.б.

Меншіктік мағына білдіретін сын есімдер (притяжательные прилагательные) орыс тілінде зат есімдерден **-ов-ев, -ин-нин, -ий-ья-ье** жұрнақтары арқылы жасалады. **-Ин-нин, -ов-ев** жұрнақтары арқылы жасалатын меншіктілік сын есімдер үнемі ықшамдалған тұлғада тұрады. Мысалы: *мамин брат, дядина машина* т.б.

Егер бұл сын есімдерді толық тұлғада қолдансақ, меншіктілік мағынасын жоғалтады. Мысалы: *орлиный нос, слоновая кость*, т.б.

-Ий, -ья, -ье жұрнақтары арқылы жасалған сын есімдерге жақын мағынаны білдіреді. Мысалы: *бараний жир, лисий хвост*, т.б. Бұл мағына қазақ изафет арқылы беріледі: құс тұмсық, қой майы, түлкінің құйрығы, піл сүйегі.

Шырай формасы (Степени сравнения). Қазақ тілінде де, орыс тілінде де сын есімдерге шырай формасы тән дедік. Бірақ шырай формасына байланысты айырмашылықтар да баршылық.

Қазақ тілінде кейбір мағынасына қарай және топтау барысында бір топқа жататын сан есімдердің кейбіреулерінің шырай формасы бар, ал кейбіреулерінде жоқ. Мысалы: саңырау — саңыраулау, қисық— қисықтау, ал соқыр, бойдақ деген сын есімнің шырай формасы жоқ.

Салыстырып отырған шырайдың үш түрі де кездеседі:

а) жай шырай
(положительная степень);

ә)салыстырмалы шырай (сравнительная степень);

б) күшейтпелі шырай (превосходная степень);

Заттың белгісін, түсін, сапасын, салмағын, аумағын, көлемін тағы басқа сондай негізгі сипаттарын білдіретін сапалық сын есім жай шырай (положительная степень) деп аталады. Жай шырай формасы шырайлардың басқа түрлерін мағына жағынан да, форма жағынан да салыстыратын форма болып саналады. Мысалы: *жылы үй (теплый дом), әсем сурет (прекрасный портрет)*, т.б.

Салыстырмалы шырай (сравнительная степень) бір заттың сынын екінші заттың сынына салыстырып, сол салыстырылатын белгілерінен бір-бірінен не

кем, не артық екенін білдіреді. Салыстырмалы шырай тұлғасы, жұрнақтар арқылы жасалады.

Қазақ салыстырмалы шырай тудыратын жұрнақтар төмендегідей:

а) **-рақ-рек;** **-ырақ-ірек:**

көгірек, жасылырақ т.б.;

ә) **-лау-леу;** **-дау-деу;** **-тау-теу:** *үлкендеу* (бірақ үлкенірек, үлкенгіл емес), *қаттылау* (қаткыл, сонда «қыл» мен «лау» синонимдес болып шығады);

б) **-қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -тым, -шыл, -шіл, -қай, -ай, -ғыш:** *дымқыл, көкшіл, сарғыш, т.б.* Мынадай тұлға да кездеседі *қызғылтым, ащылтым.*

в) **-оват, -еват** жұрнақтары арқылы: *желтоватый, синеватый* т.б

Салыстырмалы шырайдың жасалу барысында мынадай да ерекшеліктер байқалады:

1. Салыстырмалы шырай басқа түбірден жасалады. Мысалы: *хороший -- лучше, маленький — меньше*, т.б. Бұл кұбылыс супплетивизм деп аталады.

2. Бір сын есімнен екі тәсіл арқылы салыстырмалы шырай жасауға болады. Мысалы: *поздний - позднее, позже, далекий - далее, дальше.* Бұны ерекшелік деп атауға болмайтын сияқты, өйткені қазақ тілінде де екі тәсіл арқылы бір сын есімнен салыстырмалы шырай жасалады. Мысалы: *көктеу — көгірек, қаттылау- қаттырақ* т.б.

3. **-ш, -ий** жұрнақтары арқылы жасалған кейбір сын есімдер мағына білдіреді. Мысалы: *лучший* - салыстырмалы мағынаны да, күшейтпелі мағынаны да білдіреді

Орыс тілінде салыстырмалы шырайдың күрделі формасы да бар. Олар сапалық сын есімдердің *более, менее* сөздерімен тіркесу арқылы жасалады. Мысалы: *более твердый, менее жесткий* т.б.

Екі тілде де сын есімнің күшейтпелі шырай (превосходная степень) категориясы бар. Заттың бастапқы сындық күшейте түсетін, асыра көтеретін не асыра сын есімнің формасын күшейтпелі шырай (превосходная степень) дейміз. Қазақ тілінде бұл шырай негізгі сын есімдерге күшейткіш буынды қабаттастыру арқылы жасалады. Мысалы: *жап-жасыл, жұп-жұмсақ*, т.б.

Күшейтпелі шырай формасын жасайтын тағы бір тәсіл — сын есімдер мен *аса, өте, тым, нағыз, нақ, ең, орасан, зор, керемет* сияқты сөздерің тіркесуі. Мысалы: *ең құрметті, орасан, зор, аса, үлкен*, т.б.

Орыс тілінде күшейтпелі шырайдың (превосходная степень) жай және күрделі тұлғасы болады. Күшейтпелі шырайдың жай тұлғасы мынадай жолдар арқылы жасалады:

1. **-ейш-айш** жұрнақтары арқылы: *красивейший, тончайший* т.б. Бұл жерде **г, к, з, х** дауыссыздарына аяқталатын сын есімдердің түбірінде **г-ж, к-ч, з-ж, х-ш** сияқты дыбыстардың алмасуы бар: *тихо - тишайший, близкий - ближайший* т.б. Осы жұрнақтар **най-** сөзалды қосымшасымен (приставка) бірге де күшейтпелі мағына білдіреді: *наиближайший, наисложнейший* т.б.

2. **-ш** жұрнағы салыстырмалы шырай формасымен бірге күшейтпелі шырай тұлғасын да жасайды. Мысалы: *низший, высший* т.б.

Күшейтпелі шырайдың күрделі тұлғасы сын есімдер мен самый үстеулер арқылы жасалады: *самый большой, самый маленький* т.б.

Слишком, крайне, чрезвычайно, в высшей степени сияқты үстеулер арқылы да тұлға жасалады: *слишком красивый, крайне неприятный* т.б.

Екі тілде де сын есім субстантивтеледі. Кейбір сын есімдер кез келген контексте зат есімнің қызметін атқарады, яғни олар толық субстантивтенген сын есімнің қызметін мүлде атқармайды. Мысалы: *вселенная, гостиная, портной, жаркое, приданое, мороженое, столовая, рабочий, шешен, шебер*, т.б.

Сын есімнің субстантивтенуі негізінен контекске байланысты болады. Мысалы: *Үлкенді сыйлау керек. Старших надо уважать*,

Қазақ тілінде субстантивтенген сын есімдер сияқты көптеледі, септеледі, тәуелденеді. Мысалы: *қызылдар келді, карамен ойнадым* т.б.

Орыс тілінде субстантивтенген сын есімдерге септік категориясы түрлі лексикалық мағына білдіреді. Мысалы: *пожертвовал самым дорогим. Не хочешь ли сладенького?*

Екі тілде де субстантивтенген сын есімдер сөйлемде сөйлем мүшесі бола алады. Мысалы: *Үлкенді сыйлау керек. Старших нужно уважать*

Субстантивтенген сын есімдердің мағыналары екі тілде бірдей:

а) адамның денсаулығына, кемшілігіне байланысты болған сын есімдер: *соқыр - слепой, ақсақ - хромой, керең — глухой, мас - пьяный, ауру - больной* т.б.

ә) адамның мінезі мен сыртқы пішінің суреттейтін сын есімдер: *жас – молодой, ақылсыз – глупый, батыл - смелый* т.б.

б) адамның жағдайын, шығу тегін, атағын сипатайтын сын есімдер: *жалғыз – одинокий, жұмыссыз – безработный*, т.б.

в) мамандық пен қызмет атауларын білдіретін сын есімдер: *тігінші - портной, қызметші әйел - горничная* т.б.

г) жылқының түр-түсін сын есімдер: *шұбар — чубарый, құла сұр — буланый, құла — саврасый* т.б.

Бұлардың басқа орыс тілінде мекендік мағына білдіретін сын есімдер де субстантивтенеді: *детская, учительская, операционная, булочная* т.б.

Бұндай сын есімдер қазақ тіліне тәуелдік жалғаулы зат есім мен анықтауыш сөздің тіркесі арқылы беріледі. Мысалы: *детская - балалар бөлмесі, учительская - мұғалімдер бөлмесі, приемная - қабылдау бөлмесі, читальня - оқу залы, булочная - нан дүкені, молочная - сүт сататын орын*, т.б.

Орыс тілінде аралық тектегі (средний род) сын есімдер субстантивтенген жағдайда зат есімнің мағынасын білдіреді. Мысалы: *Сейте разумное, доброе, вечное. Из малого создается великое, прекрасное* т.б.

Екі тілде де субстантивтенген сын есімдер тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді құрамына енеді. Мысалы: *Сыпайы сырын жасырмас. - Пойти на мировую, задеть за живое* т.б.

Сын есімнің септелуі (Склонение имен прилагательных). Қазақ тілінде сын есім зат есімге негізгі қызметін атқарғанда, зат есімнің тұлғасына үлеспейді де, қиыспайды да, яғни септелмейді. Тек субстантивтенген жағдайда зат есімдер сияқты көптеледі, септеледі, тәуелденеді.

Орыс тілінде толық формадағы сын есімдер (полные прилагательные) көптеледі, септеледі тек категориясы бойынша өзгереді. Бірақ көптік тұлғада тек категориясы бойынша өзгермейді. Сын есімнің бұлайша түрленуі зат

есімнің тұлғасына байланысты болады. Өйткені орыс тілінде сын есім, зат есім сөзбен қиыса байланысады, қазақ тілінде қабыса байланысады.

Жекеше тұлғадағы ер (мужской), аралық (средний) тек тұлғасында жуан және жіңішке жалғаулы сын есімдерге тән жалғаулар төмендегідей:

Ер тек (м. р.), Атау септігінде (И. п.) **-ый, -ой, -ий**;

Аралық тек (ср. р.), Атау септігінде (И. п.) **-ае, -ес**,

Аралық тек (ср. р.), ер тек (м. р.), Ілік септігінде (Р. п.) **-ого, -его**;

Ер (м. р.), аралық (ср. р.) тек, Барыс септігінде (Д. п.) **-ому, -ему**,

Ер (м. р.), аралық (ср. р.) тек, Табыс септігінде (В. п.) - Атау және Ілік септіктерінде (И- п., Р. п-) сияқты;

Ер (м. р.), аралық (ср. р.) тек, Көмектес септігінде (Тв. п.) **-ым, -им**;

Ер (м. р.), аралық (ср. р.) тек, (П. п.) **-ом, -ем**.

Ал әйел (ж. р.) Ілік (Родительный), Барыс (Дательный), Көмектес (Творительный), Предложный септіктерінде жуан дауыстылардан тұратын түбірге **-ой** жалғауы дауыстылардан тұратын түбірге **-ей** жалғауы жалғанады. Мысалы: широкой улицы, широкой улицей, о широкой улице, утренней зари т.б.

Жекеше тұлға Табыс септігінде (Вопросительный падеже) тұрған жуан дауыссыздардан тұратын сын есімдерге **-ую**, жіңішке дауыссыздардан тұратын түбірге **-уюю** жалғауы жалғанады (широкую улицу, утреннюю зорю т.б.).

Орыс тілінде меншіктік мағына білдіретін сын есімдерге жалғанатын талғаулар өзгешелеу. Ол өзгешілік мынадай:

Ер тегіндегі (м. р.) Атау (И. п.) және (В. п.) септіктерінен басқа септіктер **-ий, -ья, -ье** арқылы жатқан тәуелдік септік сын есімдерге септік жалғаулары алдында жіңішкеліктің (**-ь**) сақталады (*лисий —лисьих, лисьему, о лисьих, лисьими* т.б.).

Ал **-ов-ев, -ин-ын** жұрнақтары арқылы жасалған тәуелдік сын есімдер жекеше, көпше тұлғадағы ер (м. р), Әйел (ж.р.) аралық (ср.р.) тектегі Атау және Табыс септігінде (Именительный, Винительный, падеждерде) және жекеше формадағы ер (м.р.) аралық (ср.р.) тектегі Ілік, Барыс (Родительный, Дательный) септіктерінде зат есімдер сияқты септеледі. Мысалы: *мамин — мамин; мамин — маминого, маминному* т.б.

Сын есімдердің сөйлемдегі қызметі (Синтаксические функции имен прилагательных). Қазақ, орыс тілдерінде сын есім сөйлемде төмендегідей қызмет атқарады:

Екі тілде де сын есімнің негізгі қызметі – сөйлемде анықтауыштың қызметін атқаруы. Мысалы: *жасыл жапырақ – зеленый лист*. Орыс тілінде анықтауыштың қызметін сапалық сын есімдердің тек толық тұлғасы ғана атқарады (хороший дом). Ал салыстырмалы шырайдағы **-е, -ее, -ей, -ше** жұрнақтары арқылы жасалған сын есімдер тек қиыспайтын анықтауыш ретінде ғана жұмсалады. Мысалы: *Его дети постарше моих. Эти цветы душистее садовых* т.б.

1. Екі тілде де субстантивтенген сын есімдер сөйлемде бастауыштың қызметін атқарады. Мысалы: *Үлкендер жақсы көреді. – Старшие любят.*

2. Екі тілде де сын есімдер сөйлемдер баяндауыш бола алады. Мысалы: *Луна светлая. – Ай жарық.* Орыс тіліндегі сын есімнің ықшамдалған тұлғасы (краткая форма) сөйлемде баяндауыштың қызметін атқарады, ал қазақ тілінде ондай сын есімдерге баяндауыштың қызметін атқаратын сын есімдер сәйкес келеді. Мысалы: *Наши студенты дисциплинированы – Біздің студенттер тәртіпті.* Қазақ тілінде сын есімдер сөйлемде предикативті тұлғада баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Мен бақыттымын, сен үлкенсін* т.б. Орыс тілінде толық, ықшамдалған тұлғадағы Көмектес септіктегі, салыстырмалы, күшейтпелі шырай формасындағы сын есімдер сөйлемде баяндауыштың қызметін атқарады. Мысалы: *красивая жизнь, жизнь коротка, был и я молодым, он моложе меня* т.б.

3. Қазақ тілінде сын есімдер сөйлемде пысықтауыштың да қызметін атқарады. Мұндай жағдайда сын есім баяндауыштың алдында тұрады. Мысалы: *Ол ауыр күрсінді.*

Қатыстық сын есімдерге пысықтауыштың қызметін көбінесе **-дай-дей, -тай-тей** жұрнақтары арқылы жасалған сын есімдер атқарады. Мысалы: *Көзі тұздай. Тілі мірдің оғындай.*

Орыс тілінде сын есімдер пысықтауыш бола алмайды. Бірақ кейбір жағдайда зат есімнен тіркесіп келген сын есім сөйлемде зат есіммен бірге сөйлемнің бір мүшесі ретінде қарастырылып, пысықтауыш болады. Мысалы: *Последние слова он произнес спокойным и тихим голосом.*

Орыс тілінде сапалық сын есім түбірлерінен жасалған бір алуан сөздер үстеу құрамына еніп кеткен. Сөйтіп бір сөздің тұлғасы пайда болып, олар екі түрлі сөз табына сараланған. Мысалы: *хороший — хорошо, плохой — плохо* т.б.

Қазақ тілінде де нақ осы процесті көреміз. Бірақ мұнда мағыналық саралану бар да, тұлғалық саралану жоқ. Мысалы: *Болат жақсы бала. Жақсы — сын есім, анықтауыш. Болат жақсы оқиды. Жақсы – үстеу, пысықтауыш.* Бұлардың тұлғасы бірдей, ал мағыналары сараланған. Пысықтауыш қызметіндегі «жақсы» сын есім бе, үстеу ме? Бұл әлі шешімін таппаған мәселе. Сапалық сын есімдердің ешқандай өзгеріске түспеуі (септелмейді, тәуелденбейді, көптелмейді) оларды үстеуге жақындата түседі. Орыс тілі фактілерімен салыстыра отырып қарасақ, бұларды үстеу деуге болатын сияқты.

Екі тілде де субстантивтенген сын есімдер сөйлемде толықтауыштың қызметін атқарады. Мысалы: *Жақсыны көрмек үшін. Объясните это больному.*

Сын есімдердегі екпін (Ударение имен прилагательных). Қазақ тілінде сын есімдерде екпін ақырғы буынға, ал туынды сын есімдерде қосымшаларға түсетіні белгілі. Ал –ақ демеулігі қосылған жағдайда, екпін демеулікке түседі: Семіз-ақ екен!

Күшейтпелі шырай формасындағы сын есімдерге екпін көмекші сөздерге түседі. Мысалы: *өте жақсы, ең әдемі,* т.б. Ал редупликация тәсілі арқылы жасалған сын есімдерде екпін бірінші буынға түседі. Мысалы: *әп-әдемі, жап-жақсы* т.б.

Қазақ тілінде сын есімдерге жалғанатын **-дай-дей; -тай-тей** қосымшаларына екпін түспейді. Мысалы: *судай, тастай* т.б.

Орыс тілінде екпін жылжымалы, оның үстіне екпін сөздің мағынасын да өзгертеді.

1. Негізгі және туынды сын есімдердің кейбіреулерінде екпін түбірге түседі: *белый, заячий, зверский*. т.б.

2. Сын есімдердің толық тұлғасында екпін сөз тудырушы жұрнақтарға түседі (*голосистый, дубовый* т.б.).

3. Сын есімдердің ықшамдалған тұлғасында тек категориясының жалғауына байланысты екпін тұрақты емес. Мысалы, ер тегінде (м. р.) тұрған сын есімнің ықшамдалған тұлғасында екпін толық тұлғадағы сияқты түседі (*разговорчивый — разговорчив*).

Ықшамдалған тұлғадағы толық дауысты дыбысты сын есімдерде екпін *здоров* сөзінен басқа да сөздерде бірінші буынға түседі: *голоден, молод, дорог*, т.б., бірақ *здоров*.

Ал әйел тегіндегі (ж. р.) **н, л, к**-ға аяқталатын ықшамдалған сын есімдерде, екпін негізінен жалғауларға түседі (*бела, жива, худа*, т.б.).

Бірақ әйел тегіндегі (ж. р.) сын есімдердің кейбір ықшамдалған тұлғасында екпін толық тұлғадағы орнында қалады (*безмолвная - безмолвна, позорная - позорна* т.б.).

Аралық тектегі (ср. р.) сын есімдердің ықшамдалған тұлғасында екпін көбінесе түбірге түседі (*бедно, бледно* т.б.). Кейбір жағдайда ғана ақырғы буынға түседі (*легко, мертво* т.б.). Ал кейде мұндай сын есімдерде екпін екінші буынға да, жалғауға да түседі (*велико - велико, высоко - высоко* т.б.).

Әйел (ж. р.), аралық (ср. р.) тектеріндегі сын есімдердің ықшамдалған тұлғаларында жекеше, көпше формада екпін бірдей түседі (*благородны - благородна, благородно* т.б.).

Сын есімдердің жасалу жолдары (Способы образования имен прилагательных). Екі тілде де сын есімдердің жасалуында ең тиімді тәсіл - морфологиялық тәсіл.

1. Екі тілде де сын есім негізінен зат есім мен етістіктерден мына өнімді жұрнақтар арқылы жасалады: **-лы-лі, -ды-ді, -ты,-ті, -сыз-сіз, -шаң-шең; -шак -шек; -шыл-шіл; -лық-лік; -дық-дік; -тық-тік, -дай-дей, -тай-тей** (*таулы, мінсіз, сөзшең, аудандық, сүттей, жершіл* т.б.). **ан-ян-янн; -ат; -аст-яст; -ов-ев; -овит-евит; ив-лив; -ск-еск; -енск-инск; -истск; -овск-вск; ическ-ческ; -н-енн; -есн, -овн-евн; -ичи, -ши** т.б. *кожанный, бородатый, зубастый, бронзовый, ленивый, пугливый, алтайский, большевистский, качественный, демократичный, нынешний* т.б.

2. **-қ-к; -ық-ік, -қақ-ғақ, -кек-гек; -шак-шек; -қыр-кір; -ма-ме, -ба-бе, -па-пе; -қыш-кіш, -аған-еген** т.б.: *қорқақ, тапқыр, бояма, жазғыш, қабаған, сүзеген* т.б. **-чив; -льн; -тельн; -л; -уч-юч, -ущ-ющ; -ая-яч; ащ -ящ; -н; -ен; -ш; -м; -ом; -нн; -енн** т.б.: *задумчивый, купальный, избирательный, дремучий, колючий, всячий, рванный, заменимый* т.б.

Морфологиялық тәсілдің тағы бір түрі - орыс тілінде сөз алды қосымшалы (префикстік) тәсіл. Бұл тәсіл тек орыс тіліне тән. Қазақ тілінде тек кірме сөздерде кездеседі: *бейшара, бейтарап, беймаза, наразы, бейқам* т.б.

Ал орыс тілінде мынадай сөзалды қосымшалары (приставкалар) арқылы сын есімдер жасалады:

1. **а-**; (аморальный, аполитичный т.б.) –сыз/сіз жұрнақтары мен бей/би мағынасын береді.

2. **анти-**; (антиалкогольный, антинаучный). Бұл сөзалды қосымша (приставка) арқылы жасалған.

3. **архи-**; өте, тым, аса деген күшейтпелі мағына үстейді (*архиумный архистьный* т.б.).

4. **все-**; бәрі, бүкіл, барлық, жалпы, түрлі-түрлі, әр-түрлі деген сөздермен сын есімдердің тіркесуі арқылы күшейтпелі мағынаны білдіреді (всесильный, всевозможные т.б.).

5. **интер-**; аралық деген мағынаны білдіреді, интернационалдық терминдер жасайды (интерактивный, интервокальный т.б.).

6. **най-, пре-, сверх-**; **ең, тым, аса, асқан, артық** деген мағынадағы сын есімдерді жасайды: *наибольший — ең үлкен, сверхскоростной — тым шапшаң, пречерный - өте қара* т.б. Сверх сөзалды қосымшасы (приставкасы) арқылы жасалған сын есімдер қазақ тілінен тыс септеулігінің Шығыс септіктегі зат есіммен тіркесуі арқылы *сверхплановый жоспардан* тыс т.б.

1. **не** — болымсыздық мағынадағы сын есімдер жасайды: невеселый - көңілсіз, невозможный шамадан тыс т.б.

2. **небез** — (**не+без**) күрделі сөзалды қосымша (приставка) болымсыздық мағынадағы сын есімдер (**-сыз-сіз+емес**) жасайды: *небездарный — қабілетсіз емес, небезупречный кемшіліксіз емес* т.б.

3. **без** — болымсыздық мағынадағы (**-сыз-сіз**) сын есімдер жасайды: *безоблачный — бұлтсыз*.

4. **про** — есімше тұлғаларын білдіреді: *продуманный — ойланған* т.б.

5. **раз** — күшейтпелі мағынадағы сын есімдер жасайды: *развеселый тым көңілді*.

6. **со** – сәйкестік, біркелкілік мағынадағы сын есімдер жасайды: *соплеменный - рулас, сопредельный — шектес* т.б.

7. **ультра** - өте, тым, аса деген күшейтпелі сын есімдер жасайды: күшейткіш мағынадағы сын есімдер жасайды: *ультракороткий - өте қысқа, ультрамодный — тым сәнқой* т.б.

8. **экстра** — төтенше, ерекше, әдеттегіден тыс сөздердерімен тіркесіп берілетін сын есімдер жасайды: *экстравагантный - әдеттегіден тыс, экстраординарный — төтенше, ерекше* т.б.

Орыс тілінде морфологиялық тәсілдің тағы бір түрі — сөзалды қосымша мен жұрнақтың қосылуы арқылы сын есімдер жасайтын тәсіл (префиксально-суффиксальный).

Бұл тәсіл бойынша сын есімдердің жасалуына сөзалды қосымшалар (приставкалар) мен жұрнақтар бірдей қатысады. Ондай сөзалды қосымшалар

(приставкалар) мен жұрнақтарға мыналар жатады:

а) **до-+-н, -ск:** довоенный — соғысқа дейінгі, доисторический - тарихқа дейінгі *т.б.*;

ә) **по-+ после:** послевоенный - соғыстан кейінгі, послереволюционный - революциядан кейінгі *т.б.*;

б) **за-+-н, -ск:** загородный - қала сырты, заморский - теңіздің ар жағы *т.б.*;

в) **между-, меж-+-н, -ск, -ов:** междугородный - қалааралық, межпланетный - планетааралық *т.б.*;

г) **на-; над-+ -н:** надводный — судың үстіндегі, настольный - үстелдің бетіндегі *т.б.*;

д) **под-+ -н:** подоблачный — бұлттың астындағы, подземный - жердің астындағы *т.б.*;

е) **от-+ -н:** отделочный — жасайтын, откормленный - семіртілген *т.б.*;

ж) **по-+ -н:** пореформенный - реформаға байланысты, подушный - әр адамға *т.б.*;

з) **при-+ -н, -ск.** прибалтийский - прибалтикалық, прибрежный - жағалаудағы *т.б.*;

и) **вне-+ -н, -ов; -ск.** внеочередной — кезектен тыс, внешкольный— мектептен тыс *т.б.*;

к) **внутри-+ -н, -ов:** внутрикомнатный — бөлмеішілік, внутрисоюзный — одақішілік *т.б.*

Екі тілде де сын есімдер синтаксистік тәсіл арқылы да жасалады.

Қазақ тілінде зат есім мен сын есімнің, сын есімдердің тіркесуі арқылы жасалады (**қара торы, ақ көңіл** т.б.).

Ал орыс тілінде интерфикс арқылы зат есімдердің түбірі бірігіп, -н, -ск, -ов жұрнақтарының қатысуы арқылы жасалады (**водопроводный, земледельческий** т.б.).

Қазақ тілінде күрделі сын есімдер мына жолдармен жасалады:

1. *Сын* есімдердің *тіркесуі* арқылы: таудай үлкен үй, тастай қатты нан, қара ала, ақ боз, т.б.

2. Сын есімдердің қосарланып берілуі арқылы: үлкен - үлкен, жақсы - жаман т.б.

3. Сын есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы: қара көз, ақ көңіл т.б.

4. Сын есім мен сан есімнің тіркесуі арқылы: үш элементті, жүз жылдық соғыс т.б.

5. Зат есім мен көсемшенің тіркесуі арқылы: суда жүзетін, құрыш балқытатын т.б.

6. Орыс тілінен калька жасау арқылы: предвыборное - сайлау алдындағы, мелкокалиберный - кіші калибрлі, орденоносный - орденді, полумесячный - жарты айлық т.б.

Ал орыс тілінде күрделі сын есімдер былай жасалады:

1. Сын есімдердің интерфикс арқылы бірігуі: темно-красный – күрең қызыл, светло-голубой - ақшыл көк *т.б.*

2. Сын есімдердің басқа есімдермен, етістіктермен тіркесуі арқылы: *черноглазый* - қаракөз, сталеплавильный - құрыш балқытатын, *т.б.*

3. Зат есім мен есімшенің тіркесуі арқылы: *водоплавающий - суда жүзетін* т.б.

4. Есімдік пен сын есімнің тіркесуі арқылы: *ежегодный - жыл сайынғы, ежемесячный - ай сайынғы* т.б.

5-тақырып. Сан есім (Имя числительное)

Жоспары:

- 1 Сан есімнің функционалдық қызметі
- 2 Есептік сан есім (Количественные числительные)
- 3 Реттік сан есімдер (Порядковые числительные)
- 4 Жинақтық сан есімдер (Собирательные числительные)
- 5 Бөлшектік сан есімдер (Дробные числительные)
- 6 Топтау сан есімдер (Группирующие числительные)
- 7 Болжалдық сан есімдер (Приблизительные числительные)

Сан есімнің функционалдық қызметі. Сан есім — заттың сан мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табы. Сан есімдер басқа сөздерге тіркестірілмей жеке-дара айтылғанда, тек абстракт сандық ұғымдардың атаулары ретінде қолданылады. Олардың нақты мағыналары өзге сөздермен қарым-қатынасқа түсіп айтылғанда ғана айқындалады. Екі тілде де морфологиялық сипаттары жағынан сан есімдердің өзіне тән, өзге сөз таптарына ұқсамайтын ерекшеліктері бар.

Сан есімнің негізгі функциясы анықтау болғандықтан, қазақ тілінде ол үнемі анықтайтын сөздерден бұрын тұрады, бірақ ешқандай морфологиялық өзгеріске түспейді.

Ал орыс тілінде зат есімге ыңғайласып септеледі, көптеледі, тек (род) категориясы бойынша өзгереді: *две девушки — двум девушкам — десять девушек; два парня - двух парней.*

Қазақ тілінде тек субстантивтенген жағдайда ғана түрленіп, өзгеріске түседі яғни көптеліп те, септеліп те, тәуелденіп те, жіктеліп те қолданыла береді

Сан есімдер морфологиялық құрамына қарай негізгі сан есімдер және туынды сан есімдер, болып екіге бөлінеді. Негізгі сан есімдер қатарына тек қана есептік сандар жатса, туынды сан есімдер осы негізгі есептік сан атауларына қосымшалар мен шылаулардың тіркесуі, қосылуы арқылы жасалатыны белгілігі. Мысалы: *үш — үшінші — үшеу — үшеуден — үш-үштен; три — третий, трое — около трех — по три, т.б.*

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де сан есімдер дара және күрделі сан есім болып бөлінеді. Мысалы: *жүз - сто, бес — пять; жүз бес — сто пять; бір мың елу алты - одна тысяча пятьдесят шесть, т.б.*

Қазақ тілінде күрделі сан есімдер он бірден басталса, орыс тілінде жиырма бірден (двадцать один) басталады.

Күрделі сан есімдердің жасалуына қатысты екі тілде мынадай айырмашылықтар бар: қазақ тілінде әуелі оңдық, одан кейін бірлікті білдіретін сөз тіркеседі. Мысалы: *он бір, он екі, елу үш, алтыс төрт т.б.*

Орыс тілінде он бірден он тоғызға дейін сан атаулары былай жасалады: әуелі бірлік, одан кейін оңдық аты тіркеседі. Мысалы: *двенадцать (два на десять), четырнадцать (четыре на десять), т.б.* Ал жиырма бірден бастап қазақ тіліндегі сияқты әуелі оңдық, содан соң бірлік атауы тіркесіп келеді. Мысалы: *сорок четыре, девяносто два, т.б.*

Екі тілде де сан есімдер семантикалық, морфологиялық және синтаксистік жағынан іштей бірнеше топқа бөлінеді: есептік (количественные), реттік (порядковые), жинақтық (собирательные), бөлшектік (дробные). Қазақ тілінде бұдан басқа топтық және болжалдық сан есімдер бар.

Есептік сан есім (Количественные числительные). *Салыстырып отырған тілдерде есептік сан есімдер жалпы заттың зат есімнен туған сындық белгінің немесе іс-әрекет, амалдың саны, сандық мөлшерін білдіру үшін қолданылады. Олар тікелей сандық мағынада қолданылғанда, ешқандай морфологиялық өзгерістерге түспейді. Мысалы: Он екі кітап, жүз дәптер алынды. — Купили двенадцать книг, сто тетрадей. Ал субстантивтенген жағдайда сөз түрлендіретін суффикстерді қабылдайды.*

Мысалы: Беске алтыны қосқанда он бір болады. — К пяти прибавить шесть, будет одиннадцать.

Қазақ тілінде есептік сандардың қатарына сан есімдердің өзге топтарынын жасалуына негіз болатын табиғи сандар жатады.

Есептік сан есімдердің ішінде бір сөзінің алатын орны ерекше. Бірден бастап қазақ тіліндегі сияқты *әуелі* оңдық, содан соң бірлік атауы тіркесіп келеді. Мысалы: *сорок четыре, девяносто два, т.б.*

Бір сөзі есептік сан есімдерден жаңа сөздер жасайтын амал-тәсілдердің бәріне түгел қатысады, басқа қосымшалар арқылы да әр түрлі жаңа формалар жасайды. *Бір* сөзінен лексика-семантикалық тәсіл арқылы басқа сөз табына ауысқан формалар да бар. Мысалы: *біреу келеді, біреу кетеді. Ол бір келді, бір кетті.*

Орыс тілінде де *один* формасының орны ерекше. *Один* сөзі басқа сөз табына ауысып, зат есім, сын есім, есімдік мағыналарын білдіре алады. Мысалы: *Один за всех — все за одного. Мы учились в одной школе. К нам пришел один человек.*

Сан есім ретінде *один* сөзі тек жекеше формада қолданылады. Ал көптік тұлғадағы зат есіммен тіркескен жағдайда *один* сөзі көптік жалғауды қабылдауы мүмкін. Мысалы: *одни хлопоты, одни брюки* т.б. *Один* сөзі тек (род) формасы бойынша өзгере алады: *один университет, одна школа, одно окно.*

Жалпы орыс тілінде үштен мыңға дейінгі есептік сан есімдердің тек (род) категориясы жоқ. Тек (род) тұлғасы *один, одна, одно; два, две; оба, обе; полтора, полторы* деген сан есімдерге ғана тән.

Орыс тілінде есептік сан есімдер зат есімдермен тіркескенде септеледі, көптеледі. Мысалы: *один сын — пятеро сыновей -одному сыну - пятерым сыновьям* т.б.

Два (две), три, четыре сандары зат есімдермен ерекше тіркеседі. Егер олар Атау немесе Табыс септігінде тұрса, зат есімдер жекеше форманың Ілік септігінде тіркеседі. Мысалы: *два дома, четыре окна, три ученика. Но пять домов, сорок учеников.*

Ал зат есімдер басқа сан есімдермен тіркескенде, көпше форманың Ілік септігінде қолданылады. Мысалы: *пять домов, шесть окон, семь учеников,* т.б.

Бірақ *два, три, четыре* сандары зат есімдердің ер (мужской), ортақ (средний) тек (род) тұлғаларымен қатар сын есімдермен тіркесіп берілсе, көбінесе көпше форманың Ілік септігінде қолданылады. Мысалы: *два больших окна, три широких кроватей,* т.б.

Орыс тілінде кейбір есептік сан есімдер сын есімдер сияқты септеледі: *один, одна, одно, одни,* ал кейбіреулері зат есімдер сияқты септеледі: *пять, восемь, тридцать,* т.б.

Реттік сан есімдер (Порядковые числительные). Реттік сан есімдер белгіді бір заттар мен құбылыстардың сандық ретін білдіру үшін қолданылады. Қазақ тілінде реттік сан есімдер есептік сандарға *-ыншы, -інші* аффиксін қосу арқылы жасалады: *жетінші үй, бірінші бала,* т.б.

Реттік сан есімдер де өз мағынасында қолданылғанда, ешқандай өзгеріске түспейді. Мысалы: *екінші адамға, бірінші оқушыларымды* т.б.

Тек субстантивтенген жағдайда ғана оларға көптік, тәуелдік, септік жалғаулары қосылады. Мысалы: *біріншілер келді, алтыншының аты-жөні,* т.б.

Орыс тілінде реттік сан есімдердің жасалуы күрделілеу. Олар есептік сан есімдердің түбірше сын есім жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *шесть — шестой, восемь — восьмой* т.б.

Тек *первый (один), второй (два)* реттік сан есімдері басқа тәсілмен, яғни түбірлерінің өзгеруі арқылы жасалады.

Ал елуден сексенге дейінгі есептік сан есімдерден реттік сан есімдер жасалғанда, септік тұлғасындағы есептік санның түбіріндегі соңғы жіңішке дауыссыз жуан дауыссызға айналады. Мысалы: *пятьдесят - шестидесятый, семьдесят — семидесятый,* т.б.

Девяностый реттік сан есімі *девяност* негізінен жасалады. *Сто* есептік сан есімінен реттік сан есім *сот* деген негізіден жасалады: *сот+ый*. Ал екі жүзден тоғыз жүзге дейінгі реттік сан есімдер ішкі септік тұлғасындағы есептік сан есімдердің негізінен жасалады: *двухсот+ый, пятисот+ый, т.б.*

Мың, миллион, миллиард, триллион т.б. есептік сан есімдерінен *-н* жұрнағы арқылы реттік сан есімдер жасалады: *тысячный, миллионный, т.б.*

Реттік сан есімдер орыс тілінде сын есімдер сияқты септеледі, көптеледі, тек (род) формалары бойынша өзгереді. Мысалы: *шестой, шестые, шестая, т.б.*

Ал күрделі реттік сан есімдердің тек соңғы компоненттері септеледі, көптеледі тек (род) формалары бойынша өзгереді. Мысалы: *сто двадцать*

первый, сто двадцать первая, сто двадцать первые, т.б.

Сан есімнің тұлғалануы зат есімнің тұлғасына тәуелді болады: зат есім қай текте, қай септікте тұрса, сан есім де сол текте (род), сол септікте тұрады. Басқаша айтқанда, сан есім зат есіммен қиыса байланысады. Ал қазақ тілінде өзінің тұлғалық дербестігін сақтап қалады, қабыса байланысады.

Жинақтық сан есімдер (Собирательные числительные). *Қазақ тілінде жинақтық сан есімдер бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге -ау(-еу) жұрнағы қосылуы арқылы жасалады: біреу, алтау, т.б. Жинақтық сан есімдер үнемі субстантивтеніп, жеке қолданылады. Мысалы: екеуі келді, үшеуге айт.*

Бұл сан есімдерге қазақ тілінде сөз түрлендіргіш грамматикалық формалар қосыла береді, бірақ олар бәріне бірдей жалғанбайды. Мысалы, көптік жалғау тек қана **біреу** сөзіне жалғанады. Мысалы: *біреулер келді.*

Ал тәуелдік жалғаулары тек семантикалық ерекшеліктеріне қарай жалғанады: *үшеуің келіңдер, екеуміз барамыз, т.б.*

Егер жинақтық сандар сөйлемде баяндауыш болса, Жіктіктің I-II жағынын қосымшалары ғана жалғанады: *сендер үшеусіңдер, біз төртеуміз, т.б.* Ал септік жалғаулары жинақтық сан есімдердің жай түріне де, тәуелді түріне де жалғана береді. Мысалы: *үшеуінің жағдайын біл. Алтауды анықта, т.б.*

Ал орыс тілінде жинақтық сан есімдер (собирательные числительные) екіден онға дейін болады. Төрттен онға дейін жинақтық сан есімдер **-ер, -ор** суффикстері арқылы жасалады. Мысалы: *четверо, десятеро, т.б.* Орыс тілінде *оба, обе* сездері де жинақтық сан есімдерге жатады. Жинақтық сан есімдер орыс тілінде зат есіммен тіркесіп қолданылады. Мысалы: *четверо детей, оба брата, т.б.,* бірақ жан-жануарлар атаулары мен әйел тегі (женский род) тұлғасындағы зат есімдермен жинақтық сан есімдер тіркеспейді. Мысалы: *две сестры, два вола, т.б.*

Ал *двое, трое, четверо* жинақтық сан есімдер тек көпше формадағы зат есімдермен Атау (Именительный), Табыс (Винительный) септік формаларында тіркеседі. Мысалы: *двое щипцов, трое ножниц, четверо саней, т.б.* Ал басқа септік формаларында *трех шипцов, четверем саням* деген дұрыс болады.

Бөлшектік сан есімдер (Дробные числительные). Екі тілде де бұл сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін білдіреді. Мысалы: *алтыдан үш - три шестых, нөл бүтін оннан тоғыз — ноль целых девять десятых, т.б.* Қазақ тілінде бөлшектік сан есімдер құрамы жағынан күрделі, олар есептік сан есімдердің синтаксистік тәсілмен тіркесе айтылуы арқылы жасалады: бөлшектік сан есімдерің құрамындағы сөздердің бірінші компоненті Ілік септік тұлғасында тұрады, екінші сыңары тәуелдік жалғаулы болып келеді: *екіднің үші, елудің он бесі, т.б.*

Сонымен қатар, бөлшектік сан есімдердің құрамындағы сөздердің бірінші сыңары Шығыс септік тұлғасында, ал екінші компоненті Атау септік тұлғасында беріледі: *отыздан елу, тоғыздан бес, т.б.* Сондай-ақ бөлшектік сан есімдердің құрамындағы сөздердің бірінші компоненті Шығыс септік тұлғасында, екінші компоненті Атау септік түрінде қолданылады. Ондайда «бөлігі» сөзі қосылып айтылады: *бестен бір бөлігі, екіден бір бөлігі, т.б.* Қазақ

тілінде бөлшектік мәнді білдіретін *жарты, жарым, ширек* деген сөздер де қолданылады.

Орыс тілінде бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдердің реттік сан есімдермен тіркесуі арқылы жасалады: бірінші компонент ретінде есептік сан есім аталса, екінші компонент ретінде негізінен көптік форма, ІЛК септік (Родительный падеж) тұлғасындағы реттік сан есімдер айтылады. Тек *одна* есептік сан есім мен тіркескен жағдайда реттік сан есім жекеше форма Атау септік тұлғасында келеді: *одна вторая, одна шестая, т. б.*

Бөлшектік сан есімдер септелгенде, орыс тілінде бірінші компонент те, екінші компонент те септеледі. Мысалы: *три пятых, трех пятых, трем пятым, тремя пятыми, о трех пятых*. Ал қазақ тілінде басқаша үлгіде келеді *бестің үші, бестің үшінің, бестің үшінен, т.б.*

Орыс тілінде *полтора* деген бөлшектік сан есім *полтора* деген сөздердің бірігуі арқылы жасалған.

Бұл сөздің септелуі де басқаша:

И. п. *полтора* (полторы)

Д. п. *полтора*

Р. п. *полтора*

Тв. п. *полтора*

В. п. *полтора* (полторы)

П. п. *о полтора*

Сонымен қатар, орыс тілінде бөлшектің ширегі *четверть* сөзімен де беріледі: *четверть площади*.

Ал қосарланған заттар *пара* сөзімен аталады: *пара сапог, две пары перчаток, т.б.*

Топтау сан есімдер (Группирующие числительные). Қазақ тілінде біркелкі заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін топтап көрсететін топтау сан есімдер деп аталатын ерекше топ бар. Олар есептік, жинақтық, болжалдық сан есімдерге –**дан-ден; -тан-тен** аффиксін қосу арқылы жасалады. Мысалы: *екі жүзден, қырықтан, т.б.*

Морфологиялық құрамы жағынан топтау сан есімдері дара да, күрделі де болады. Дара түрі жеке сөздермен айтылады да, күрделі түрі сан есімдердің тіркесіп келуі арқылы немесе қосарланып келуі арқылы жасалады. Мысалы: *жиырма екіден, қырық-елуден, т.б.*

Орыс тілінде сан есімдердің бұндай тобы жоқ, бірақ сан есімдердің топтық мағынасы есептік сан есімдердің – **по** предлогымен тіркесуі арқылы беріледі. Мысалы: *по два, по двести, т.б.*

Болжалдық сан есімдер (Приблизительные числительные). Қазақ тілінде сан есімдердің тағы бір тобы бар. Олар белгілі бір заттар мен құбылыстың сан мөлшерін дәл атамай, тұспалдап атайтын сөздер. Болжалдық сан есімдер –**дай-дей, -тай-тей** жұрнақтары арқылы морфологиялық жолмен есептік сан есімдердің не жинақтық сан есімдердің қосарлануы арқылы және *шақты, шамасы, тарта, жуық, шамалы, қаралы* деген сөздермен тіркесуі арқылы синтаксистік жолмен жасалады. Мысалы: *екі жүз алтыстай, екі-үш жылға, он шақты, елуге жуық, т.б.*

Болжалдық сан есімдер де тек субстантивтеніп қолданылған жағдайда ғана көптік, септік, тәуелдік жалғауларын қабылдайды. Мысалы: *үш жүзге жақын, алтыстайын алды т.б.*

Ал болжалдық сан есімдерге жалғанған көптік жалғаулары көптік мағына емес, болжалдау мағына береді. Мысалы: *жиырмааларға келген шығар, т.б.*

Орыс тіліне болжалдық сан есімдер Ілік септік (Родительный падеж) формасындағы есептік сан есімдердің *около* шылауымен тіркесіп келуі арқылы, есептік сан есімдермен жинақтық сан есімдердің қосарлануы арқылы беріледі: *около пятисот, два-три раза, двое-трое суток, т.б.*

Сонымен қатар, орыс тілінде болжалды сан есімдер *под, свыше* шылаулары, *более* сөзі және қосарланған сан есімдердің *–но* шылауымен тіркесуі арқылы беріледі. Мысалы: *ей было под 40, свыше двадцати тысяч тенге, более девяти случаев, по четыре-пять книг, т.б.*

Екі тілде де барлық топқа жататын сан есімдер (қазақ тіліндегі болжалдық сан есімдерден басқалары) субстантивтенеді. Осыған байланысты сөйлемде бастауыш, толықтауыш, баяндауыштың қызметін атқарады. Мысалы: *Екінші бұрын келді. – Второй пришел раньше. Екі жерде екі – төрт. – Дважды два – четыре. Он сегіз төртке тең бөлінбейді. – Восемнадцать на четыре без остатка не делится.*

Сонымен қатар, сан есімдер екі тілде де анықтауыш пен пысықтауыштың қызметін атқарады. Мысалы: *Сен екінші үйге тоқта. – Ты остановись во втором доме. Оған күнде екі жүзден төлейді. – Ему платят каждый день по двести тенге.*

6-тақырып. Есімдіктер (Местоимения)

Жоспары:

1 Есімдіктердің мағыналық топтары

Есімдіктердің мағыналық топтары. Есімдіктердің қазақ тілінде де, орыс тілінде де өзіне тән грамматикалық категориялары жоқ. Олардың басқа сөз таптарына басты айырмашылығы да осы. Есімдіктер заттың, сынның, санның атын білдірмейді, бірақ зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына жұмсалады. Олардың мағыналары тек контексте байланысты айқындалады. Мысалы: *Майра кеше үйіне ерте келді. Ол сені көп тосты. – Приезжала Таня. Она уехала вчера.*

Екі тілде де есімдіктер морфологиялық жағынан есімдіктер сияқты түрленеді, бірақ өздеріне тән ерекшеліктері бар. Мысалы, субстантивтенген есімдіктер зат есімдер сияқты көптеліп те, тәуелденіп те, септеліп те, жіктеліп те қолданылса, атрибутивтік есімдіктер сын есімдер ретінде қолданылған жағдайда грамматикалық жағынан түрленбейді.

Мағыналарына қарай есімдіктер мынадай топтарға бөлінеді:

1. Жіктеу есімдіктері (Личные местоимения)
2. Сілтеу есімдіктері (Указательные местоимения)
3. Сұрау есімдіктері (Вопросительные местоимения)
4. Өздік есімдіктері (Возвратные местоимения)
5. Белгісіздік есімдіктері (Неопределенные местоимения)

6.Болымсыздық есімдікті (Отрицательные местоимения)

7.Жалпылау есімдіктері (Определительные местоимения)

Жіктеу есімдіктері (Личные местоимения). Жіктеу есімдіктеріне *мен – я, ты-сен, сіз-вы, ол-он, она, оно, біз-(біздер) – мы , сендер, сіздер – вы, олар – они* деген сөздер жатады.

Бұл есімдіктер жақтық ұғымен байланысты келеді. Мысалы: *Сен бүгін келесің бе? – Ты сегодня придешь? Біз ертең кездесеміз.-Мы завтра встретимся.*

Қазақ тілінде плеонастика құбылысы байқалады. Мысалы: Мұны айтқан менмін, естіген сенсің. Тюркологтар жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерінен жасалғанын жан-жақты дәлелдеп берген. Плеонастиканың себебі содан болуы керек. Мысалы: *Айтқан менмін.* Мұнда *мен* – жіктеу есімдігі, *-мін* – осы меннің өзгерген түрі: *мен-мін (e-i)*. Орыс тілінде жіктеу есімдіктері жіктік жалғауларын қабылдамайды.

Қазақ тілінде жіктеу есімдіктерінің кейбір дауыссыз дыбыстары септеу барысында түсіп қалады:

Атау септік – *мен – сен – ол*

Ілік септік – *менің – сенің – оның*

Барыс септік – *маған – саған – оған*

Табыс септік – *мені – сені – оны*

Жатыс септік – *менде – сенде – онда*

Шығыс септік – *менен – сенен – онан (одан)*

Көмектес септік – *менімен – сенімен – онымен*

Ал орыс тілінде септеу барысында жіктеу есімдіктерінің негізі өзгереді:

И. п. – *я – ты – он (она, оно) мы – вы – они*

Р. п. – *меня – тебя – его (ее) нас – вас – их*

Д. п. – *мне – тебе – ей (ему) нам – вам – им*

В. п. – *меня – тебя – его (ее) нас – вас – их*

Т. п. – *мной – тобой – ею (им) нами – вами – ими*

П. п. – *обо мне – о тебе – о ней (о нем) о нас – о вас – о них*

Мұндағы сөз тұлғасының танымастай болып өзгеруі (*ты – тобой, он/ она – им, о ней, о нем*) ішкі флексияның салдары деп қараймыз. Ал *я – меня, мной* болып түрленуін орыс тілін зарттеушілер супплетивизм құбылысы деп түсіндіреді. Алайда бұл әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

Қазақ тілінде жіктеу есімдіктерінің жіктелуінде де ерекшелік бар. Оларға жіктік жалғаудың барлық жақтарының қосымшалары қосыла бермейді. Жіктеу есімдіктеріне жалғанатын жақ жалғауларын есімдіктерден болған баяндауыштың қабаттасып келген плеонастикалық көрінісімен байланыстыруға болады. Өйткені жіктік жалғау, жіктеу есімдіктері баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, бастауыштың жақтық мағынасына қарамастан, баяндауыштың жақтық мағынасына қарай жалғанады. Мысалы: *ана – сенсің, бала – сіздер*, т.б.

Екі тілде де жіктеу есімдіктері сөйлемде бастауыш, толықтауыш, баяндауыш, анықтауыш болып қызмет атқарады. Мысалы: *Меня зовут Сауле – Менің атым Сәуле. Он любит читать – Ол кітап оқығанды жақсы көреді.*

Звучит твоя любимая музыка. Сенің жақсы көретін кітабың жоқ. Ұстаз – Сізсіз. – Педагог – Вы.

Сілтеу есімдіктері (Указательные местоимения). Сілтеу есімдіктеріне *бұл, осы – это, эта, этот; сол, анау, сонау – тот, то, та; ана – тот, та, то; мына – этот, эта, это; мұндай, осындай, осындай – такой, такое, такая; әне – вон, міне – вот* деген сөздер жатады.

Бұл есімдіктер сілтеу, көрсету, нұсқау сияқты мағыналарды білдіріп, *қай? қайсы? – который? какой?* деген сұрауларға жауап беретін атрибутивтік сөздер.

Сілтеу есімдіктері мағына жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Мысалы: *Бұл кітапты мен оқығанмын. – Эту книгу я читала. Сол кітапты алдым – Я взяла ту книгу. Бұл (это) деген есімдіктер жақындағы, көз алдындағы затты білдірсе, сол (тот, ту) есімдіктері алысырақтағы затқа сілтегендікті білдіреді.*

Қазақ тілінде сілтеу есімдіктері атрибутивтік формада тұрғанда септелмейді, көпшеленбейді, тәуелденбейді. Тек субстантивтенгенде ғана септік, тәуелдік, көптік жалғауларын қабылдайды. Мысалы: *Осыны ал. Анауың дұрыс шешілген. Бұныңызды қалай түсінуге болады? Бұнысы қалай?*

Орыс тілінде сілтеу есімдіктері сын есімдер сияқты септеледі:

И. п. Тот, та, те, столько

Р. п. Того, той, тех, стольких

Д. п. Тому, той, тем, столькоим

В. п. Тот (того), ту, те (тех), столько

Т. п. Тем, той, теми, столькоими

П. п. О том, о той, о тех, о столькоих

Қазақ тілінде сілтеу есімдіктерінің сөйлемдегі қызметтері де мағыналары сияқты ерекшеленеді. Мысалы: *міне, әне* деген есімдіктер сөйлемде қыстырма сөз ретінде қолданылып, ешқашан бастауыштың да, толықтауыштың да қызметін атқармайды, ал *бұл, ол* сөздері баяндауыш болмайды, сонау, осынау есімдіктері де толықтауыш, бастауыш бола алмайды. Негізінен сілтеу есімдіктері екі тілде де анықтауыштың қызметін атқарады. Мысалы: *Сол адамды көрдім. – Видела того человека.*

Сұрау есімдіктері (Вопросительные местоимения). Сұрау есімдіктері мынадай: *кім? – кто? не? – что? қанша? (неше?) – сколько? қай? – который? қандай? – какой? какая? какое? қалай? – как? қашан? – когда? қайда? – где? куда?*

Қазақ тілінде *Қай?* деген негізгі сұрау есімдігінен *қайсы? қайдан? қайда?* сияқты есімдіктер туған.

-Қай, - қан, - қа деген түбірлерден *қайсы? қайдағы?, қандай? қанша? қалай? қашан? қашанғы? қашаннан?* деген есімдіктер қалыптасқан.

Морфологиялық жағынан сұрау есімдіктерінің ішінен *кім? не? қайсы? нешеу?* сияқты есімдіктер септеліп те, тәуелденіп те, көптеліп те, жіңтеліп те қолданыла береді. Мысалы: *кім? – кімнің? – қайсын? – кімдер? – кімсің?*

Кім? не? неше? деген сұрау есімдіктері ғана көптеледі: *кімдер? нешелер, нелер? Тек кім? не? қандай? қанша? қалай? нешінші? деген есімдіктер ғана жіктеледі: кіммін? қандайсың? т.б.*

Тәуелденетін есімдіктер: *кім? не? қайсы? нешеу? (Кіміңіз? Несі? Қайсың? Нешеуің?)*. Басқа сұрау есімдіктері тәуелденбейді.

Қазақ тілінде «*кім?*» деген сұрау тек адамдарға, оның туыстығына, мамандығына байланысты сөздерге ғана қатысты қойылады: *Ол кім? – Ол бал. Сен кімсің? – Мен мұғаліммін. Сен агрономсың* т.б.

Орыс тілінде «*кто?*» деген сұрау есімдігінің мағына өрісі тым кең. Бұл сұрау жанды заттардың бәріне қойыла береді: *Это кто? – Это человек. Это кто? – Это волк. Это кто? – Это слон*. Салыстырыңыз: *Бұл не? – Бұл қасқыр. Бұл не? – Бұл піл*.

Салыстырып отырған тілдерде сұрау есімдіктері негізінен сұрау мағынасын тудырады. Бірақ кейде сөйлемнің жалпы мағыналық ерекшелігіне және қолдану өзгешелігіне қарай сұрау есімдіктері сұрау мағынасын білдірмей, экспрессивтік мағына береді. Мысалы: *Қандай сұлу! – Как прекрасна!*

Сабақтас құрмалас сөйлемдерде сұрау есімдіктері қатыстық мағынаны да білдіреді. Мысалы: *Кімді айтсаң, сол келеді. – Кто ищет, тот всегда найдет*. Екі тілде де сұрау есімдіктері сөйлемде сөйлемнің барлық мүшелері ретінде қызмет атқарады.

Орыс тілінде сұрау есімдіктері сұрау мағынасын тудырмаса, қатыстық мағына білдіріп, қатыстық есімдіктер (относительные местоимения) деп аталатын жеке бір топ құрайды. Олар сөйлемде, негізінен, шылаулардың қызметін (союзные слова) атқарады. Мысалы: *Я сказал, что знаю. Узнай, который час*.

Өздік есімдіктері (Возвратные местоимения). Қазақ тілінде өздік есімдікке жалғыз ғана *өз* сөзі жатады. Ал орыс тілінде – *себя*.

Қазақ тілінде бұл есімдік көбінесе *өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңіз* деген сияқты оңаша және ортақ тәуелдеулі түрде қолданылады. Мысалы: *Өзім көмектесемін. Өзіміз үшін керек*.

Қазақ тілінде өздік есімдіктің тәуелдеулі формада қолданылуында мынадай ерекшеліктер бар:

1.Өздік есімдік тәуелдіктің қай жағында тұрса, қабаттасатын жіктеу есімдігі де сол жақта қолданылады. Мысалы: *өзім – мен өзім, өзің – сен өзің* т.б. Бұл жерде істі атқарушы субъектінің өзі екендігін (анықтайды) білдіреді.

Орыс тілінде бұл мағына «*сам*» деген жалпылау есімдігі арқылы беріледі. Мысалы: *сам – я сам, сам – ты сам*. Мысалы: *Ол өзі айтты. – Он сам сказал. Сен өзің білесің. – Ты сам знаешь*.

2.Тәуелдеулі өздік есімдік сөйлемде бастауыш болса, жақ жағынан жіктік жалғауы тікелей өзіне бағындырады, яғни бастауыш болатын өздік есімдік тәуелдіктің қай жағында тұрса, баяндауыш та жіктіктің сол жағында тұрады, ал тәуелдеулі зат есімдерде ондай қасиет жоқ. Мысалы: *өзім келдім – ағам келді, өзің келдің – ағаң келді* т.б.

Тәуелдеулі өздік есімдік тәуелдеулі зат есімше септеледі, мысалы:

Атау – *өзім – әкем*

Ілік – *өзімнің – әкемнің*

Барыс – *өзіме – әкеме*

Табыс – *өзімді – әкемді*

Жатыс – *өзімде – әкемде*

Шығыс – *өзімнен – әкемнен*

Көмектес – *өзіммен – әкеммен.*

Орыс тілінде *себя* өздік есімдігінің көптік, тек (род), Атау септік формалары жоқ, барлық жақта *себя* формасында қолданылады. Мысалы: *Они купили себе квартиру – Он купил себе костюм – Она купила себе платье.*

Екі тілде де өздік есімдіктің тәуелдеулі түрі сөйлемнің барлық мүшесі бола алады, тек орыс тілінде *себя* бастауыштың қызметін атқара алмайды.

Белгісіздік есімдіктері (Неопределенные местоимения). Қазақ және орыс тілдерінде мағыналары жағынан заттар мен құбылыстарды нақтылы түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылатын сөздер белгісіздік есімдіктер деп аталады.

Қазақ тілінде *бір, әр, әлде* деген сөздердің басқа есімдіктермен бірігуі арқылы белгісіз есімдіктер жасалады. Мысалы: *біреу, кейбіреу, кейбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме (бірнеше), әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай, әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан* т.б.

Белгісіз есімдіктер қазақ тілінде заттық ұғымды білдіреді де, зат есімше өзгереді, сөйлемде бастауыш немесе толықтауыштың қызметін атқарады. Кейбіреулері анықтауыш, пысықтауыштың қызметін атқарады.

Орыс тілінде белгісіздік есімдіктері (неопределенные местоимения) сұрау есімдіктеріне *-то, -либо, -нибудь, -кое (-кой)* демеуліктері мен *не-* сөз алды қосымшасының (приставкасының) қосылуы арқылы жасалады. Мысалы: *кто-то, что-либо, кто-нибудь, некто, нечто, кое-кто* т.б.

Сонымен қатар орыс тілінде кейбір есімдіктердің мағыналары сын есімдер арқылы да беріледі. Мысалы: *данный* деген сын есім *этот, тот* есімдіктері мағынасын, *известный, определенный* деген сын есімдер *некоторый, кое-какой, этот, только что упомянутый* деген есімдіктердің мағынасын білдіреді.

Болымсыздық есімдіктері (Отрицательные местоимения). Қазақ тілінде болымсыздық есімдіктер *еші* деген сөзбен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалады. Мысалы: *ешкім, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайсы* т.б. Орыс тілінде сұрау есімдіктеріне *-не, -ни* демеуліктерінің қосылуы арқылы жасалады. Мысалы: *никто, никого, никаких, ничем* т.б.

Қазақ тілінде болымсыздық есімдіктері болымсыздық мағына білдіретін *емес, жоқ* деген сөздермен және етістіктің болымсыз түрімен байланысты қолданылады. Мысалы: *ешкім келген жоқ, ешкім көрген емес* т.б.

Орыс тілінде болымсыздық есімдіктер болымсыздық мағына білдіретін *нет* сөзі немесе *не* демеулігімен байланысты қолданылады. Мысалы: *Никуда не ходила. Ничего нет.*

Екі тілде де болымсыз есімдіктер септеледі, сөйлемде әртүрлі қызмет атқарады. Мысалы: *Оған ешкім сенбейді. – Ему никто не верит. Қазір ештеңеге сенуге болмайды. – Сейчас ничему верить нельзя. Бұл ештеңе емес. – Это ничего.*

Жалпылау есімдіктері (Определительные местоимения). Салғастырылып отырған тілдерде мағына жағынан кем дегенде екі не онан көп заттар мен

кұбылыстарды жинақтай атау үшін қолданылатын сөздер жалпылау есімдіктері деп аталады.

Қазақ тілінде жалпылау есімдіктеріне *бәрі, барлық, барша, күллі, бүкіл, түгел* деген сөздер жатады.

Орыс тілінде *сам, весь, все, всякий т.б.* сөздер жалпылау есімдіктеріне жатады.

Қазақ тілінде *бар, барлық, барша* есімдіктеріне тәуелдік жалғаулары оңаша және ортақ түрінде жалғана береді. Жалпылау есімдіктері жіктелмейді. Жалпылау есімдіктерінің ішінде тек субстантивтенген түрлері тәуелденіп барып қана септеле алады.

Сөйлемде бастауыш, анықтауыш, толықтауыш болып қызмет атқарады. Мысалы: *Бәрі келді. Бар байлық – денсаулықта.*

Жалпылау есімдіктері орыс тілінде сын есімдер сияқты септеледі:

И.п. *Сам, само, сама, сами*

Р.п. *Самого, самого, самой, самих*

Д.п. *Самому, самому, самой, самим*

В.п. *Сам, самого, само, самое, саму, сами, самих*

Т.п. *Самим, самим, самой (ою), самими*

П.п. *(О) самом, (о) самом, о самой, (о) самих*

Ал қазақ тілінде тәуелденіп барып септелетіндіктен зат есімдер сияқты септеледі:

А.с. *Барлығы*

І.с. *Барлығының*

Б.с. *Барлығына*

Т.с. *Барлығын т.б.*

Сөйлемде сөйлемнің барлық мүшелерінің қызметін атқарады. Мысалы: *Все отказались. Каждая мать должна думать о ребенке.*

Тәуелдеу есімдіктері (Притяжательные местоимения)

Орыс тілінде тәуелдеу есімдіктері жеке бір топқа бөлінеді де, 2 топқа жіктеледі:

а) жіктеу тәуелдеу есімдіктері (личные, притяжательные местоимения): *мой, наш, твой, ваш;*

ә) өздік тәуелдеу есімдіктері (возвратное притяжательное местоимение): *свой*. Мысалы: *Наше общее дело. – Біздің ортақ ісіміз. Я свою мать уважаю. – Мен өз шешемді құрметтеймін.*

Қазақ тілінде бұл топқа сәйкес келетін есімдіктер жоқ. Осыған байланысты бұл есімдіктер қазақ тіліне тәуелдік жалғаулары мен тәуелдік мағына білдіретін жұрнақтар және өздік есімдіктері арқылы беріледі. Мысалы: *Менің кітабым жаңа. – Моя книга новая. Бұл кімнің үйі? – Это чей дом? – Менікі. – Мой. Өз үйім – өлең төсегім. – Свой дом, своя постель мягкая, как трава.*

7-тақырып. Етістік (Глагол)

Жоспары:

- 1 Етістіктің жалпы сипаты (Общее значение глагола)
- 2 Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты (Лексико-семантическое значение глагола)
- 3 Етістіктің негізі (Основы глагола)
- 4 Тұйық етістік (Неопределенная форма глагола)
- 5 Етістіктің грамматикалық категориялар (Грамматические категории глагола)
- 6 Етіс категориясы (Категория залога)
- 7 Етістіктің сипаты (Виды глагола)
- 8 Етістіктің рай категориясы (Категория наклонения)
- 9 Шақ категориясы (Категория времени)
- 10 Жақ категориясы (Категория лица)
- 11 Есімше (Причастие)
- 12 Көсемше (Деепричастие)

Етістіктің жалпы сипаты (Общее значение глагола). Салыстырып отырған тілдерде етістік – сөз таптарының ішіндегі ең күрделі грамматикалық категория. Екі тілде де етістік тек субъектінің іс-әрекетін ғана емес табиғат ауқымында, қоғам өмірінде ұшырасатын, адамның абстракты ойы мен санасы арқасында туатын неше алуан амал, әрекет, іс-қимыл, қозғалыс, жай, күй сияқты процестерге қатысты ұғымдарды түгел қамтиды. Қазақ тілінде де, орыс тілінде де етістіктің шақ, рай, етіс, амалдың жүзеге асу сипаты сияқты категориялары, болымдылық, болымсыздық, сабақтылық және салттық категориялары бар.

Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты (Лексико-семантическое значение глагола). Морфологиялық құрылымы жағынан қазақ тілінде етістіктер жалаң етістіктер және күрделі етістіктер деп екі топқа бөлінеді. Сонымен қатар, етістіктің аналитикалық етістіктер деп аталатын түрлері де бар.

Жалаң етістіктерге түбір етістіктер және жұрнақ арқылы жасалған туынды етістіктер жатады.

Түбір етістіктер деп түбір және жұрнақ деп бөлшектеуге келмейтін етістік формалары аталады. Мысалы: *аш, бас, ат* т.б. Бірақ түбір етістіктердің ішінде бұрын туынды сөз есебінде жұмсалып, бірте-бірте түбірі мен жұрнағын ажыратуға болмайтын дәрежеге жеткен етістіктер де бар: *болыс – бол+ыс; сөйле – сөз+ле; шегер – шек+ер*, т.б. Ал кейбір түбір етістіктер кірігу нәтижесінде пайда болған: *түрегел – тұра кел; әкел – алып кел* т.б.

Туынды етістіктерді түбірге және жұрнаққа бөлшектеуге болады. Мысалы: *ой+ла, сұр+ле* т.б. Кейде туынды етістіктердің құрылымы бір-бірінен ажырамайтындай болып кірігіп, туынды форма бір бүтін тұлға есебінде тұтасқандықтан, кейбір туынды етістіктер бөлшектенбейді, түбір сөз формасында болады. Мысалы: *мықта, бауызда* т.б. Ал кейбір туынды етістіктердегі есім сөздер делексикаланып (бастапқы мағынасынан айырылып), туынды етістік өзінің түпкі мағынасынан біржолата айырылып қалады. Мысалы: *(аң) аула, аңда, тула, бауызда* т.б.

Қазақ тілінде туынды етістіктер негізгі сөз таптарының қайсысынан болса да жасала береді. Осыған байланысты туынды етістіктер есім негізгі етістіктер, етістік негізгі етістіктер деп ажыратылады.

Есім негізгі етістіктерге өзге сөз таптарынан жасалатын етістіктер жатады, олар арнаулы жұрнақтар арқылы көбінесе зат есімнен, сын есімнен, үстеулерден, еліктеуіш сөздерден, кейде одағайлардан жасалады.

Қазақ тілінде екі не одан да аса компоненттерден құралып, сөйлеу тілінде де, жазба тілде де бірдей қолданыла беретін етістік тіркестері мен етістікті тіркестер бар. Мысалы: *жәрдем бер, құлақ сала жүр, алып кетіп бара жатыр екен* т.б. Бұлар күрделі етістіктер деп аталады.

Қазақ тілінде аталған етістіктермен қатар аналитикалық етістіктер деп аталатын етістіктің түрі бар. Негізгі етістік пен белгілі бір грамматикалық категорияның мағынасын білдіретін көмекші етістіктердің бірлестігі аналитикалық форма деп аталады. Аналитикалық формада негізгі етістік көмекші етістіктен бұрын тұрады да, аналитикалық тіркестің негізгі мағынасына жетекшілік етеді. Ал аналитикалық формалы етістіктің құрамындағы көмекші етістік қосымшалар сияқты белгілі бір категорияға тән грамматикалық мағынаны білдіріп, сол категорияның морфологиялық көрсеткіші ретінде қалыптасады. Аналитикалық етістікті жасауда көмекші етістіктің қызметі ерекше. Олар толымды, толымсыз көмекшілер деп екі салаға бөлінеді. Толымды көмекші етістіктерге негізгі лексикалық мағынасын толық сақтап, дербес грамматикалық функцияларын түгелдей атқарып, етістік атаулыға тән парадигмалық формалардың бәрін қабылдап, дербес мүше ретінде қолданыла беретін, бірақ аналитикалық етістік құрамында тиісті жетекші етістікке белгілі дәнекер арқылы тіркесіп, оған қосымша абстракты грамматикалық мағына үстейтін етістіктер жатады (*ал, бер, бар, баста, бақ, жатыр, тұр, жүр, отыр*, т.б.)

Толымсыз көмекші етістіктерге негізінен ауызша, жазбаша тілде, не қазіргі түбір күйінде қолданылмайтын жалғыз сөз *-е* етістігі, одан өрбіген формалардан *еді, екен, емес* деген сөздер жатады.

Бұл көмекшілер жалаң және күрделі есімдерге де, етістіктің көптеген категорияларына да, құрам-құрылыстары әртүрлі басқа сөздерге де талғамай тіркесе береді. Мысалы: *келмек екен, келер еді* т.б.

Орыс тілінің морфологиялық құрылымының ерекшеліктеріне сәйкес етістіктің жасалу тәсілдерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Мұнда етістік жұрнақ арқылы, сөз алды қосымша (приставка) арқылы, жұрнақ пен сөз алды қосымша (приставка) арқылы жасалады.

Орыс тілінде де туынды етістіктер есім негізді (отыменное) етістік, етістік негізді (отглагольное) етістіктер деп екі топқа бөлінеді. Есім негізді етістіктер зат есімнен, сын есімнен, сан есімнен мынадай жұрнақтар арқылы жасалады:

а) *(-а) –я*: *обед – обедать, стррела – стрелять* т.б.;

ә) *–нича*: *столяр – столяр-ничать, деликатный – деликат-нича-ть*, т.б.;

б) *–ова -ева*: *беседа – бесед-ова-ть, горе – гор-ева-ть* т.б.;

в) *–орова, -изирова, -изова, -фицирова* (кірме сөздерде): *электрофикация – электро-фицирова-ть, автомат – автомат-изирова-ть* т.б.;

г) **-и:** *соль – сол-и-ть, рыбак – рыбач-и-ть* т.б.;

д) **-е:** *пот – пот-е-ть, камень – камен-е-ть* т.б.

Қазіргі орыс тілінде есім негізді етістіктердің жұрнақ пен сөз алды қосымша (приставка) арқылы жасалуы да орын алған. Мысалы: *у-глуб-и-ть, у-дво-и-ть, о-бес-сил-е-ть* т.б.

Етістік негізді етістіктер орыс тілінді негізінен сөз алды қосымшалар (приставкалар) арқылы жасалады. Ондай сөзалды қосымшаларға (приставкаларға) мыналар жатады: **в –во, до-, за-, из-, на-, над-, о –об, от-, по-, под-, пред- при-, про-, с-, у-, вз-воз-, вы-, недо-, обез-, низ-, пере-, пре-**. Мысалы: *взлететь, отлететь, слететь, подлететь* т.б.

Кейде бірнеше сөз алды қосымша (приставка) бірдей жұмсалады: *о-про-вергнуть, раз-у-красить* т.б.

Орыс тілінде басқа сөз таптарынан (үстеулерден, есімдіктерден, одағайлардан) жасалған етістіктер аз. Мысалы: *иначе – переиначить, якать, охать, мяукать* т.б.

Етістіктің негізі (Основы глагола). Қазақ тілінде етістік негізі бұйрық не тілек мәнін білдіреді, яғни бұйрық (императив), не тілек (оптатив) райдың екінші жағымен тұлғалас (омонимдес) болып келеді.

Ал орыс тілінде етістік негізі тұйық етістіктің түбірі (инфинитив) және осы шақ етістігінің түбірінен жасалады, яғни етістіктің екі түрлі түбірі болады. Мысалы: *писать-пишут*. Тек кейбір етістіктердің түбірі бірдей болып келеді: *везти – везут, нести – несут*, т.б.

Етістіктің осы шақ формасының түбірінен мынадай формалар жасалады:

1. Бұйрық рай формасы: *пилят – пили*
2. Нақты есімше тұлғасының осы шағы: *пишут – пишуц-ий*
3. Бірықсыз есімшенің осы шақ тұлғасы: *видят – видимый*.
4. Көсемшенің аяқталмаған сипаты: *слышат – слыша*.

Ал тұйық етістіктің түбірінен төмендегідей формалар жасалады:

1. Ашық райдың өткен шағы: *писать – писал*.
2. Қалау рай: *писал бы*.
3. Нақты есімшенің өткен шағы: *писа-ви-ий*.
4. Бірықсыз есімшенің өткен шағы: *написа-нн-ый*.
5. Көсемшенің аяқталған сипаты: *написа-в*.

Орыс тілінде етістіктің түбірі дербес мағына білдіре алмайды. Мысалы: *ид-ти, бра-ть, бер-ут*. Қазақ тілінде кез келген етістіктің түбірі дербес сөз ретінде көрінеді: *оқыған, біліп, айтқызды, жетістірді* сөздерінің түбірі – *оқы, біл, айт, жет* жеке сөз болып табылады. Ал орыс тілінде етістік түбірлері мұндай дербестіктен айрылған.

Тұйық етістік (Неопределенная форма глагола). Қазақ тілінде тұйық етістік –*у* жұрнағы арқылы жасалады (*ойна+у, ал+у т.б.*), ал орыс тілінде тұйық етістік (неопределенная форма глагола) негізінен **-ть** жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы: *коси-ть, жа-ть, пе-ть* т.б. Бірақ орыс тілінде **-ти** жұрнағы арқылы да жасалатын тұйық етістіктер бар. Мысала: *нес-ти, вез-ти* т.б. Тағы бір ескеретін жай, орыс тілінде **-к** мен *г*-нің **-т** жұрнағымен кірігуінің

нәтижесінде кейбір етістіктердің тұйық тұлғасы –**чь** жұрнағына да аяқталады. Мысалы: *пек – печь, берег – беречь* т.б.

Қазақ тілінде тұйық етістік субстантивтенгенде тәуелденеді, септеледі, көптеледі. Мысалы: *келуім, келуің, айтуды, айтуға; келулеріңізді, келулеріңізбен*, т.б.

Осыған байланысты сөйлемде бастауыштың да, тұрлаусыз мүшелердің де қызметін атқарады.

Тұйық райға етіс формалары тән.

Орыс тілінде де тұйық етістік субстантивтенеді де сөйлемде бастауыштың да, тұрлаусыз мүшелердің де қызметін атқара алады.

Орыс тілінде тұйық етістік септелмейді, көптелмейді, тек (род) категориясы бойынша өзгермейді, бірақ болымдылық (болымсыздық тұлға), етіс категориясы және сипат категориясы тән. Бұл етістіктің өзгермейтін түрі және *что делать? что сделать?* деген сұрақтарға жауап береді.

Етістіктің грамматикалық категориялары (Грамматические категории глагола). Екі тілде де етістіктің 4 формасы бар: тұйық етістік (инфинитив), етістіктің жіктелу түрі (спрягаемая форма), көсемше (деепричастие), есімше (причастие). Әр формаға лексика-грамматикалық қасиеттер мен оларды білдіретін тәсілдер тән. Етістіктің кейбір категориялары етістіктің негізі арқылы анықталады. Мысалы: етістіктің салттық, сабақтылық семантикасы, етіс категориясы т.б. Ал кейбір грамматикалық категориялар тиісті формальды тәсілдер арқылы беріледі: рай, шақ, жақ категориялары.

Салт және сабақты етістік категориясы (Категория переходности и непереходности).

Қазақ, орыс тілдерінде Табыс септіктегі сөзді, яғни тура толықтауышты керек ететін семантикасы бар етістіктер сабақты етістіктер (переходные глаголы) деп аталады. Мысалы: *Көйлегіңді ал. – Возьми платье.*

Ал Табыс септіктегі сөзге (тура толықтауышқа) сабақталмайтын етістіктер салт етістіктер (непереходные глаголы) деп аталады. Мысалы: *Ұшақпен келді. – Прилетел на самолете.*

Екі тілде де әрі салт, әрі сабақты болатын етістіктер бар. Оларға не омоним етістіктер, не полисемиялы етістіктер жатады. Мысалы: *Бить противника. – Бить палкой. Шаштарыңды тараңдар. – Уйге тараңдар.*

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де салт етістік сабақты етістікке, сабақты етістік салт етістікке айналу құбылысы байқалады. Қазақ тілінде өзгелік етістің қосымшалары арқылы салт етістіктерден сабақты етістіктерден салт етістіктер жасалады. Мысалы: *Мектептің директоры бұл баланы бірінші партаға отырғызды. Бала киінді.*

Ал орыс тілінде –**ся, -сь** жұрнағы арқылы барлық сабақты етістіктерден салт етістіктер жасалады. Мысалы: *Кто-то рассыпал крошки хлеба по столу. – Мука рассыпалась по столу. – Учить уроки. – Учиться в университете.*

Салыстырып отырған тілдердегі салт, сабақты етістіктерге байланысты тағы бір ерекшелік – орыс тіліндегі жанама сабақты (косвенно-переходные) деп аталатын етістіктер. Олар Табыс септіктегі сөзге сабақталмайды, бірақ объектілік мағынасы бар басқа септіктегі сөзбен сабақтала береді. Мысалы:

Желать удачи, ждать поезда, т.б. Бұл етістіктер қазақ тіліндегі сабақты етістіктерге сәйкес келеді.

Екі тілдегі сабақты, салт етістіктерге байланысты тағы бір ерекшелік – орыс тілінде болымсыздық тұлғадағы сабақты етістіктер Табыс септігіндегі (В. п.) сөзге емес, Ілік септігіндегі (Р. п.) сөзге сабақталады. Мысалы: *Не приноси книгу.*

Ал қазақ тілінде ондай құбылыс байқалмайды.

Етіс категориясы (Категория залога). Қазақ тілінде де, орыс тілінде де істің субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ, керісінше субъекті мен объектінің іске қатысын білдіретін формалардың жүйесі етіс категориясы деп аталады.

Қазақ тілінде етістер жұрнақтарының түрлеріне, олардың мағыналары мен қызметтеріне қарай бес түрге бөлінеді деген пікірді ғалымдардың көбі қолдайды. Олар мынадай: негізгі етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, өздік етіс.

Ал С. Исаев қазақ тілінде етіс категориясының 4 түрі бар дейді.

С. Исаев негізгі етіс өзге етіс формаларына негіз болатын, солардың түрлерін, мағыналарын, қызметтерін салыстырып айқындайтын форма деген пікірге келіспей, мынадай тұжырым жасайды:

Біріншіден, етістіктің түбір морфемасы мен негізгі етіс формасының бір-бірінен айырмашылығы жоқ екендігін келтіреді.

Екіншіден, негізгі етіс формасы ешқандай форма тудырушы рөл атқармайды дейді.

Үшіншіден, негізгі етіс формасынан етіс категориясының барлық түрлері жасалмайды. Мысалы, ырықсыз етіс тек қана сабақты етістіктерден жасалады, ал ортақ етіс сабақты етістіктерден де, салт етістіктерден де жасалады: үй салынды, мәлімдеме берілді, хат жазысты, т.б.

Ал орыс тілінде М. В. Ломоносовтың «Российская грамматикасынан» бастап етіс категориясының алтыдан екіге дейін түрлері аталып келді (М.Н. Фортунатов, М.Н. Петерсон т.б.). Ал қазіргі орыс тілінде етіс категориясын үш түрге бөледі (В.В. Виноградов, И.Т. Бланов, Галкина-Федорук т.б.).

Бірақ «Русская грамматика» оқулығында (Академическая грамматика, М., «Наука», 1980, 615-616 б.) етіс категориясының бір-біріне қарама-қайшы 2 түрі беріледі: нақты етіс (действительный залог) және ырықсыз етіс (страдательный залог).

Орыс тілінде етіс категориясы етістіктердің сабақталуымен тығыз байланысты. Оның себебі тек сабақты етістіктер ғана тікелей объектіні қажет етеді. Осыған байланысты орыс тілінде сабақты етістіктерден –ся постфиксі арқылы жасалатын, алуан мағына білдіретін орташа өздік етіс (средне-возвратный) деп аталатын етіс категориясы бар. Осылай бола тұра, «Русская грамматика» оқулығында етіс категориясының анықтамасы былай берілген: «Залог как грамматическая категория охватывает все глаголы (а не только переходные). Глаголов, стоящих вне залога, не существует».

Сонымен, екі тілде де етіс категориясы барлық етістіктерге тән, тек жасалу жолдарында айырмашылықтар бар деуге болатын сияқты.

Өздік етіс

(Возвратный залог собственно-возвратного значения)

Өздік етіс **–ын –ін, –ң** жұрнағы арқылы жасалады. Бұл жұрнақ етістік негізіне істің шарпуы не нәтижесі оны жасаушы субъектінің өзіне тиетінін білдіретіндей мән жамайды. Мысалы: *ки-ін, ойла-н* т.б.

Сонымен бірге **–ла+н** қосымшаларынан біріккен құранды **–лан-лен, –дан-ден, –тан-тен** жұрнағы арқылы есімдерден жасалған туынды етістіктер өздік етіс мағынасында жұмсала береді, ал есімдерден **–ырқан, –іркен; –сын, –сін** құранды жұрнақтары арқылы туған етістіктер тікелей өздік етіс мәнін білдіреді. Мысалы: *шат-тан, жүрек-сін* т.б.

Орыс тілінде өздік етіске сәйкес келетін етістің түрі – возвратный залог собственно-возвратного значения деп аталады, **–ся** постфиксі арқылы жасалады: *показал-ся – қорінді*.

Ортақ етіс (Возвратный залог взаимно-возвратного значения)

Ортақ етіс **–ыс, –іс, –с** жұрнағы арқылы жасалады, істі екі не одан да аса субъекті қатысып жүзеге асыратындықты білдіретін мән үстейді, яғни бірнеше субъектінің қатысы арқылы жүзеге асатын амалды білдіреді. Мысалы: *әкеліс, құшақтас* т.б.

–Ла+с тұлғаларынан біріккен құранды **–лас, –лес; –дас-дес; –тас-тес** жұрнағы арқылы есімдерден жасалған туынды етістіктер де ортақ етіс семантикасын білдіреді: *тату-лас, сыр-лас* т.б.

Етістің бұл түріне орыс тілінің возвратный залог взаимно-возвратного значения деп аталатын түрі сәйкес келеді, олар сабақты етістіктерден мынадай жолдармен жасалады:

а) **–ся** постфиксі арқылы тек сабақты етістіктерден: *обнять-ся, целовать-ся* т.б.;

ә) аналитикалық тәсіл арқылы: *вместе рисовать – сурет салысу, помочь сделать – істесу* т.б.

Ырықсыз етіс (Страдательный залог)

Ырықсыз етіс **–ыл, –іл, –л** жұрнағы арқылы және етістік негізінде **–л** дыбысы болса, **–ын –ін –н** жұрнағы арқылы жасалады. Бұл жұрнақ етістік негізінің мағынасына іс өздігінен істелетіндей мән жамайды, бірақ ол формадан істі кім істегені, яғни субъектісі көрінбейді, көбінесе логикалық объекті есебінде қызмет етеді: *терезе жуылды, есік ашылды* т.б. Сонымен қатар, жалаң жұрнақтардан құралған күрделі **–лын, –лін; –ныл, –ніл**; формалары ырықсыз қосымшалар ретінде қызмет етеді: *ет желінді* т.б.

Орыс тілінде де ырықсыз етіс (страдательный залог) іс өздігінен істелетін мағына үстейді, бірақ логикалық субъект болуы мүмкін. Мысалы: *Дом построен (плотником). – Үй салынды. (үйді шебер салды).*

Ырықсыз етіс (страдательный залог) мынадай жолдармен жасалады: Сабақты етістіктерден **–ся, –сь** постфиксі арқылы: *Деньги выдавались вчера. – Ақша кеше берілді.*

Негізінен өткен шақ формасындағы сабақты етістіктерден ықшамдалған ырықсыз есімше арқылы: *Урожай собран. – Астық жиналды.*

Өзгелік етіс (Понудительный залог)

Өзгелік етіс *-т; -тыр, -тір, -дыр, -дір; -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз* жұрнақтары арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар етістік негізінің мағынасына істің басқа бөтен субъект арқылы істелуін білдіретіндей мән үстейді. Мысалы: *қуан-т, бер-гіз, алдыр* т.б.

Етістің бұл түрінде екі субъект қатар көрініс береді: бірі істі істеуге нұсқаушы, мегзеуші, екіншісі сол істі орындаушы. Мысалы: *Мұғалім балаларға диктант жаздырды. Мұнда істі істеуші – балалар. Бұл субъект. Мұғалім сол істі істеуші (инициатор).*

Орыс тілінде өзгелік етіске сәйкес келетін етістің түрі жоқ, қазақ тілінің өзгелік етісі орыс тіліне аналитикалық тәсіл арқылы беріледі. Мысалы: *ашқызу – заставить, попросить открыть*. Кейде сабақты етістіктерден жасалған өзгелік етіс орыс тілінде нақты етіс арқылы беріледі: *ішкізу – напоить, жегізу – накормить* т.б. Өзгелік етіс орыс тіліне контекске байланысты ырықсыз етіс арқылы берілуі мүмкін: *ұрғыздым – я заставил его избить (кого-то)* т.б.

Орыс тілінде өзгелік етіске сәйкес форма болмаса да каузативтік мағынада етістіктер бар. Мысалы: *состарить – қартайту, белить – ағарту, сажать – отырғызу*, т.б.

Жоғарыда айтылғаннан байқағанымыз – орыс тіліндегі каузативтік мағынадағы етістіктер нақты етіске (действительный залог) жатады, бірақ контекске байланысты істің басқа субъект арқылы жасалуын да білдіруі мүмкін. Мысалы: *Я сшил пальто в мастерской. – Мен пальтоны шеберханада тіктірдім.*

Етістіктің сипаты (Виды глагола). Орыс тілінде етістіктер іс қимылдың аяқталу, аяқталмау белгісіне қарай екі үлкен топқа бөлінеді. Егер етістік аяқталған істі білдірсе, етістіктің аяқталған сипатын (совершенный вид) білдіреді. Мысалы: *Студенты скоро сдадут все экзамены*. Етістіктің бұл түрі тек өткен шақ және келер шақтың жай түрінде жұмсалады. Мысалы: *Он в негодованием столкнулся с лестницы. Никто не сомневался, что ловкий мальчик перепрыгнет через широкий ров.*

Ал егер етістік аяқталмаған істі білдірсе, етістіктің аяқталмаған сипатын (несовершенный вид) білдіреді. Бұл етістіктер өткен шақ, осы шақ, келер шақтың күрделі түрінде жұмсалады. Мысалы: *Ученик все еще пишет сочинение. Эту книгу я читал с удовольствием. В течение года я буду работать в городе.*

Аяқталмаған сипат білдіретін етістіктерден іс-қимылдың қайталануын, күнделікті іс екенін білдіретін етістіктер (многократные глаголы) бөлінеді. Мысалы: *Учитель, стоя за моей спиной, поглядывал на мою работу.*

Аяқталмаған сипат етістіктеріне негізінен түбір етістіктер жатады: *писать, читать, рисовать, учить, петь, знать, ходить, спать, сидеть, жить, гореть, делать, строить*.

Бұл топқа етістіктен басқа сөз таптарынан сөз алды қосымшасыз (приставкасыз) жасалған туынды етістіктер жатады: *ночевать, спорить, бранить, скорбеть, грустить, гостить, белеть, белить, темнеть, бледнеть, чистить, зеленеть*.

Ал аяқталған сипат етістіктері (совершенный вид) аяқталмаған сипат етістіктерінен (несовершенный вид) мынадай тәсілер арқылы жасалады:

1. Мына өнімді сөзалды қосымшалардың (приставкалардың) қосылуы арқылы: *писать – написать, петь – спеть, строить – построить, читать – прочитать, слышать – услышать, плакать – заплакать, учить – выучить*. Мысалы: *Артист спел два романса*.

2. **-Ну** жұрнағы арқылы: *блестеть – блеснуть, махать – махнуть, прыгать – прыгнуть, метать – метнуть, капать – капнуть, двигать – двинуть*. Мысалы: *Он ловко прыгнул через забор*.

Ал **-ну** жұрнағы арқылы жасалған кейбір аяқталмаған сипат етістіктерінен сөзалды қосымшалар (приставкалар) арқылы аяқталған сипат етістіктері жасалады: *вянуть – завянуть, вязнуть – завязнуть, гибнуть – погибнуть, глохнуть – заглохнуть, зябнуть – озябнуть, крепнуть – окрепнуть, сохнуть – засохнуть* т.б.

Аяқтамалған сипат етістіктері (несовершенный вид) аяқталған сипат етістіктерінен мынадай жолдар арқылы жасалады:

1) **-ыва, -ива** жұрнағы арқылы: *выдернуть – выдергивать, завязать – завязывать*, т.б. Мысалы: *Строители заканчивали работу*;

2) **-ва** жұрнағы арқылы: *смыть – смывать, согреть – согреть* т.б. Мысалы: *Я всегда успевал записывать лекции*; (**-ва** жұрнағы дауысты дыбысқа аяқталған етістіктерге ғана қосылады да, үнемі екпін түсіп тұрады).

1) **-а, -я** жұрнағы арқылы: *обидеть – обижать, выпечь – выпекать*, т.б. Мысалы: *Вы всегда помогали нам*.

Ал кейбір түбірлері әртүрлі етістіктердің біреуі – аяқталған сипатты етістіктерге жатса, екіншісі – аяқталмаған сипатты білдіреді. Олар мыналар: *брать – взять; говорить – сказать; класть – выкладывать, откладывать – положить, выложить, отложить; ловить – поймать, ложиться – лечь, садиться – сесть, становиться – стать, выходить, ходить, уходить – выйти, идти, уйти*. Ал кейбір етістіктердің аяқталған, аяқталмаған сипат білдіруі екпінге байланысты. Мысалы: *сбегать – сбегать, отрезать – отрезать, разрезать – разрезать, рассыпать – рассыпать, выносить – выносить*.

Орыс тіліне тән аяқталған (совершенный вид), аяқталмаған (несовершенный вид) сипат етістіктері қазақ тіліне етістіктің күрделі тұлғасы арқылы беріледі. Мысалы: *Буду часто писать. – Жиі жазып тұрамын. Написал – жазып қойдым. Напишу – жазып қоямын*.

Етістіктің рай категориясы (Категория наклонения). Зерттеліп отырған тілдерде сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер және олар арқылы берілу жүйесі модальдік категория деп аталады. Ал модальдік категорияның етістік формалары арқылы берілетін амал-тәсілдерінің жүйесі етістіктің райы деп аталады. Екі тілде де етістіктің райлары ашық райлар (индикатив) және ирреальды райлар деп екі салаға бөлінеді (нақты рай және неғайбыл рай).

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де нақты райдың (изъявительное наклонение) арнаулы грамматикалық форманттары жоқ. Өйткені райдың бұл түрі іс-әрекеттің шындыққа қатысын тікелей уақыт, мерзіммен байланысты

көрсетеді. Кез келген етістік лексика-семантикалық мәні жағынан алғанда нақты (реалды) іс-әрекетті білдіреді. Мұндай мағына түбірдің өз бойында болады. Сондықтан ол ешқандай грамматикалық формантты қажет етпейді. Нақты рай (ашық рай) іс-әрекеттің шындыққа қатысын тікелей уақытпен байланысты көрсететіндіктен осы шақ, өткен шақ, келер шақ деп сараланады.

Орыс тілінде нақты райды (ашық рай – изъявительное наклонение) кейбір ғалымдар «нөлдік тұлға» деп айтады. Өйткені орыс тілінде де ашық рай (изъявительное наклонение) индикатив тұлғалары арқылы айтылатын хабардың реальды құбылыс екенін білдіреді, тікелей өткен шақ (прошедшее время), осы шақ (настоящее время), келер шақ (будущее время) категорияларымен байланысты және арнаулы грамматикалық көрсеткіштері жоқ: *читаю – читал*.

Екі тілде де ирреальды райларға амалдың айқын емес екенін білдіретін негативтік сипат тән. Бұл райлардың арнаулы грамматикалық формалары амал-әрекеттің негативтік сипаты – амалды жүзеге асыру сипаты – реальды емес екенін білдіретін көрсеткіштер есебінде қызмет етеді. Жүзеге асуы реальды емес, тек идеальды, неғайбыл амалды білдіретін қосалқы райлар, арнаулы формалары мен модальдік мағыналарына қарай қазақ тілінде бұйрық рай, шартты рай, қалау рай деп үш түрге бөлінсе, орыс тілінде бұйрық рай (повелительное наклонение), қалау рай (сослагательное наклонение) деп 2 түрге бөлінеді.

Бұйрық рай екі тілде де іске қосу, амалды істеуге қозғау салу, түрткі болу, ұсыныс жасау, кеңес беру, тілек айту, өтініш ету, жалыну, бұйыру, әмір ету... тәрізді модальдік мағыналарды білдіреді.

Қазақ тілінде қозғау салу, іске қосу мағынасы бір тыңдаушыға да, көп тыңдаушыға да бағытталады, сондықтан I, II, III жақтардың бәрінде айтылады, етістіктің жалаң және күрделі түрлері арқылы жасалады.

Мысалы:

Мен жазайын
Сен жаз
Сіз жазыңыз
Ол жазсын

Біз жазайық
Сендер жазыңдар
Сіздер жазыңыздар
Олар жазсын

Мен жаза салайын
Сен жаза сал
Сіз жаза салыңыз
Ол жаза салсын

Біз жаза салайық
Сендер жаза салыңдар
Сіздер жаза салыңыздар
Олар жаза салсын

Салғастырып отырған тілдерде модальдік мағыналарды білдіруге лексикалық тәсіл де, грамматикалық тәсіл де, интонация да қатысады. Демек, бұйрық модальдігі тілімізде морфологиялық, лексика-грамматикалық және фонетикалық тәсілдер арқылы беріледі. Мысалы, I жақ формалары **-айын, -ейін, -айық, -ейік** қосымшалары арқылы жасалып, сөйлеушінің орындауды өз міндетіне алғанын, оны істеуге өз ынтасы барлығын білдіреді (жазайын, келейін, жазайық, келейікт.б.). Орыс тілінде бұл тұлғалар аналитикалық формалар арқылы беріледі: *давай приду, давай напишу* т.б.

II жақ формалары нағыз бұйрық мәнімен қатар тілек, өтініш, кеңес, ұсыныс тәрізді модальдік мағыналарды да білдіреді, етістіктің негізімен сәйкес тұлғада беріледі, арнайы қосымшалары жоқ, бірақ сыпайы түрінде – **ыңыз, -іңіз, -ңыз-ңіз** қосымшалары жалғанады. Мысалы: *бар – бырыңыз, кел – келіңіз* т.б.

Ал орыс тілінде бұйрық рыйдың II жақ формасы төмендегідей жолдар арқылы жасалады:

1. Ашық райдың осы шақ немесе келер шақ формаларының негізіне –**и** жалғауының жалғануы арқылы: *принес-и, ид-и* т.б.

2. Кейбір етістіктер негізінен жалғаусыз жасалып, етістіктің негізіне сәйкес келеді. Бұндай етістіктердің негізі бұйрық райда мынадай дыбыстарға аяқталады:

а) жіңішке дауыссыздарға: *брось, встань* т.б.

ә) жіңішкеліктің белгісі бар дауыссыздарға: *намажь, прячь, режь* т.б.

б) –**й** (-йот-қа): *читай, гуляй* т.б.

3. Кейбір етістіктердің бұйрық рай формасы ерекше жасалады:

а) *пью, бью, лью, вью* сияқты етістіктердің бұйрық рай формалары мынадай: *пей, бей, лей, вей*;

ә) *лягу – ляг* ;

б) *ехать* етістігінің бұйрық рай формасы басқа түбірден жасалады: *езжай*.

Бұйрық рай (Повелительное наклонение)

Бұйрық райдың II жақ формасының көптік тұлғасы –**те** жалғауының жалғануы арқылы жасалады: *пей-те, кушай-те* т.б.

Кейде контекске байланысты –**ка** демеулігі де жалғанады: *зайди-ка, неси-ка* т.б. Бұл демеулік қазақ тілінің –**шы, -ші** демеуліктеріне сәйкеседі (*әкелші – принеси-ка* т.б.)

Қазақ тілінде –**сын-сін** формасы (III жақ қосымшасы) бұйрық мәнін білдіріп, амалды жүзеге асыруға қозғау салу реңкін білдіреді. Қозғау салу модальдігі тек жалаң бұйрық қана емес, бұйыруға қатысты кеңес, ұсыныс, әмір, тілек, өтініш тәрізді мағыналарды да білдіреді.

Бұйрық формасына –**шы, -ші** модальдік шылауы тіркесе, ол форма бұйрық мәнінен айырылады да, сұрау, өтіну, жалыну мағынасын білдіреді. Мысалы: *барсын-шы, барайын-шы, бар-шы* т.б.

Орыс тілінде бұйрық райдың III жақ формасы **пусть, пускай** демеуліктерінің осы шақ немесе келер шақ формасындағы етістіктің III жақ тұлғасы, жекеше, көпше форма етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *пусть читают, пусть придут* т.б.

Сонымен, қазақ тілінде бұйрық рай жіктеледі, ал орыс тілінде жіктелмейді. Қазақ тілінде жіктелетін бұйрық райдың формалары орыс тіліне аналитикалық формалар арқылы беріледі. Мысалы:

Мен айтайын.

Давай я скажу.

Сен айт.

Ты скажи.

Сіз айтыңыз.

Вы скажите.

Ол айтсын.

Пусть он скажет.

Шартты рай

(Условно-сослагательное наклонение)

Қазақ тілінде шартты рай формасы етістіктің жалаң (түбір, туынды), күрделі негіздеріне **-са, -се** жұрнағы жалғануы арқылы жасалады. Шартты райдың бұл формасы мағына жағынан басқа бір амалдың не істің жүзеге асу-аспау шартын білдіреді.

Шартты рай формасы үнемі жіктеліп жұмсалады. Мысалы: *мен барсам, сен барсаң, сіз барсаңыз, ол барса, біз барсақ, сендер барсаңдар, сіздер барсаңыздар, олар барса*, т.б.

Ал орыс тілінде сослагательное наклонение істің жүзеге асу-аспау шартымен бірге қалау мағынасын да білдіреді де, мынадай жолдармен жасалады:

Өткен шақ формасындағы етістіктің **-бы** демеулігімен тіркесуі арқылы жасалады: *учил бы, сделал бы*, т.б. бұл демеулік етістіктен басқа сөйлем мүшелерімен де тіркесіп беріле береді. Мысалы: *хоть бы завтра было тепло. Как прекрасна были бы наша земля.*

Сослагательное наклонение тек (род) категориясы бойынша өзгереді де, шақ категориясы бойынша өзгермейді: *читал бы, читала бы*. Бірақ контекске байланысты осы шақ, өткен шақ, келер шақ формаларын білдіре береді. Мысалы: *Если бы не опаздывал на поезд, мы давно были бы в Алмате. Завтра мы бы ходили на концерт.*

Бұл мағыналар қазақ тілінде шартты рай және қалау рай деп екі түрге сараланған.

Қалау рай (Желательное наклонение)

Қалау рай сөйлеушінің белгілі бір амалды не әрекетті жүзеге асыруға бағытталатын ниетін, ынта-тілегін, үміт-арманын білдіреді. Бұл райдың көрсеткіштері есебінде **-ғы+м, +ң, сы кел; -са игі еді; -ғай еді; -са** екен сияқты аналитикалық форманттары қызмет етеді. Мысалы:

Менің оқығым келді.

Біздің оқығымыз келді.

Сенің оқығың келді.

Сендердің оқығыларың келді.

Сіздің оқығыңыз келді.

Сіздердің оқығыларыңыз келді.

Оның оқығысы келді.

Олардың оқығылары (оқығысы) келді.

Бұл тұлға мазмұны жағынан жүзеге асу не аспауы белгісіз келер шақ мәнінде жұмсалудан қатар, өткен шақ пен осы шақ түрлерінде де қолданыла береді.

Күрделі **-ғай** еді форманты арқылы сөйлеуші басқа (II, III) субъектінің белгілі бір амалды жасағанын не орындағанын аңсайды, бірақ одан амалдың қалай тынғаны білінбейді: *сен келгей едің, ол барғай еді*, т.б.

Күрделі (аналитикалық) **-са + игі + еді** форманты арқылы да сөйлеуші басқа (II, III жақ) субъектінің амалды орындауын тек тілек ретінде атайды. Бірақ амалдың нақтылы орындалатыны не орындалғаны аңғарылмайды. Мысалы: *Сендер келсеңдер игі еді* т.б.

Күрделі **-са + еді** форманты амалға тек арман мәнін үстейді, оның орындалуы не орындалмауы жөнінде ешқандай мәлімет білдірмейді: *ол келсе еді* т.б.

Күрделі *-са + екен* форманты да болашақта істелінетін амалды тек аңсап тілейді, бірақ оның жүзеге асу не аспауы тіпті ескерілмейді: *ол ертең келсе екен* т.б.

Қалау райының арнаулы көрсеткіштерінің бәрі орныққан аналитикалық тұлғалар. Олардың құрамындағы *еді, екен* тұлғалары шақтық мәннен әбден айырылып қалған, тек бөлінбейтін бөлшек сияқтанып кеткен.

Шақ категориясы (Категория времени). Шақ категориясы – етістікті өзге сөз таптарынан ерекшелейтін ең негізгі грамматикалық категория. Шақтың мазмұны, оған лайық тұлғалары мен қызметтері адамның сөйлеп не сөйлесіп отырған кезіне байланыстырыла айқындалады. Етістіктің 3 шақ тұлғасы бар: өткен шақ (прошедшее время), осы шақ (настоящее время), келер шақ (будущее время).

Өткен шақ (Прошедшее время)

Екі тілде де сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болған не істеліп тынған амал-әрекетті білдіретін етістіктің формасы өткен шақ деп аталады. Сөйлеу кезінен бұрын болған не істеліп тынған амалды білдіретін етістік формаларына қазақ тілі бай. Семантикалық сипаттарына қарай өткен шақ қазақ тілінде жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ деген үш салаға бөлінеді.

Жедел өткен шақ формалары *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағы арқылы жасалады: *кетті, алды* т.б.

1. Синтетикалық тәсіл:

а) –ған, -ген, -қан, -кен жұрнағы арқылы: *келген, оқығанмын* т.б.;

ә) –ып, -іп, -п жұрнағы арқылы: *көр+іп+ті, жаз+ып+сың* т.б.

Бұл екі тұлғаның арасында мағыналық айырмашылық бар екен айту қажет. *Сен кеше Болатпен киноға барғансың. – Сен кеше Болатпен киноға барыпсың.*

Бірінші жағдайда – сөйлеуші сенің Болатпен киноға барғаныңды нақты біледі. Екінші сөйлемде – нақты білмейді, өз көзімен көрмеген, дәлелі жоқ, тек солай болар-ау деген жорамал.

Кейбір зерттеушілер мұның алғашқысын айғақты өткен шақ, ал соңғысын айғақсыз өткен шақ деп атайды.

2. Аналитикалық тәсіл: есімше, көсемше формалы етістіктің *е* көмекші етістік тұлғасы *еді* мен тікесуі арқылы жасалады: *барып еді, келіп едім* т.б.

Ауыспалы өткен шақ формалары *-атын-етін, -йтын-йтін,* жұрнағы арқылы жасалады: *баратынмын, айтатынсың* т.б.

Орыс тілінде өткен шақтың бір-ақ тұлғасы бар, ол – тұйық етістік тұлғасына негізінен *-л* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Бұл тұлғаның үстіне тек (род) жалғаулары қосылады.

Алайда *-л* жұрнағы *-ну* жұрнағының *г, к, х, з, с, б, п* дауссыздарынан кейін келсе, ер тегі (мужской род) тұлғасындағы етістіктерге жалғанбайды. Мысалы: *оглохнуть – оглох – оглохла – оглохло – оглохли* т.б.

Аяқталған сипатты білдіретін өткен шақ тұлғасындағы етістіктер істің, амал-әрекеттің сөйлеп тұрған кезде дейін болғанын, амал, әрекеттің жүзеге асқанын білдіреді. Мысалы: *Боль прошла, я здорова* т.б.

Кейде аяқталған сипат етістіктерінен етістіктің одағайы (глагольные междометия) деп аталатын өткен шақ формасы жасалады. Мысалы: *хлоп –*

хлопнуть, прыг – прыгнуть, т.б. Бұл форма амал, әрекеттің кенеттен болғанын білдіреді. Мысалы: *Волк вдруг скок к нему тут на полати* (И. Крылов).

Өткен шақтың аяқталмаған сипат тұлғасы істің, амал, әрекеттің сөйлеп тұрғанға дейін болғанын, бірақ іс, қимылдың аяқталмағанын білдіреді. Мысалы: *Шел дождь. Дул ветер* т.б.

Аяқталмаған созылыңқы сипат тұлғасындағы етістіктерден (несовершенный многократный вид) бұрынғы өткен шақ мағынасындағы өткен шақ тұлғасы жасалады. Мысалы: *Здесь барин сиживал один. Здесь с ним обедывал зимою покойный Ленский, наш сосед* (А. Пушкин).

Аяқталған, аяқталмаған сипат етістіктері – было демеулігімен тіркесіп басталып, бірақ аяқталмаған істі, амал-әрекетті білдіреді. Мысалы: *Я было хотел бежать, но было поздно*

Осы шақ (Настоящее время)

Екі тілде де осы шақ формасы сөйлесіп отырған уақыт бойында болатын не болып жататын амал-әрекетті суреттейді. Мағыналық ерекшеліктеріне және оларды білдіретін амал-тәсілдердің қызметтеріне қарай осы шақ категориясы қазақ тілінде 2 түрге бөлінеді:

1. Нақ осы шақ.
2. Ауыспалы осы шақ.

Нақ осы шақ өз ішінде жалаң нақ осы шақ және күрделі нақ осы шақ деп екіге бөлінеді.

Нақ осы шақтың жалаң түрі жатыр, жүр, тұр, отыр деген жай-күй етістіктері арқылы жасалады. Мысалы: *үйде отырмын, сен тұрсың* т.б. Бірақ бұл 4 етістік тек нақ осы шақ мәнін ғана білдіріп қоймайды. Олар нақ осы шақ мағынасын тек тікелей жіктеліп тұрғанда ғана білдіреді (мен отырмын т.б.). Өйткені күй-жай етістіктері қатысатын тіркестердің бәрі бірдей нақ осы шақ қызметін атқара бермейді. Олар есімше, көсемше, рай, шақ формаларында созылыңқы, шұбалаңқы амал-әрекетті, процестерді білдіре отырып, сөйлемнің өзге де мүшелері ретінде қызмет атқара береді. Мысалы: *Жүгіріп жүріп ақшамды ұмытып кетіппін*.

Нақ осы шақтың күрделі түрі көсемшенің өткен шақ (**-ып, -іп, -п**) және осы шақ (**-а, -е, -й**) түріндегі тұлғасына *жатыр, жүр, тұр, отыр* деген жай-күй етістіктерінің біреуі тіркесу арқылы жасалады. Мысалы: *Тыңдап отырмын, келе жатыр* т.б.

Ауыспалы осы шақ (Переходно-настоящее время)

Етістіктің бұл түрі етістік негізіне көсемшенің **-а, -е, -й** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Бұл форма контекстегі қызметіне қарай сөйлеп отырған кезде болатын амал-әрекетті, үнемі істелетін әрекетті, жалпы қимыл, қозғалыс, істі білдіре алады. Сонымен қатар, бұл форма тек жалпы осы шақ мағынасында ғана емес, жалпы іс-әрекетті бұрын болғандай, қазір болып жатқандай және келешекте күмәнсіз болатындай етіп суреттеп көрсету үшін жұмсала береді. Мысалы: *Ол оған сенеді, сондықтан кешірген. Адам басымен ойлайды, жүрегімен сезеді. Ол келеді*.

Орыс тілінде осы шақ (настоящее время) тек аяқталмаған сипатты етістіктерге тән форма.

Орыс тілінің осы шақ формасы мынадай мағына білдіреді:

1. Сөйлеп отырған кезде болатын амал-әрекетті: *ребенок плачет, идет снег*, т.б.

2. Үздік-создық амал-әрекетті: *я посещаю вечерние курсы*.

3. Үнемі істелетін кәсіби және басқа күнбе-күнгі әрекетті, дағдылы жалпы қимыл, қозғалыс, амал, әрекет, істі: *рыба плавает, работает учителем*, т.б.

4. Іс-әрекетті тындаушының көз алдында бұрын болғандай, қазір болып жатқандай және келешекте шүбәсіз болатындай етіп суреттеп көрсетуді: *Они к ней нагнулись, спрашивают: «Что с тобой? Мы завтра уезжаем»*.

Орыс тіліндегі осы шақ формасы аяқталмаған сипаттағы етістіктің негізіне жоғарыда аталған жалғаулардың жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *писать* - *пиш+у, пиш+ешь, пиш+ет, пиш+ем, пиш+ете, пиш+ют*; *читать* – *чита+ю, чита+ет, чита+ешь, чита+ем, чита+ете, чита+ют* т.б.

Келер шақ (Будущее время)

Амал-әрекеттің алдағы уақытта не сөйлеп отырған кезден кейін жүзеге асатыны-аспайтыны не асырылатыны-асырылмайтыны туралы түсінік беретін етістіктің формасы келер шақ категориясы деп аталады.

Келер шақ формалары қазақ тілінде мағыналары мен тұлғалық түрлеріне қарай 3 топқа бөлінеді:

- а) ауыспалы келер шақ (будущее переходное);
- ә) болжалды келер шақ (будущее предположительное);
- б) мақсатты келер шақ (будущее намерения и цели).

1. Ауыспалы келер шақ.

Бұл форма етістік негізіне көсемшенің осы шақ формасының жұрнағы (**-а, -е, -й**) қосылу арқылы жасалады және амал-әрекеттің алдағы уақытта анық жүзеге асатынын білдіреді. Мысалы: *Біз тойға барамыз*.

1. Болжалды келер шақ.

Болжалды келер шақ формасы есімшенің келер шағының (**-ар, -ер, -р**) жұрнағы арқылы етістіктің жалаң және күрделі негіздерінен жасала береді және алдағы уақытта істелетін амал-әрекетті атайды, бірақ ол амалдың жүзеге асу-аспауы екіталай екенін білдіреді. Мысалы: *Сен келерсің*.

2. Мақсатты келер шақ.

Мақсатты келер шақ формасы амал-әрекеттің алдағы уақытта қайткенде де жүзеге асатынын және онда бір мақсат барын қоса білдіреді. Бұл форма етістік негізіне есімшенің мақсатты келер шағының **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** жұрнағының жалғануы арқылы, кейде соңғы жұрнақтың үстіне **-шы-** дәнекері қосылу арқылы жасалады. Мысалы: *Біз ертең кездеспекпіз*.

Орыс тілінің келер шақ (будущее время) формасы 2 түрге бөлінеді: келер шақ формасының жай түрі (будущее простое), келер шақ формасының күрделі түрі (будущее сложное).

Келер шақ формасының жай түрі (простое будущее) мағынасы жағынан қазақ тілінің ауыспалы осы шақ формасына сәйкес келеді. Бұл форма тек аяқталған сипат етістіктерінен жіктік жалғауы арқылы жасалады. Мысалы: *сорвать* – *сорву, сорвешь, сорвет, сорвем, сорвете, сорву*, т.б.

Ал келер шақ формасының күрделі түрі «*быть*» көмекші етістігінің етістіктің инфинитив формасымен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

Я буду читать	Мы будем читать
Ты будешь читать	Вы будете читать
Он будет читать	Они будут читать

Кейде бұл форма *стать, начать* деген етістіктердің көмегі арқылы да жасалады. Мысалы: *Начну работать. Стану помогать*, т.б.

Сонымен, екі тілде де осы шақ, келер шақ, өткен шақ формалары бар, әр шақ формасының өзіне тән жасалу жолдары бар. Қазақ тілінде шақ формалары синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы жасалса, орыс тілінде аналитикалық тәсіл арқылы тек келер шақтың күрделі формасы жасалады.

Жақ категориясы (Категория лица). Жақ категориясы – шақ категориясымен, рай категориясымен байланысты негізгі грамматикалық категориялардың бірі. Жақ категориясы етістіктің жіктелуі арқылы, яғни етістікке жіктік жалғауының жалғануы арқылы беріледі.

Етістіктің жақ категориясы синтетикалық тәсіл (жіктік жалғау), аналитикалық тәсіл (жіктеу есімдіктері) арқылы беріледі.

Мысалы: *бара+сың – пойдешь; мен келе жатырмын – я иду*, т.б.

Жақ категориясы бойынша жіктелетін етістіктер жақты етістіктер (личные глаголы) деп аталады.

Орыс тілінде жіктік жалғауы екі жүйелі (1-спряжение, 2-спряжение), ал қазақ тілінде көп жүйелі (*бар+ды+м, (ол бар+ды), бар+ған+мын, (ол барған), барса+м, барса+қ, барайын, барайық*, т.б.).

Осыған байланысты орыс тілінде бірінші жүйе бойынша жіктелетін етістіктер (первое спряжение), екінші жүйе бойынша жіктелетін етістіктер (второе спряжение) болып бөлінеді.

Осы шақ тұлғасындағы бірінші жүйеге (первое спряжение) мынадай жалғаулар тән:

Жекеше форма:	Көпше форма:
1 жақ – у, ю;	1 жақ – ем;
2 жақ – ешь;	2 жақ – ете;
3 жақ – ет;	3 жақ – ут, ют;

Осы тұлғадағы екінші жүйенің (второе спряжение) жалғаулары мынадай:

1 жақ – у, ю;	1 жақ – им;
2 жақ – ишь;	2 жақ – ите;
3 жақ – ит;	3 жақ – ат, ят;

Жіктелу барысында кейбір етістіктердің негізінде кездесетін ақырғы дауыссыздардың алмасуы байқалады.

Мысалы:

к-ч: *пеку- печешь*

г-ж: *берегу – бережешь*

ж-з: *вожу-возишь*

ж-д: *хожу-ходишь*

ч-т: *лечу-летишь*

ш-с: *прошу-просить*
щ-ст: *лицу-льститъ*
бл-б: *люблю-любить*
мл-м: *кормлю-кормить*
вл-в: *ловлю-ловить*
пл-п: *сплю-спишь*
фл-ф: *графлю-графишь*.

Орыс тілінде жақты етістіктер (личные глаголы) деген етістіктерге жақсыз етістіктер (безличные глаголы) деген етістіктің түрі қарама-қайшы келеді. Бұл тұлға іс-қимыл, амал-әрекетті жасаушыны атамайды. Бұндай етістіктер сөйлемде бастауышсыз қолданыла береді де контекст бойынша да жақ тұлғасы білінбейді.

Орыс тілінде бұндай етістіктер мынадай мағына білдіреді:

1. Табиғат құбылысын: *морозит, темнеет*, т.б.

2. Адам мен жан-жануарлардың сыртқы, ішкі жағдайын, күйін: *знобит, лихорадит*, т.б.

3. Сыртқы құбылыстың әсерін: *веет весной, пахло сыростью*, т.б.

Жақсыз (безличный) етістіктер жекеше, көпше тұлға, жақ тұлғасы бойынша өзгермейді. Мысалы: *морозило, смеркается*, т.б.

Жақсыз (безличные) етістіктер бар сөйлемдер қазақ тіліне жақты сөйлем болып аударылады. Мысалы: *Рассветает. – Таң атып келе жатыр*.

Есімше (Причастие). Екі тілде де етістік негізіне жұрнақтар жалғануы арқылы есімше деп аталатын жаңа категория пайда болады. Оларға етістік қасиеті де, есім қасиеті де тән. Қазақ тілінде бұл категорияға тән тұлғалар қолданылу ынғайына қарай көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларында жұмсалып, сөйлемнің барлық мүшелері бола алады, яғни қазақ тілінде есімшелер субстантивтенеді де, атрибутивтенеді де, предикаттанады да. Мысалы: *Оның айтқаны - осы. Естігеніңді айт. Шақырылғандар кеш келді. Мен кеше келгенмін.*

Сөйлемде қандай қызмет атқарса да, есімшелер өздерінің негізгі сипатынан, шақтық мәнді білдіру сипатынан айырылмайды. Осыған байланысты есімшелер есімдер тобында емес, етістіктер тобында қаралады.

Есімше тұлғалары өткен шақ, осы шақ, келер шақ есімше деп 3 салаға бөлінеді.

1. Есімшенің өткен шақ түрі етістік негізіне **–ған, -ген, -қан, -кен** жұрнағы мен **–атын, -етін, -йтын, -йтін** жұрнағы жалғану арқылы жасалады:

а) **–ған, -ген, -қан, -кен** жұрнағы арқылы жасалған тұлға үнемі өткен шақ мәнін білдіреді: *білген, кеткен*, т.б.

ә) **–атын, -етін, -йтын, -йтін** жұрнағы арқылы жасалатын есімшенің қай мезгілді білдіруі контекске байланысты. Сонымен қатар бұл форма бұрынғы не ертерек кезде болған амал-әрекетті қазіргідей етіп, қалтқысыз сенерліктей етіп көрсету үшін көбірек қолданылады да, осы шақ пен келер шақта болатын әрекетті білдіру үшін сирек жұмсалады: *келетін сияқты, келетін еді, келетін болар*, т.б.

2. Есімшенің осы шақ түрі контекске қарай **-атын, -етін, -йтын, -йтін** жұрнағы арқылы жасалады: айтатын, қарайтын, т.б. Бірақ бұл тұлға сөйлесіп отырған кезді дәл атамайды, дағдаға, әдетке айналған, үйреншікті болған, жалпы жүзеге асып отыратын не істеліп жататын әрекетті білдіреді: *Сенің білгенің де, білетінің де, білерің де – осы.*

3. Есімшенің келер шақ түрі етістік негізіне **-ар, -ер, -р** жұрнағы **мен – мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** жұрнағы жалғану арқылы жасалады:

а) **-ар, -ер, -р** жұрнағы арқылы жасалатын есімше сөйлемде қандай мүше болса да, семантика жағынан үнемі келер шақ мағынасын білдіреді. Бұл есімшелер тәуелденіп те, септеліп те, жіктеліп те қолданыла береді, бірақ оған еш уақытта көптік жалғауы қосылмайды. Мысалы: *Айтар сөзі көп. Көрері көп.*

Бұл есімшенің болымды және болымсыз түрі қайталанып жұмсала береді де, сөйлемде әр түрлі мүше бола алады: *айтар-атпас, келер-келмес; болар-болмас бірдеме жиналыпты, т.б.*

ә) **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** жұрнағы арқылы жасалатын есімше амал-әрекеттің алдағы уақытта жүзеге асуы анық, айқын екенің білдіреді. Мысалы: *Мен саған бармақпын.*

Бұл есімшеге **-шы, -ші** формасы қосылып та жұмсала береді, бұл форма амал-әрекеттің жүзеге асу үмітін нығайта, күшейте түседі. Мысалы: *Ол маған келмекші.*

-Мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жұрнағы етістік негізінің болымсыз түріне қосылмайды. Сондықтан есімшеге емес, жоқ дәнекерлері тіркесіп қана болымсыздық мағына білдіреді. Мысалы: *Айтпақ емес, кет демек жоқ, т.б.*

Ал орыс тілінде есімше (причастие) етістіктің жіктелмейтін формасы. Есімше орыс тілінде баяндауыштың қызметін атқара алмайды, бірақ етістіктің барлық мағынасын сақтайды. Мысалы: *Девушка, приехавшая из столицы. – Девушка приехала из столицы.*

Есімшеге де етістік сияқты етіс категориясы тән. Мысалы: *Мать целует сына. – Целующая сына мать* (нақты етіс). *Девочка одевается. – Одевающаяся девочка* (нақ өздік етіс). *Девушки встретились. – Встретившиеся девушки* (ортақ-өздік етіс). *Книги выдаются библиотекарем. – Книги, выдаваемые библиотекарем* (ырықсыз етіс).

Орыс тіліндегі есімше етістік сияқты аяқталған, аяқталмаған сипат (причастия совершенного, несовершенного вида) болып 2 топқа бөлінеді.

Аяқталған сипат етістігінен аяқталған сипат есімшесі (причастия совершенного вида), ал аяқталмағын сипаттан аяқталмаған есімшесі (причастия несовершенного вида) жасалады. Мысалы: *прочитать – прочитанный, строить – строящий, т.б.*

Етістіктің салт, сабақты болуына байланысты етістіктердің есімше тұлғалары сан жағынан бірдей емес. Осыған байланысты етістіктерді 4 топқа бөлінеді:

1. Аяқталмаған сипаттың салт етістіктері (непереходные глаголы несовершенного вида): *дремать, ходить, гулять, прыгать, идти, т.б.*

2. Аяқталмаған сипаттың сабақты етістіктері (переходные глаголы несовершенного вида): *решать, смотреть, спрашивать, т.б.*

3. Аяқталған сипаттың сабақты етістіктері (переходные глаголы совершенного вида): *спросить, повторить, принести*, т.б.

4. Аяқталған сипаттың салт етістіктері (непереходные глаголы совершенного вида): *убежать, прыгнуть, уйти, заняться*, т.б.

Жоғарыда айтылғандай орыс тілінде есімшенің 2 түрі бар: нақты есімше (действительное причастие) және ырықсыз есімше (страдательное причастие).

Орыс тілінде есімше мынадай жолдар арқылы жасалады:

1. Осы шақ формасының негізінен **-ущ, -ющ, -ащ, -ящ** жұрнақтары арқылы осы шақ формасының нақты есімшесі (действительное причастие настоящего времени) жасалады: *читает – читающий, держит – держащий*, т.б.

2. Тек сабақты етістіктерден **-ем, -им, -ом** жұрнақтары арқылы осы шақ формасының ырықсыз есімшесі (страдательное причастие настоящего времени) жасалады: *ведомый, видимый*, т.б.

3. а) **-л** жұрнағына аяқталатын өткен шақ етістігінің негізінен **-вши** жұрнағы арқылы өткен шақ формасының нақты есімшесі (действительное причастие прошедшего времени) жасалады: *прочитал – прочитавший, думал – думавший*, т.б.;

ә) ал егер өткен шақ формасындағы етістік **-л** жұрнағына аяқталмаса немесе осы шақ не келер шақ формаларының негізінен жасалса, **-ши** жұрнағы арқылы да өткен шақ формасындағы нақты есімше (действительное причастие прошедшего времени) жасалады: *замерз – замерзший*, т.б.

Бұл заңдылыққа бағынбайтын есімшелер де бар, оларды есте сақтаған жөн: *вел – ведший, расцвел – расцветший*, т.б.

Өткен шақ формасының ырықсыз есімшесі (страдательное причастие прошедшего времени) төмендегідей жолмен жасалады:

а) егер өткен шақ формасындағы етістіктер **-ал, -ял, -ел** жалғауларына аяқталса, етістік негізіне **-ни** жұрнағының қосылуы арқылы: *сделанный, стиранный*, т.б.

ә) егер етістік **-ил** жалғауына аяқталса, **-ени** жұрнағы арқылы: *купил-купленный, построил – построенный*, т.б.

б) **-оть, -ноть, -ть, -ти** жалғауларына аяқталатын етістіктерден **-т** жұрнағы арқылы: *бить – битый, задвинуть – задвинутый*, т.б.

Орыс тілінің осы шақ формасындағы **-ущ, -ющ, -ащ, -ящ** жұрнақтары арқылы жасалатын нақты есімшесіне (действительное причастие настоящего времени), біріншіден қазақ тіліндегі **-шы-ші** жұрнағы жалғанған тұйық етістік сәйкес келеді: *апарушы – несущий, жасаушы – делающий*, т.б., екіншіден, көсемше мен өткен шақ формасындағы есімшенің тіркесуі арқылы жасалған тұлға сәйкес келеді: *несущая – апара жатқан*, т.б.

Өткен шақ формасындағы **-вши, -ши** жұрнақтары арқылы жасалған нақты есімше тұлғасына қазақ тілінде **-ған, -ген, -қан, -кен** жұрнағы арқылы жасалған есімшелер сәйкес келеді: *взявший – алған*, т.б.

Орыс тіліндегі есімшенің екінші түрі – ырықсыз есімше (страдательное причастие). Бұл тұлға басқа бір заттың іс-қимылының ықпалы арқылы берілетін заттың сипатын білдіреді.

Бұл тұлғаның *-ем, -им* жұрнақтары арқылы жасалатын осы шақ формасы қазақ тіліне төмендегідей беріледі:

а) ырықсыз етіс формасындағы етістікке *-шы, -ші* жұрнағының қосылуы арқылы: *жіберілуші – посылаемый*, т.б;

ә) ырықсыз етіс формасындағы ауыспалы өткен шақ есімшесі арқылы: *жіберілетін – посылаемый*, т.б;

б) көсемше формалы ырықсыз етіс формасының көмекші етістіктен жасалған өткен шақ формасындағы есімшемен тіркесуі арқылы: *посылаемый – жіберілгелі жатқан*.

Ырықсыз есімше тұлғасының *-ни, -ени, -т* жұрнақтары арқылы жасалған өткен шақ формасындағы есімшелерге қазақ тілінде ырықсыз етістің өткен шақ формасындағы есімшелер сәйкес келеді: *сделанный – жаса+л+ған*, т.б.

Орыс тілінің аяқталған сипат тұлғасындағы есімшелерін қазақ тіліне төмендегідей жолдармен беруге болады:

1. Өткен шақ формасындағы есімше арқылы: *оқылған, апарған*, т.б.

2. Есімшенің күрделі формасы арқылы: *оқылып болған, жазып біткен*, т.б.

Орыс тілінде есімшенің 2 шақ формасы бар: осы шақ, өткен шақ. Келер шақ формасы жоқ.

Орыс тілінде есімшенің өздік (возвратное), өздік емес (невозвратное) тұлғалары бар.

Өздік тұлға (возвратная форма) *-ся, -сь* постфиксіне аяқталатын өздік етістіктерінен жасалады: *вертится колесо - вертящееся колесо, разбугиевалось море - разбушевавшееся море*, т.б.

Осыған байланысты *-ся-* постфиксі тек өздік есімшелеріне ғана жалғанады.

Есімшенің есім қасиеті

(Признаки прилагательного у причастия)

Орыс тілінде есімше сын есім сияқты толық (полная форма причастия) және ықшамдалған есімше (краткая форма причастия) деп екіге бөлінеді. Есімшенің толық түрі сын есім сияқты көптеледі, септеледі, тек (род) категориясы бойынша өзгереді. Мысалы: *школа построена, дом убран - построенная школа, убранный дом*, т.б.

Көпше формада ғана тек (род) категориясы бойынша өзгермейді: *танцующая девушка, танцующий парень, но танцующие девушки, танцующие парни*, т.б.

Есімше сын есім сияқты зат есіммен тіркесіп келгенде, зат есіммен ыңғайласып септеледі, көптеледі, тек категориясы бойынша өзгереді. Мысалы: *Мать, думающая о детях, отец, думающий о детях*, т.б.

Орыс тілінде есімшенің ықшам түрі ырықсыз есімшенің осы шақ формасының аяқталмаған сипат етістіктері мен өткен шақ формасының аяқталған сипат етістіктерінен жасалады: *она уважаема и любима, письмо отправлено*, т.б.

Есімшенің ықшам тұлғасы септелмейді, бірақ көптеледі, тек категориясы бойынша өзгереді, сөйлемде баяндауыштың қызметін атқарады. Мысалы: *Роман прочитан*.

Есімшенің субстантивтенуі және атрибутивтенуі

(Субстантивация и атрибутивация причастия)

Орыс тілінде есімшелер сын есімге ауыса береді. Мысалы: блестящая способность, угнетенное настроение, т.б.

Бірақ есімшелерге сипат пен шақ формалары тән. Ал есімшелерден болған сын есімдерде сипат, етіс, шақ категориялары жоқ, олар заттың сипатын білдіреді. Мысалы: бывший студент.

Орыс тілінде есімшелерден сын есімге айналған сөздер зат есім де бола алады. Мысалы: Раненные в бою воины были доставлены в госпиталь. Раненые воины доставлены в госпиталь. Раненые доставлены в госпиталь.

Орыс тілінде анықтаушы сөз үнемі есімшеден кейін тұрады: прочитанная мною книга.

Бірақ, егер логикалық екпін анықтаушы сөзге түссе, ол есімшенің алдында да кездеседі: Мною прочитанная книга.

Демек, орыс тілінде сөйлемде есімше анықтауыш сөздің алдында да, одан кейін де тұрады. Мысалы: Он увидел приехавшую к подруге девушку. - Он встретил девушку, приехавшую к подруге.

Екінші сөйлемде есімше зат есіммен тіркесіп берілген, бұл тіркес орыс тілінде есімшелі түйдек (причастный оборот) деп аталады да, анықтаушы сөзден кейін тұрса, үтірмен жіктеледі.

Орыс тіліндегі есімшелі түйдекті (причастный оборот) қазақ тіліндегі күрделі анықтауыш, үйірлі анықтауыш дегендермен салыстыруға болады. Мысалы: Ол құрбысына келген қызды көрді. Қазақша тек осылай ғана қолданылады. Өйткені қазақ тілінде (жалпы түркі тілдерінде де) анықтауыш үнемі анықталатын сөздің алдында тұрады.

Ал мынаны қараңыз: Таудан төмен қарай сырғанаған шаңғышылар ауыл клубының алдына келіп тоқтады. Осы сөйлемді орыс тіліне есімшелі түйдек арқылы аударуға болады (Лыжники, спускающиеся с горы, остановились у аульного клуба). Сондай-ақ, есімшелі түйдекті анықтауыш бағыныңқылы сөйлем арқылы да беруге болады: Лыжники, которые спускались с горы, остановились у аульного клуба. «...кесі қаладан келген баласына қатты қуанды» деген сөйлемді қараңыз, т.б.

Көсемше (Деепричастие). Екі тілде де етістік негіздерінен арнаулы қосымшалар арқылы жасалып, тиісті дәрежеде шақтық, модальдік және басқа мәндерді білдіретін ерекше тұлғалар көсемше категориясы деп аталады.

Қазақ тілінде көсемшелер етістіктің жалаң және күрделі негіздеріне, қимыл атауларына, есімшелерге, рай формаларына, көсемшелердің өздеріне басқа дәнекерсіз еркін тіркесіп, олардың белгілерін, сипаттарын білдіреді де, сөйлемде көбінесе динамикалы адвербиал болып қызмет атқарады. Мысалы: Ол күліп айтты; күле айтты; күле айтқанша; күліп айтқандай; күліп айта ма екен; күліп айтып отырды, т.б.

Сонымен қатар, көсемшелер бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы да бола береді. Мысалы: Күн жылынып, қар ереді. Олар бармай, сен келме. Біз келгелі, ауа-райы жылынды, т.б.

Көсемшелер морфологиялық жағынан түрленбейді, яғни көптелмейді, септелмейді, тәуелденбейді. Тек қолданылу ретіне қарай жіктеледі, сөйлемде

пысықтауыш, баяндауыш қызметін атқарады.

Сонымен, көсемшелердің қалыптасқан қызметі етістіктің белгісін білдіру болады да, етістіктің негізгі бір категориясы саналады. Осыған орай, шаққа қатысына қарай, көсемшелерге төмендегідей қысқаша сипаттама беріледі:

1. Өткен шақ көсемше етістік негізіне -ып (-іп,-п), -галы (-гелі, -қалы, -келі), -ғанша (-генше, -қанша, -кенше) жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Бұл формалы көсемше сөйлемде амалдың белгісін, бейнесін, мезгілін, тәсілін, себебін және басқа сипатын білдіретін дара не күрделі пысықтауыш болады. Мысалы:

Ол оны сағынып келіпті. Ол университетті жұмыс істей жүріп бітірді. Жылап - жылап шаршады, т.б.

Сонымен қатар бұл формалы көсемше бағыныңқы сөйлемнің де, басыңқы сөйлемнің де баяндауышы болады; күрделі (аналитикалық) етістіктің жетекші компоненті болып қызмет етеді; бірінен соң бірі, бірімен-бірі жалғаса, бірімен-бірі жарыса - қабаттаса істелген бірнеше амалдың не бейнесін, не бірнеше амалдың өзін білдіретін бірыңғай мүше бола алады. Мысалы: Жел көтеріліп, жауын басылды. Олар келсе, біз қуанып қарсы аламыз. Шаршап кеттім. Кешігіп қала жаздады. Ол келіп, үйді жинап, кір жуып кетті.

Өткен шақ мәні -ып (-іп, -п) формалы көсемше түрінде контексте байланысты айқын білінеді. Мысалы: Ол оқыпты. Сен барыпсың, т.б.

Ал көсемшенің -галы (-гелі, -қалы, -келі); -ғанша (-генше, -қанша, -кенше) жұрнақтарының шақтық мәні контексте қолданылу ыңғайына қарай, бірде өткен шақ, бірде келер шақ реңкіне көшіп отырады. Мысалы: Кездеспегелі көп уақыт өтті. Оған барғанша, үйге барамын.

Сондықтан -галы (-гелі), -ғанша (-генше) жұрнақты көсемшелер ауыспалы өткен шақ көсемшелері деп аталады.

2. Осы шақ көсемше -а(-е, -й) жұрнағы арқылы жасалады. Бұл форма амалдың белгісін, мезгілін, тәсілін, мақсатын, себебін, басқа амалмен жарыстырыла не жол-жөнекей істелу сипаттарын білдіреді, құрмаластың бағының қысында, жалаң және жай сөйлемдерде баяндауыш болады, аналитикалық етістіктің жетекші компоненті болады. Мысалы: Ол оны құшақтай алды. Біз жүре келе көп нәрсені түсіндік. Жаз шығады. Құстар ән салады. Бере сал. Көмектесе алмады, т.б.

Бұл форма қолданылу ыңғайына қарай контексте осы шақ мәнін де, келер шақ мәнін де білдіреді. Сондықтан ауыспалы осы шақ формасы деп аталады. Мысалы: Күле сөйлеп отыр. Көмектесе алады.

3. Келер шақ көсемше -а (-е, -й), -галы (-гелі), -ғанша (-генше) жұрнақтары арқылы жасалады. Бірақ бұл қосымшалар өткен шақ (-галы, -ғанша), осы шақ (-а) түрлерін жасайтындықтан, ауыспалы келер шақ деп аталады. Мысалы: Ол асыға сөйледі Біз сізбен кездескелі келдік. Біз келгенше дайын бол.

Қазақ тілінде құранды, көне -ма+йын+ша (-мейінше, -байынша, -бейінше, -пайынша, -пейінше) жұрнағы арқылы жасалатын көсемшенің ерекше бір түрі бар. Мысалы: Хат жазбайынша, келмеймін.

Бірақ бұл форма әлі зерттелмеген, сондықтан грамматикалық формалар қатарына енгізілмеген дейді А. Ысқақов.

Ал орыс тілінде көсемше (деепричастие) етістіктің де, үстеудің де қасиеттерін білдіреді. Бұл етістіктің өзгермейтін формасы болып табылады. Орыс тілінде көсемше негізгі іс-қимылға қосымша мән үстейді. Мысалы: Закончив учебу, она приехала устраиваться на работу. Готовясь к занятиям, они занимались в библиотеке.

Көсемше орыс тілінде шақтық мағына білдірмейді. Мысалы: Бросив учебу, она едет в деревню. - Бросив учебу, она поехала в деревню.

Орыс тілінде көсемше салт және сабақты болып бөлінеді. Салт етістіктерден жасалған көсемше салт көсемше деп аталады. Мысалы: Торопиться - торопясь, соревноваться - соревнуясь; асығу - асыға, жарысу - жарысып, т.б. Сабақты етістіктерден жасалған көсемшелер сабақты көсемше деп аталады. Мысалы: бітіру - бітіріп, закончить - закончив, тыңдау - тыңдай, слушать - слушая, т.б.

Көсемше орыс тілінде сипат категориясын да қабылдайды. Аяқталған сипат етістігінен (глаголы совершенного вида) –вн -ши, -вши жұрнақтары арқылы аяқталған сипат көсемшесі (деепричастие совершенного вида) жасалады. Аяқталмаған сипат етістігінен (глаголы несовершенного вида) -а, -я жұрнақтары арқылы аяқталмаған сипат көсемшесі (деепричастие несовершенного вида) жасалады. Мысалы: играть - играя, сидеть - сидя аяқталмаған сипат көсемше (деепричастия несовершенного вида); нарисовал - нарисовав, привел -приведши көсемшенің аяқталған сипаты (деепричастие совершенного вида).

Орыс тілінде көсемше етістік сияқты өздік етіс тұлғасын қабылдайды. Бұл форма -ся, -сь демеулігі арқылы жасалатын өздік етістігінен (возвратный глагол) -ся, (-сь) демеулігін сақтай отырып жасалады. Мысалы: кружиться - кружась, улыбаться -улыбаясь, т.б.

Өздік етістік (возвратный глагол) -ся формантының өзі -себя деген есімшенің грамматикализацияланған түрі деген пікір бар. Бұл екеуінің арасындағы семантикалық жақындық осыған меңзейді.

Жалпы орыс тілінде көсемше төмендегідей жолдармен жасалады:

1. Осы шақ етістігінің негізінен -а -я жұрнағы арқылы аяқталмаған сипат көсемшесі жасалады: требуют - требуя, сидят - сидя, т.б.

2. Тұйық етістік (инфинитив) негізінен -в, -ши, -вши жұрнақтары арқылы аяқталған сипат көсемшесі жасалады: посидеть - посиде-в, заниматься - позанима-вши-сь, т.б.

3. -да, -зна, -ста түбірлерінен кейін келетін -ва жұрнағы арқылы жасалған кейбір тұйық етістіктердің негізінен аяқталмаған сипат көсемшелері жасалады: давать - давая, признавать - признавая, т.б.

4. Кейбір келер шақ формасындағы етістіктердің негізінен де аяқталған сипаттағы көсемшелер жасалады: увид-ят - увид-я, пройдут - пройд-я, т.б.

5. Кейбір етістіктерден аяқталған сипаттағы көсемшелер 2 тәсіл арқылы жасалады: принести -принеся -принесши, т.б.

Сонымен қатар, орыс тілінде көсемше жасалмайтын етістіктер де бар. Оларға мыналар жатады:

а) ждать, пить, мять, резать, печь, петь, тереть, пахать, бежать, жать,

стеречь, писать, бить, шить, течь, т.б.;

ә) -ну жұрнағы арқылы жасалған аяқталмаған сипат етістіктерінен -а -л жұрнақтары арқылы көсемшелер жасалмайды: сохнуть, мокнуть, тянуть, вянут, т.б.

б) кейбір сөзалды қосымшасыз (приставкасыз) жасалған етістіктерден де көсемшелер жасалмайды: носить - (приносить - принося), ходить - (заходить - заходя), т.б.

Орыс тілінде көсемшенің басқа сөздермен тіркесуі көсемшелі түйдек (деепричастный оборот) деп аталады. Көсемшелі түйдек (деепричастный оборот) сөйлемнің басында, ортасында, аяғында тұра береді және үтірмен ажыратылады. Мысалы: Стоя возле окна, она читала стихи. Она, стоя возле окна, читала стихи. Она читала стихи, стоя возле окна.

Көсемшелі түйдек (деепричастный оборот) қазақ тіліндегі күрделі пысықтауыш, үйірлі пысықтауыш дегендерге жақындасады. Мысалы: Шортан балың аузын ашып, шалажансар жатыр. - Щука чуть жива лежит, разинув рот. Қасқыр түнде қой қораға түсемін деп (ойлап), ит қораға түсті. - Волк ночью, думая залезть в овчарню, попал на псарню.

Қазақ тілінде көсемше - пысықтауыштың орны тұрақты: үнемі баяндауыштың алдында тұрады. Мысалы: Ол отырып әңгімелесті. - Он сидя беседовал. Он беседовал сидя.

Тағы бір айта кететін жай - орыс тілінде де кейбір көсемшелер үстеуге айналады: действують не прячась, учить лежа, смотреть молча, жить припеваючи. Ал кейбіреулері шылауларға айналған: благодаря, начиная, кончая, несмотря на, спустя, включая, не считая, т.б.

Міне, екі тілдегі көсемшелерге байланысты ұқсастықтар мен айырмашылықтар осындай.

8- тақырып. Үстеу (Наречие)

Жоспары:

1 Үстеудің қызметі (Функции наречии)

2 Үстеудің мағыналық топтары (Виды наречии).

Үстеудің қызметі (Функции наречии). Заттың әрқилы қимылы мен ісінің әр түрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй-жайларын және сынның белгісін білдіретін сөздер үстеу деп аталады.

Қазақ және орыс тілдерінде үстеу сөздер морфологиялық жағынан негізінен түрленбейді, бірақ қазақ тілінде кейде түрленеді.

Екі тілде де үстеу сөздер морфологиялық құрылысы мен құрамы жағынан екі топқа бөлінеді:

Негізгі үстеулер (непроизводные) және туынды үстеулер (производные).

Негізгі үстеулер деп қазіргі кезде морфемаларға бөлшектеуге келмейтін, тек белгілі бір тұлғада қалыптасқан сөздер аталады. Мысалы: әрең, азар (эзер), жорта, үнемі, дереу, шапшаң, т.б. Қазақ тілінде қазіргі кезде мүшелеуге

келмейтін негізгі үстеулер деп аталатын сөздердің өздерін іштей екі топқа бөлуге болады. Олардың бір тобына мына сияқты сөздер жатады: әуелі, қазір, дәйім, әмән, мүлде, орасан, ересен, кілең, т.б.

Екінші топқа ерте кездерде әр түрлі тұлғаларда көнеленіп қалыптасқан туынды сөздер жатады: ішкері -іш+кері, сыртқары - сырт+қары, тысқары - тыс+қары.

Негізгі үстеулердің мынадай ерекшеліктері бар:

1. Негізгі үстеулердің көпшілігінен шырай категориясы жасалады, яғни оларға -рақ-рек, -ырақ-ірек, -лау-леу, -дау-деу, -тау-теу жұрнақтары және күшейтпелі шырай тудыратын өте, аса, тым, т.б. сияқты көмекші сөздер тіркесіп қолданылады. Мысалы: әрі - әрірек - әрілеу - тым әрі, т.б.

Орыс тілінде де үстеулерге шырай тұлғасы тән. Салыстырмалы шырай тұлғасы -ее, -ей, -ше жұрнақтары мен по - сөзалды қосымшасы арқылы жасалады: побыстрее, быстрее, т.б.

Ал күшейтпелі шырай тұлғасы аналитикалық тәсіл арқылы, яғни всех, всего есімдіктерінің салыстырмалы шырай тұлғасымен тіркесуі арқылы жасалады: лучше всех, больше всего, т.б.

Үстеулерден шырай жасалуы үстеулердің сын есімге жақындығынан ба, әлде шырай категориясының сын есімге де, үстеуге де ортақтығынан ба деген сұрақ туады. Кейбір сапалық сын есімдердің үстеу қызметін атқаруы да (Сенің келгенің жақсы болды) осындай сұраққа жетелейді. Бұл мәселе тереңірек зерттеуді қажет етеді. Тегінде, үстеулердің біразы сын есімдердің трансформациялануы нәтижесінде пайда болған сияқты. Оған дәлел: 1. Кейбір үстеулердің шырай жасайтындығы 2. Кейбір сын есім сөздердің үстеу қызметін атқара алатыны.

Бұл тарихи құбылыстың қазақ тілінде сілемі сақталған. Орыс тілінде тұлғалық жағынан дербестелгенмен семантикалық жақындық үзілмеген: хороший - хорошо, плохой - плохо. Бұлар тұлғалық жағынан дербес сөздер болғанымен, семантикалық байланыс үзілмеген.

2. Негізгі үстеулердің кейбіреулері қосарланып та, плеоназм жолымен қабаттаса да қолданылады: бостан-босқа, құр босқа, т.б.

3. Негізгі үстеулерден қосымшалар арқылы да, қосарлану арқылы да, басқа сөздермен тіркесіп те туынды үстеулер жасала береді: әдейілеп, әрі-бері, әрең-әрең, т.б.

Ал орыс тілінде этимологиялық жағынан есімдіктермен байланысты, көнеленіп қалыптасқан, қазіргі кезде негізгі үстеулерге жататын мына сияқты сөздер бар: где, здесь, там, всюду, иногда, т.б.

Туынды үстеулер (производные наречия) деп басқа сөз таптарынан түрлі қосымшалар арқылы, бірігу, қосарлану, тіркесу тәсілдері арқылы, сондай-ақ, кейбір сөз тіркестерінің тұрақтануы арқылы жасалған үстеулер аталады.

Құрылысы мен құрамы жағынан туынды үстеулер екі топқа бөлінеді:

а) жалаң туынды үстеулер; ә) күрделі туынды үстеулер.

Жалаң туынды үстеулер түрлі қосымшалар арқылы жасалады. Бұл қосымшалар екі түрлі болады: а) жұрнақтар;

ә) көнеленген жалғаулар.

Үстеу тудыратын жұрнақтар мыналар:

а) -ша, -ше: көзімше, адамша\

ә) -дай, -дей, -тай, -тей: қыстай, жасташ

б) -дайын, -дейін, -тайын, -тейін: түлкідейін, бөрідейін;

в) -шалық (-ша+лық), -шама (-ша+ма): осыншама, соншалық

г) -лап-леп, -дап-деп, -тап-теп формалары арқылы тек адвербиалданған тұлғалар ғана үстеуге жатады: жаяулап, жиырмалап;

д) -шылап-шілеп: итшілеп, жылқышылап;

е) -қары-кері: тысқары, ұшқары;

ё) -ын -ін, -сын-сін: жасырын, таңертеңгісін. Жалаң туынды үстеулер тудыратын көнеленген жалғаулар мынадай:

а) Барыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер: бос+қа, тек+ке, т. б;

ә) Жатыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер: лезде, кейде, т. б;

б) Шығыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер: жүресінен, кеңінен, т. б;

в) Көмектес септіктің көнеленуінен туған үстеулер: жөнімен, ретімен, т.б.

Күрделі туынды үстеулер деп екі сөзден бірігіп не қосарланып жасалған немесе екі не одан да көп сөздерден тіркесіп тұрақтанған үстеулер аталады. Бұлар үш түрлі жолмен жасалады:

а) басқа сөз таптарына тән сөздердің бірігуі арқылы: түнеугүні, бірқатар, т.б.;

ә) сөздердің қосарлануы арқылы: анда-санда, көзбе-көз, т.б.;

б) мағына жағынан бір сөз ретінде қолданылатын грамматикаланған және идиомаланған тұрақты тіркестер: қас пен көздің арасында, күні кеше, т.б.

Орыс тілінде де туынды үстеулер (производные наречия) зат есімнен, сын есімнен, есімдіктерден, сан есімдерден әр түрлі тәсіл арқылы жасалады. Мысалы, зат есімдерден мынадай жолдар арқылы жасалады:

1. Жекеше тұлғаның Көмектес септігіндегі (Творительный падеж) зат есімдерден: летом, вечером, т.б.

2. Ілік септігіндегі (Родительный падеж) без, с, из, до шылаулары арқылы жасалған зат есімдерден: сзади, сбоку, до смерти, без оглядки, т.б.

3. Табыс септіктегі (Винительный падеж) в, на шылаулары арқылы жасалған зат есімдерден: вверх, насмерть, т.б.

4. Барыс септіктегі (Дательный падеж) к, по шылаулары арқылы жасалған зат есімдерден: книзу, поневоле, т.б.

5. Көмектес септікте (Творительный падеж) за, под, с шылаулары арқылы жасалған зат есімдерден: замужем, со временем, т.б. 6. Предложный падеждегі в, на шылаулары арқылы жасалған зат есімдерден: вначале, наверху, т.б. Ал сын есімдерден орыс тілінде үстеулер мынадай жолдармен жасалады:

1. Сапалық сын есімдердің негізінен -о, -е жұрнақтары арқылы: гладкий - гладко, темный -темно, т.б.

Кейде қатыстық сын есімдерден де -о, -е жұрнақтары мен по - сөзалды қосымшасы арқылы үстеулер жасалады: понедельно, ежемесячно, т.б.

2. Қатыстық сын есімдерден по- сөз алды қосымшасы мен -ьи, -и жұрнақтары арқылы: по- лисьи, по-братски, т.б.

3. Сын есімдердің ықшам тұлғасының септік тұлғаларында шылаулармен

тіркесуі арқылы: издалека, снова, т.б.

Сан есімнен үстеулер төмендегіше жасалады:

1. Атау (Именительный), Табыс (Винительный) септік тұлғаларындағы один есептік сан есімінен немесе сандық мағына білдіретін зат есімнен: один на один, один раз, т.б.

2. Есептік сан есімдерден -ды жұрнағы арқылы: дважды, трижды, т.б.

3. Предложный падеж тұлғасындағы жинақтық сан есімдерден в шылауы арқылы: втроем, -вдвоем, т.б.

4. Табыс септік (Винительный падеж) тұлғасындағы жинақтық сан есімдерден в, на, по шылаулары арқылы: втроем, по четыре, т.б.

5. Предложный падеж тұлғасындағы реттік сан есімдерден в (во) шылауы арқылы: во-первых, в-пятых, т.б.

Есімдіктерден жасалған үстеулер екі топқа бөлінеді:

1. Қазіргі орыс тілінде есімдіктермен, үстеулермен ешқандай сөзжасамдық байланысы байқалмайтын үстеулер: сюда, там, тут, здесь, когда, как, откуда, нигде, куда, т.б.

2. Септік тұлғаларындағы есімдіктерден шылаулар арқылы жасалған немесе есімдіктердің басқа сөздермен тіркесуі арқылы жасалған үстеулер:

а) есімдіктерден -не, -ни демеуліктері арқылы:

никогда, некуда, т. б; э) Барыс септік (Дательный падеж) тұлғасындағы тәуелдеу есімдіктерден -по шылауы арқылы: по-твоему, по-нашему, т.б. Көсемше тұлғалы кейбір етістіктерден -а, -я, -учи, -ючи жұрнақтары арқылы үстеулер жасалады: припеваючи, нехотя, т.б.

Бұл топқа мынадай тұрақты тіркестер де жатады: спустя рукава, сложаруки, сломя голову, повеся нос, т.б.

Сонымен қатар орыс тілінде де үстеулер қосарлану тәсілі арқылы, басқа сөздермен тіркесіп те жасалады. Мысалы: точь-в-точь, слово в слово, бок о бок, изо дня в день, т.б.

Тағы бір айта кететін жай - орыс тілінде кейбір үстеулер сан есімнің сын есіммен тіркесуі арқылы да жасалады: втридорого, стомиллионный, т.б.

Орыс тілінде де тұрақты тіркестер үстеулерге жатады: средь бела дня, вверх ногами, из рук вон плохо, т.б.

Кейбір көмекші сөздер де контекске байланысты үстеудің қызметін атқара алады. Мысалы: Лебедь около плывет, злого коршуна клюет.

Сонымен, үстеулер орыс тілінде негізінен сөзалды қосымшалар мен жұрнақтар арқылы, яғни по- сөзалды қосымшасы мен -о, -е, -и, -ни, -ому-ему, -ски жұрнақтары арқылы жасалатынын байқадық.

Қазақ тілінде үстеулер негізінен пысықтауыш мүше болып қызмет атқарады. Мысалы: Жұмыстан кеш келді.

Кейбір үстеулер сын есімді, зат есімді, тіпті үстеудің өзін де айқындайды. Мысалы: Ол сонша ренжіді. Сен сонша қатты сөз айттың. Сонша ақшаны кім берген?

Ал енді бір үстеулер баяндауыш та бола алады. Мысалы: Сен сондасың ба?

Кейде контекске байланысты үстеулік қасиеттен айрылып, бастауыш не

толықтауыш бола алады. Мысалы: Ертең - халық тойы. Кешегіні - болашақ жеңеді.

Үстеулер сөйлемде пысықтайтын не айқындайтын сөзден бұрын тұрады. Бірақ мезгіл үстеулер баяндауышты пысықтаса, одан алшақ та тұра береді.

Ал орыс тілінде үстеулер пысықтауыштың, кейде анықтауыш, толықтауыш, бастауыш, баяндауыштың қызметін атқарады. Мысалы: Она задумчиво смотрела на картину. Дверь налево ведет в столовую. Откуда взял столько силы! Наше завтра будет еще лучше.

Үстеудің мағыналық топтары (Виды наречий). Екі тілде де үстеулер мағынасы жағынан төмендегідей жіктеледі:

1. Мезгіл үстеулері (Наречия времени) қимылдың жалпы мерзімін не дәл мезгілін білдіреді. Қазақ тілінде қашан? қашаннан? сияқты сұрауларға жауап береді: күні бойы, т.б.

Ал орыс тілінде когда? с каких пор? до каких пор? деген сұрауларға жауап береді: рано, поутру, т.б.

2. Мекен үстеулері (Наречия места) қимылдың мекенін, бағытын білдіреді. Қазақ тілінде қайда? қайдан? сияқты сұрауларға жауап берсе, орыс тілінде где? куда? откуда? докуда? деген сұрауларға жауап береді: осында, төмен - справа, посредине, т.б.

3. Мөлшер үстеулері (Наречия количества и меры) түрлі қатынасты не жалпылап, не мөлшерлеп немесе қимылдың және сынның не тендік, не кемдік дәрежесін білдіреді. Қазақ тілінде қанша? қаншалық? нешелеп? қаншалап? сияқты сұрауларға жауап береді, ал орыс тілінде сколько? до какой степени? как много? деген сұрауларға жауап береді: бірталай, сондайлық - много раз, дважды, т.б.

4. Сын-бейне үстеулері (Наречия образа и способа действия) қимылдың алуан түрлі сапасын, тәсілін, бейнесін білдіреді. Қазақ тілінде қалай? қайтп? қалайша? кімше? неше? сияқты сұрауларға жауап берсе, орыс тілінде как? каким образом? каким способом? деген сұрауларға жауап береді: бірден, лезде - быстро, по-особепному, т.б.

5. Себеп-салдар үстеулері (Наречия причины) амалдың себебін не салдарын білдіреді. Қазақ тілінде көсемшенің қайталануы арқылы жасалатын үстеулер де осы топқа жатады: айта-айта, оқи - оқи, т.б.

Орыс тілінде почему? отчего? деген сұрауларға жауап береді: со смеху, сдуру, со зла, т.б.

Қазақ тілінде үстеулердің бұдан басқа тағы мынадай түрлері бар: күшейту үстеулері, мақсат үстеулері, топтау үстеулері.

Күшейту үстеулері заттың сынын, қимылдың өзін немесе түрлі мөлшерін, көлемін не аса күшейтіп, не аса солғындатып көрсетеді де қалай? қандай? деген сұрақтарға жауап береді: тым, нағыз, т.б.

Бұл топқа орыс тілінде сапалық үстеулер (наречия качества) сәйкес келуі мүмкін. Орыс тілінде сапалық үстеулер как? каким образом? деген сұрауларға жауап береді де, сапалық сын есімдерден жасалып -о, -е, -ски жұрнақтары арқылы жасалған сын есімдерге ұқсас келеді: медленно, громко, т.б.

Мақсат үстеулері қимылдың мақсатын білдіреді, көбінесе аналитикалық

тәсіл арқылы жасалады: оқуға бола, жорта, т.б.

Топтау үстеулері амалдың және басқа қарым-қатынастың бірігу арқылы іске асқанын немесе жекеленіп істелетіндігін білдіреді де, нешеден? қаншадан? нешеуден? қалай-қалай? сияқты сұрауларға жауап береді: екеулеп, жеке-жеке, т.б.

Қалып-күй сөздер (Категория состояния). Орыс тілінде түрленбейтін есім және үстеу сөздерден тұратын, баяндауыштың қызметін атқаратын жай-күй категориясы (категория состояния) деп аталатын жеке бір сөз табы бар.

Олардың ерекшелігі - оларға шақ формасы тән, бірақ жіктелмейді. Академик В. В. Виноградов бұл сөзтабына мына сияқты сөздерді жатқызады: тепло, налегке, намерен, рад, горазд, жаль, стыдно, т.б.

Жай-күй категориясының (категория состояния) тарихын етістіктің быть формасының және сын есімнің ықшамдалған тұлғасы (краткая форма) мен үстеулердің тарихымен байланыстырып қараған жөн, - дейді академик В. В. Виноградов.

9-тақырып. Көмекші сөздер (Служебные слова)

Жоспары:

1 Көмекші сөздер туралы жалпы түсінік (Общее понятие о служебных словах)

2 Септеуліктер (Предлоги)

3 Жалғаулықтар (Союзы)

4 Частицы (Демеуліктер)

Көмекші сөздер туралы жалпы түсінік (Общее понятие о служебных словах). Нақтылы лексикалық мағыналары әр түрлі дәрежеде солғындап, не мүлде жоғалып, сөйлемде жеке-дара тұлға есебінде қолданылмай, тек толық мағыналы сөздермен тіркесіп қана жұмсарып, оларға жәрдемші болып қызмет атқаратын сөздер көмекші сөздер деп аталады.

Грамматикалық немесе лексикалық мағыналарының басымдылығына қарай көмекші сөздер көмекші сөздер және шылау сөздер деген екі топқа бөлінеді.

Көмекші сөздер өздері тіркесетін атауыш сөздерге қосымша лексика-грамматикалық мағына үстейді, ал шылау сөздер өздері тіркескен сөзге таза грамматикалық мағына жамап, күрделі аналитикалық форманың құрамында көмекші компонент ретінде қызмет етеді.

Грамматикалық мағынадан гөрі лексикалық мағынасы басым болуына байланысты атаушы көмекшілер өздері тіркесетін сөздерге қосымша лексика-грамматикалық мағына үстейді: терезенің қасы, оқып бер, т.б.

Көмекші сөздер семантикасы мен қызметіне байланысты көмекші есімдер және көмекші етістіктер деген екі салаға бөлінеді. Көмекші есімдер зат есімдермен, ал көмекші етістіктер негізгі етістіктермен байланыстырылып қаралады. Мысалы: үйдің арты, есіктің алды; айтып кел, көмектескен еді, т.б.

Орыс тілінде көмекші есімдер жоқ. Олардың мағынасы әр түрлі амал-

тәсілдер арқылы беріледі. Мысалы: үй сыртында - за домом, қаланың ішінде - внутри города, в городе.

Қазақ тілінде көмекші есімдер үнемі Ілік септіктегі сөзбен тікелей байланыста болып келеді. Сөйтіп изафеттік тіркес жасайды: ауылдың сырты, үстелдің асты. Кейде Ілік септік жасырын тұрады: ауыл сырты, тау іші, т.б.

Шылау сөздер (Союзные слова.)

Шылау сөздер - сөз бен сөздің, не сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әрқилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып, тұлғасы жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер.

Шылаулар атқаратын қызметтеріне қарай, іштей, үш топқа бөлінеді: септеуліктер (предлоги), жалғаулықтар (союзы), демеуліктер (частицы).

Септеуліктер (Предлоги). Объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру. үшін қолданылып, белгілі бір септік жалғауын меңгеріп тұратын көмекші сөздер септеуліктер (предлоги) деп аталады.

Екі тілде де септеуліктердің атқаратын қызметі бірдей болғанымен, бұлардың қолданылуында, сондай-ақ семантикалық өрісінде бірталай өзгешеліктер бар. Мәселен, қазақ тілінде септеуліктер меңгеріп тұрған тұлғаның соңынан келеді. Басқаша айтқанда, постпозициялы. Сондықтан бұларды лингвистикада послелог деп атайды.

Ал орыс тілінде үнемі сөздің алдында тұрады, яғни препозитивті болып келеді (тек ради бога - бога ради). Сондықтан предлог деп аталады. Екіншіден, қазақ тілінде септеуліктер төрт септікте қолданылады (оның ішінде Атау септікте де қолданылады), ал орыс тілінде бес септікте қолданылады (Атау септікте қолданылмайды). Үшіншіден, қазақ тілінің септеуліктері синонимдес болып келеді. Мысалы: қарай, таман (кешке қарай, кешке таман) - мағыналары бір-біріне өте жақын. Сол сияқты кейін, соң (сабақтан соң, сабақтан кейін), т.б.

Ал орыс тілінде предлогтар көп мағыналы әрі кең өрісті болып келеді. Мұнда бір предлог бірнеше септікте қолданыла береді. Мысалы: -с деген предлог Ілік және Көмектес (Родительный және Творительный) септіктерде қолданылады (с родителями - с родителей).

Қазақ тілінде Атау септікті негізінен үшін, сайын, сияқты, туралы, арқылы, бойы, бойымен, шамалы, шақты, қаралы, ғұрлы (ғұрлым) септеуліктері меңгереді. Мысалы: Мұғалім болу үшін, сабақ сайын, поэмалар сияқты, Көкшетау туралы, телефон арқылы, өмір бойы, елу шақты кісі, т.б.

Барыс септікті шейін, дейін, қарай, таман, тарта, жуық, таяу сияқты септеулік шылаулар меңгереді. Мысалы: үйіне дейін, маған қарай, жүзге жуық, т.б.

Шығыс септігі гөрі, бері, кейін, соң, бұрын, бетер септеуліктерімен тіркеседі. Мысалы: үш жылдан бері, сабақтан кейін, жұмыстан бұрын, одан бетер, т.б.

Көмектес септікті қатар, бірге септеуліктері меңгереді. Мысалы: оқумен қатар, жазумен бірге, т.б.

Орыс тілінде предлогтар екі топқа бөлінеді: нақты септеуліктер

(собственно предлоги), яғни әуелдегі тұлғасынан айрылған предлогтар және тұлғасын сақтап қалған туынды (производные) деп аталатын предлогтар.

1. Нақты септеуліктер (Собственно предлоги). Бұл септеуліктер, көбінесе, бір құрамды болып келеді. Олар без (безо), в (во), для, до, за, из (изо), из-за, из-под, к (ко), между (меж), на; над (надо), о, об (обо), от (ото), по, под (подо), пред(предо), перед (передо), при, про, ради, с (со), сквозь, у, через (чрез). Бұл септеуліктер (предлогтар) мынадай септіктерді меңгереді:

Ілік септікті (Родительный падеж) - без (безо), для, до, из (изо), из-за, из-под, от (отпо), ради, у;

Барыс септікті (Дательный падеж) - к (ко);

Табыс септік (Винительный падеж) - про, сквозь, через (чрез);

Көмектес септікті (Творительный падеж) - над (надо), пред (предо), перед (передо); Предложный падежді - при.

Орыс тілінде көп мағыналы предлогтар жиі кездеседі. Сондықтан олар екі, үш септікті меңгеріп, қолданылу өрісі кеңейе түседі. Мысалы: в(во), на, об (обо) септеуліктері Табыс (Винительный) және Предложный септіктерде қолданыла береді.

За, под, т.б. Табыс (Винительный), Көмектес (Творительный) септіктерін меңгереді.

Үш септікті меңгеретін предлогтар да кездеседі. Мысалы: Табыс (Винительный), Барыс (Дательный), Предложный септіктерін по предлогы, Ілік (Родительный), Табыс (Винительный), Көмектес (Творительный) септіктерін с предлогы меңгереді. Мысалы: ходит по канату, дали по карандашу, скучает по дому; с матерью встретился, с каждого человека, купил магнитофон с колонкой и т. д.

Туынды септеуліктер (Производные предлоги).

Бұл топқа енетін септеуліктер үстеулерден, есімдерден, етістіктерден, сөз тіркестерінен жасалған. Мысалы, үстеулерден жасалған септеуліктерге (наречные предлоги) мыналар жатады: вместо - орнына, кроме - басқа, вопреки - қарамай, среди - арасында, близ - жаны, вне, помимо - басқа, сверх - қоса, относительно - қарағанда, касательно, подобно - сияқты, сообразно - шамасы, соразмерно, согласно - сәйкес, соответственно - тиісті, т.б.

Ал септеуліктердің кейбіреулері контекске байланысты үстеудің де қызметін, септеуліктердің де қызметін атқара алады. Мысалы, вне - тыс, внизу - астында, внутри - ішінде, возле - жанында, вокруг - айнала, впереди - алдында, кругом - айнала, мимо, наискосок - қисық, около - қасы, подле - жаны, позади - артында, поперек - ортасы, после - кейін, соң, середине - ортасында, прежде - бұрын, против - қарсы, сзади - артында, сбоку - жанында сияқтылар Ілік септікті (Родительный падеж), вслед - артына, навстречу - қарсы Барыс септікті (Дательный падеж), ал сквозь - арасы, т.б. Табыс септікті (Винительный падеж) меңгереді.

Есімдерден жасалған септеуліктер (отыменные предлоги) (посредством - тәсілмен, путем - әдісімен, взамен - орнына, ввиду, вследствие - салдарынан, насчет - туралы, наподобие - сияқты, т.б.) Ілік септікті (Родительный падеж) меңгереді.

Етістіктерден жасалған септеуліктер (отглагольные предлоги) көсемше формалы етістіктерден жасалады да, мына септіктерді меңгереді: Барыс септік (Дательный падеж) - благодаря - арқасында, согласно - сәйкес, Көмектес септік (Творительный падеж) аяқтай - кончая, начиная - бастап, Табыс септік (Творительный Падеж) - спустя - кейін, соң.

Қазіргі орыс тілінде зат есім мен септеуліктің, үстеу мен септеуліктің, көсемше мен септеуліктің тіркесуі арқылы жасалған септеуліктердің тағы бір тобы белгілі. Бұндай күрделі құрамды септеуліктер мынадай септіктерді меңгереді:

Табыс септік - невзирая на - қарамай, несмотря на - болса да, т. б;

Ілік септік - на деле - іс жүзінде, в итоге - қорыта келе, в качестве - ретінде, в области - саласында, впрямь до - алдағы уақытқа дейін, в отношении - туралы, во избежание, в продолжение - жалғастыра келе, в результате - нәтижесінде, в роде, в смысле - мағынасында, в силу, в сторону - жағына, қарай, в ущерб, в течение - бойы, в целях - үшін, в части, глядя на - қарап, за счет - есебіне, взамен - орнына, вместо - орнына, на пути - жету үшін, начиная с - бастап, независимо - қарамай, по истечении - өткен соң, по линии - байланысты, по случаю, по мере, по поводу - жөнінде, по пути, по причине - себебі, под видом - сияқты, при посредстве - көмегімен, со стороны - сол жақтан, т.б.;

Барыс септік (Дательный падеж) - глядя по - қарап, по направлению - бағытында, т.б.;

Көмектес септік (Творительный падеж) - в связи с - байланысты, следом за - артынан, согласно с - сәйкес, вслед за - артынан, т.б.;

Предложный падеж - не говоря о - айтпай, т.б.

Міне, орыс тілінің септеуліктері (предлог) осылай бөлініп, аталған септіктерді меңгереді. Орыс тіліндегі септеуліктердің мағынасы қазақ тіліне септеуліктер, көмекші сөздер арқылы беріледі. Мысалы: Бумага лежит на столе. - Қағаз үстелдің үстінде жатыр (көмекші сөз). Бұларға көбінесе көмекші есімдер сәйкес келеді.

Септік жалғауы арқылы да беріледі: Он учится в школе. - Ол мектепте оқиды.

Жұрнақтар арқылы да беріледі: часы без боя - қоңыраусыз сағат. Дом без окон, без дверей = есік, терезесіз (жоқ) үй.

Жалғаулықтар (Союзы). Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әрқилы қатынасты білдіреді.

Қазақ тілінде морфологиялық құрылысы жағынан жалғаулық шылаулар дара және күрделі болып екі топқа бөлінеді. Дара жалғаулықтар тобына лексикалық не синтетикалық жолмен жасалған әр түрлі тұлғадағы жеке сөздер жатады, ал күрделі жалғаулықтар тобына сөз тіркестері арқылы жасалған күрделі сөздер жатады.

Орыс тілінде де морфологиялық құрылысы жағынан жалғаулық шылаулар (союзы) дара және күрделі болып, екі топқа бөлінеді.

Дара жалғаулықтар іштей негізгі және туынды деп жіктеледі:

а) дара негізгі жалғаулық шылауларға -и, -а, -но, -да, -ли жалғаулықтары жатады;

ә) дара туынды жалғаулықтарға мыналар жатады: чтобы, что, если, когда, хотя т.б.

Күрделі жалғаулықтар екі не одан да көп сөздерден тұрады: так как, потому что, даром что, подобно тому как, вследствие того что, несмотря на то что, т.б.

Орыс тілінде жалғаулықтардың қызметін жалғаулық сөздер де (союзные слова) атқарады: (если... то, как... так, когда... то, т.б.)

Кейде есімдіктер мен есімдік үстеулер де жалғаулықтардың қызметін атқарады: который, какой, чей, кто, что, когда, где, куда откуда. Бұлар жалғаулық сөздер (союзные слова) деп аталады. Мысалы: Он держал камышовый кошель, с каким хозяйки ходят на базар.

Орыс тілінде жалғаулықтардың көбі есімдіктерден, үстеулер мен демеуліктерден жасалады: то, что, точно, как, когда, чуть, лишь, т.б.

Кейбір жалғаулықтар көп мағыналы болады. Мысалы: и жалғаулығы байланысқан, жалғасқан, ыңғайласқан қатынасты білдіреді. Мысалы: В центре и на всех окраинных улицах ночью всегда есть электрическое освещение. Ты имеешь право иучиться, иработать.

Екі тілде де жеке сөздер мен сөйлемдерді байланыстыру қабілеті жағынан жалғаулықтар салалас (сочинительные) және сабақтас жалғаулықтар (подчинительные) деп екі топқа бөлінеді.

Салалас жалғаулықтар (Сочинительные союзы) Салалас жалғаулықтар (сочинительные союзы) бірыңғай жеке сөздер мен сөз тіркестерін және бірыңғай сөйлемдерді байланыстырады, олардың өзара байланысу жолдары мен қатынастарын көрсетеді. Бұлар іштей тағы екі салаға бөлінеді: ыңғайлас және талғаулықты.

1. Ыңғайлас жалғаулықтар (соединительные союзы) тең дәрежедегі сөздер мен сөз тіркестерін жалғастырады, олардың ыңғайласқан қатынасын білдіреді. Бұл топқа мен, бен, пен, және, тағы, әрі, да-де, та-те, әрі шылаулары жатады. Мысалы: Волга мен Донды жалғастыратын канал бар. Орталықта және шеттегі көшелердің бәрінде шам жанып тұрады. Ол бір нәрсенің болатынын сезді де, үндемей орнынан тұрып кетті.

Орыс тілінде ыңғайлас жалғаулықтарға (соединительные союзы) и, да, ни-ни жалғаулықтары жатады. Мысалы: Эти ордена и медали ко многому обязывают. Пришла весна и прилетели птицы.

2. Талғаулықты жалғаулықтар (разделительные союзы) салаласа жалғасқан мүшелердің бірінен соң бірін не талғап, не таңдап, не кезектестіріп, не біріне-бірін қарама-қарсы қойып айту үшін қолданылады. Бұл топқа әлде, біресе, я бірде, яки, не, немесе, болмаса, не болмаса, құй, мейлі шылаулары жатады. Мысалы: Амалсыздығын білгендей, не айыбын мойнына алғандай, немесе зәресі ұшқандай, ол үндемеді. Ол одан қорықты ма, әлде таңырқады ма, далаға жүгіре шығып, үрпиіп қарады.

Орыс тілінде талғаулықты жалғаулықтар (разделительные союзы) деп аталатын топқа или (иль), или... или, либо... либо, либо, то... то, не то... не то, то

ли... то ли деген жалғаулықтар жатады. Бұл жалғаулықтар салаласа жалғасқан мүшелердің бірінен соң бірін не таңдап, не кезектестіріп, не біріне-бірін қарама-қарсы қойып айту үшін қолданылады. -То... то, -не то... не то, -то ли... то ли жалғаулықтары қайталанып қолданылады. Мысалы: Она то писала письма, то звонила по телефону.

Ал сабақтастырғыш жалғаулықтар (подчинительные союзы) негізінен құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен жалғастыра, бағындыра байланыстырып, солардың арақатысын анықтап көрсету үшін жұмсалады. Ондай жалғаулықтар арқылы байланысқан сөйлемдердің мағыналары қарсылықты, себептік, салдарлық, шартты, айқындағыш, ұштастырғыш болып бөлінеді:

а) қарсылықты жалғаулықтар (противительные союзы) бір ойдың екінші ойға мағына жағынан қарама-қарсы екенін білдіру үшін қолданылады. Бұл топқа бірақ, алайда, әйтпесе, әйтсе де, әйткенмен, сөйтсе де, сонда да, дегенмен, әйткенде, әйтпегенде сияқты қарсылық мәнді жалғаулықтар жатады. Мысалы: Бұл мәселе әлі толық шешілген жоқ, дегенмен шешімнің жалпы бет алысы белгілі болды.

Орыс тілінде бұл топқа а, но, однако же, все же, зато жалғаулықтары жатады: Не в бровь, а прямо в глаз.

ә) себептік жалғаулықтар қазақ тілінде салалас құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы соңғы жай сөйлем алдыңғы сөйлемдегі айтылатын ойдың себебін білдіру үшін жұмсалады. Оларға себебі, өйткені шылаулары жатады: Айналасында болып жатқан оқиғаның бірде-бірі оны селт еткізуден қалған еді, себебі оның қолынан келмейтін дүниеде енді ештеңе де жоқ еді.

Орыс тілінде себептік жалғаулықтарға (причинные союзы) так как, потому что, ибо, оттого что, из-за того что, в связи с тем что, т.б. жалғаулықтар жатады: Я вот теперь смогу сказать кое-что про себя, про людей, потому что стала понимать, могу сравнить.

б) салдарлық жалғаулықтар (союзы следствия) қазақ тілінде салалас құрмалас сөйлемдердің арақатынасын білдіру үшін, яғни басыңқы сөйлемде айтылатын іс-әрекеттің, амалдың нәтижесі не салдары екенін білдіретін дәнекер ретінде жұмсалады. Бұларға сондықтан, сол себепті шылаулары жатады. Мысалы: Мынау ағаш күтімсіз болған, сол себепті ол қисық болып өскен.

Орыс тілінде бұл топқа так что, до того, что жалғаулықтары кіреді: Давно ты в бедности, такчто от настоящих подарков отвыкла.

в) Шарттық жалғаулықтар (условные союзы) сабақтас құрмалас сөйлемдердің арақатынасын білдіру үшін, яғни басыңқы және бағыныңқы сөйлемдердің бір-бірімен жалғасуларына дәнекер ретінде қолданылады. Орыс тілінде бұларға мыналар жатады: если, если бы (б), ежели, раз, ли, как скоро, коли, как бы: Если враг не сдается, его уничтожат. - Егер жау берілмесе, оны қырады.

Бұл жалғаулықтарға егер, егер де, алда-жалда шылаулары жатады.

г) Айқындағыш жалғаулықтарға (пояснительные союзы) яғни, демек шылаулары жатады. Бұлар не жеке сөздерді, не сөз тіркестерін, не жеке сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырады да, алдыңғы сөз арқылы, не сез тіркесі

немесе сөйлем арқылы айтылатын ойды кейінгі сөз, не сөз тіркесі, не сөйлем арқылы не баяндауға, не айқындауға, не анықтауға, не қадағалай түсуге дәнекер сөздер ретінде жұмсалады. Мысалы: Мен Алматыға өткен жазда, яғни сенен бұрын келдім.

Қазіргі орыс тілінде дәстүрлі жалғаулықтардан басқа, түсіндірмелі (пояснительные) және ұштастырғыш (градационные) деп аталатын 2 топ аталып жүр.

д) А именно, то есть, как-то, или, т.б. жалғаулықтары пояснительный деп аталатын топқа жатқызылады. Бұлар бір ойды әр түрлі тәсіл арқылы анықтау үшін жұмсалады, қазақ тіліне яғни шылауы арқылы беріледі. Мысалы: Узнавание себя - это обычно медленный, подчас растягивающийся на десятилетия процесс, связанный, и даже в известной мере обусловленный, узнаванием других, то есть жизненным опытом, который приходит не скоро.

е) ұштастырғыш жалғаулықтарға (градационные союзы) орыс тілінде не только, но и т.б. жалғаулықтар жатады, бұларды қазақ тіліне ал, ендеше, олай болса, ал ендеше шылаулары арқылы беруге болатын сияқты. Бұл жалғаулықтар мағына жағынан біріне-бірі орай қолданылатын екі жай сөйлемді ұштастырып байланыстыру үшін жұмсалады және бірінші сөйлемнен кейін іле екінші сөйлемде айтылатын ойды бастау үшін дәнекер ретінде қызмет етеді. Мысалы: Ол үйіне кетті, ал біз жұмысқа бардық. Таня не только читает по-французски, но она и хорошо говорит.

Орыс тілінде аталған жалғаулықтардан басқа тағы мынадай құрмаластырушы жалғаулықтар бар: мезгіл (временные), мақсат (цели), қарсылықты (уступительные), салыстырмалы (сравнительные), толықтауыштық (изъяснительные).

Мезгілдік жалғаулықтар (Временные союзы) Бұлар мынадай: когда, как только, лишь, едва лишь, лишь только, как, пока, в то время как, в то время, когда т.б. Мысалы: Лишь только приехал брат, у нас дома стало весело. Агам келіп еді (келгеннен кейін, келген соң, келгендіктен), үй іші жадырап сала берді. Демек, қазақ тілінде бұл мағына кейін, соң шылаулары арқылы беріледі.

Мақсат жалғаулықтар (Союзы цели)

Бұл топқа чтобы (чтоб), для того чтобы, с тем чтобы, дабы жалғаулықтары жатады. Мысалы: Я пришел, чтобы поговорить с вами о деле. Мен сізбен шаруа жайын (да) сөйлескелі келдім (сөйлесейін деп келдім). Жайында, жөнінде, хақында, туралы дегендер мақсаттық мағынаны да білдіре алады.

Қарсылықты жалғаулықтар (Уступительные союзы)

Бұларға мынадай жалғаулықтар жатады: хоть (хотя), хотя бы, несмотря на то, что, между тем как, пусть (пускай), лишь только бы, только бы (б), разве, а то, даром что. Мысалы: Несмотря на то, что были большие трудности, путешественники упорно продвигались все вперед и вперед. - Саяхатшылар қиындыққа қарамастан (қарамай-ақ), тек алға жылжи берді.

Салыстырмалы жалғаулықтар (Сравнительные союзы)

Бұлар: как, как бы, будто, подобно тому как, точпо, чем, нежели т.б. Мысалы: Люди собрались быстро, как будто ожидали прихода гостей. -

Қонақтардың келуін күткендей - ақ (қонақ келетіндей (-ақ), халық тез жиналды.

Толықтауыштың жалғаулықтар (Изъяснительные союзы)

Бұл топқа что, чтобы, будто бы, как жалғаулықтары жатады. Мысалы: Обидно, что ты опоздал. - Сенің кешіккенің өкінішті (-ақ).

Частицы (Демеуліктер). Өздері тіркесетін сөздерге әрқилы қосымша мағыналар жамайтын сөздер демеуліктер деп аталады.

Қазақ тілінде лексика-грамматикалық мағыналары жағынан демеуліктер сұраулық, шектік, нақтылық, күшейткіш, болжалдық, болымсыздық, қомсыну демеуліктері болып бөлінеді.

1. Сұраулық демеуліктерге -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -ше шылау сөздері жатады. Мысалы: Оқуға барасың ба? Ал сіз ше?

Мұның сөзге кірігіп кететін түрі де болады: Оқуға барамысың?

Орыс тілінде де сұрау мағынасындағы демеуліктер (вопросительные частицы) бар. Олар: а, да, ну, разве, ли (ль), т.б. Мысалы: Она приехала, да? Разве она учится?

2. Күшейткіш демеуліктер (Усилительные частицы) Қазақ тілінде күшейткіш демеуліктер деп күшейту мәнін беру үшін қолданылатын -ау, -ай, -ақ, да, -де, та, -те шылаулары аталады. Мысалы: Біз бүгін барамыз да. Әдемі - ақ!

Орыс тілінде бұларға же, даже, ведь, еще, уже, прямо, просто, все-таки, уж, все, ни, т.б. жатады. Мысалы: Мы приедем сегодня же. Она даже слова не сказала.

3. Нақтылық демеуліктерге қазақ тілінде жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын, сөйлемде айтылатын ойды нақтыландыра, тұжырымдай түсу үшін қолданылатын -қой, -ғой, -ды, -ді, -ты, -ті шылаулары жатады. Мысалы: Бала ғой. Ол бізге қамқор - ды.

Орыс тілінде бұл топқа ведь, подлинно, ровно, именно, какраз, т.б. демеуліктері сәйкес келеді: Ол біздің үлкенімізді. — Он ведь был наш старейшина. Біз ған көмектестік қой. - Мы же помогли ей.

4. Шектік демеуліктерге белгілі бір нәрсеге, іс-әрекетке, амалға, сын-сипатқа, мезгілге т.б. шек қоя тұжырымдап айту үшін қолданылатын -қана (-ғана), -ай, тек шылаулары жатады. Мысалы: Шешем ғана келетін болды. Он - ақ адам келді.

Бұл топқа орыс тілінде ерекше - шектілі (выделительно - ограничительные) деп аталатын единственно, исключительно, только, лишь только демеуліктері сәйкес келеді. Мысалы: Это единственно доступный способ. - Бұл жалғыз ғана оңай тәсіл.

5. Болжалдық демеуліктерге айтылған ойға күмәндану, болжалдау, көмескілендіру, сенімсіздік білдіру, мысқылдау, кекету мәнін жамау үшін қолданылатын -мыс, -міс, -ау шылаулары жатады. Мысалы: үйреніп кетер-ау. Ол оны кінәлапты-мыс.

Орыс тілінде қазақ тілінің -ау демеулігіне бы демеулігі сәйкес келуі мүмкін. Мысалы: Ишсем-ау! - Испить бы!

6. Болымсыздық демеуліктер (Отрицательные частицы)

Бұл топқа болымсыздық мағына жамайтын түгіл демеулігі мен тұрсын,

тұрмақ сөздері жатады. Мысалы: Еңбекақы түгіл, рахмет те айтқан жақ. Балалар тұрсын үлкендер де күлді.

Орыс тілінде бұл топқа мағынасы жағынан болымсыздық демеуліктер (отрицательные частицы) деп аталатын топ жақын келеді. Олар: не то, ни, нет, не, т.б. Мысалы: Не то что нам, и родителям не помогает.

Қазақ тілінде болымсыздық мағына -ма, -ме, -ба-бе, -па, -пе қосымшасы арқылы да беріледі. Мысалы: Ол жалғыз тұрмайды. - Он живет не один.

Орыс тілінде не демеулігі сөйлемнің барлық мүшелерімен қолданыла береді. Мысалы: Я не с вами. Он не первый. Она не глупая. Он не педагог. Она не приедет.

Ал қазақ тілінде болымсыздық мағына есім сөздермен тіркескенде, емес демеулігі арқылы беріледі. Мысалы: Ол әдемі емес. Сен бірінші емессің. Олар емес. Ол дәрігер емес.

7. Қомсыну демеулігіне тіркесетін сөзге қомсыну, кемсіну, мұқату сияқты реңк үстейтін екеш шылауы жатады. Мысалы: Бала екеш бала да түсінеді. Бұл демеулікке орыс тілінде даже демеулігі сәйкес келеді. Мысалы: Даже ребенок понимает.

Орыс тілінде қазақ тіліндегі классификацияға сәйкес келетін топтардан басқа демеуліктердің тағы бірнеше топтары бар. Олар сілтеу (указательные): вот, вон, это, то, вот и, т.б.; анықтауыш - айқындауыш (определятельно-уточняющие): именно, как раз, точно, приблизительно, подлинно, почти, ровно т.б.; болымды (утвердительные): действительно, конечно, да, так, точно.

Біреудің ойын білдіретін демеуліктерге мол, дескать деген демеуліктер жатады. Мысалы: Вон одна звездочка. Вон другая, вон третья: как много Купцы первые его очень любили именно за то, что не горд. Он говорил мол любит.

Бірақ бұлардың кейбіреулері сөйлемде модаль сөздер ретінде де қызмет атқаруы мүмкін.

Орыс тілінде көңіл-күй реңкін үстейтін демеуліктер (эмоционально-экспрессивные) жеке бір топ болып бөлінеді. Оларға: как, то-то, что за, просто, ну, -с демеуліктері жатады. Мысалы: Можно-с ручку-с ? Ну что за шейка; что за глазки?

Модаль демеуліктер де (модальные) жеке топ болып жіктеледі де іштей былай бөлінеді:

1. Қалау (модально-волевые) деп аталатын демеуліктер іс-әрекетке шақыру, қолдау мәнін білдіру үшін жұмсалады. Оларға да, ну, а ну, ну-ка, пусть, пускай, давай, бы демеуліктері жатады. Мысалы: Ну, начинай. Дай-ка, я посмотрю. Қазақ тіліне ал, ал кәне, -шы, -ші т.б. демеуліктер арқылы беруге болады. - Басташы. Ал, айт.

2. Жасалған іске өз көзқарасын білдіру үшін жұмсалатын демеуліктер болымды, болымсыз мағынадағы деп бөлінеді:

А. Болымды (утвердительные): действительно, конечно, точно, да, так, еще бы, т.б. Мысалы: Да, я помогала ей. - Иә, мен оған көмектестім.

Б. Болымсыздық (отрицательные): не, ни, нет, отнюдь не, вовсе не, далеко не, т.б. Мысалы: Нет, не тебя я боюсь. - Жоқ, мен сенен қорқып тұрғаным жоқ.

3. Салыстырмалы (сравнительные) деп аталатын топқа будто, едва ли, как

будто, вряд ли, как бы, словно, чуть ли не демеуліктері жатады. Мысалы: Нет, как будто и вправду уехал. - Жоқ, шынымен кеткен сияқты.

Орыс тілінде демеуліктердің тағы бір ерекше тобы бар. Олар форма тудырушы және сөз тудырушы демеуліктер.

Форма тудырушы демеуліктерге бы, пусть, пускай, да, -ка, было, т.б. демеуліктер жатады. Бұлар етістіктің рай формаларын жасауда жұмсалады. Мысалы: Ты прочитал бы. Скажи-ка мне, друг.

Ал сөз тудырушы демеуліктер орыс тілінде мыналар: кое-, -то, -либо, -не, -ни, -нибудь, -угодно, т.б. Бұлар белгісіздік, болымсыздық үстеулер мен есімдіктердің, т.б. сөз таптарының жасалуына қатысады. Мысалы: кое-кто - әлдекім, где-либо - кейбір жерде, некого - ешкімді, никто - ешкім, нигде - ешқайда, непогода - жағымсыз ауа-райы, небольшой - үлкен емес, т.б. Қазақ тіліне еш, әр, деме, әлде, т.б. арқылы беріледі: ешкім, әрне, бірдеме, әлдекім.

Жалпы орыс тілінде не, ни демеуліктері мен не-, ни-сөзалды қосымшаларын (приставкаларын), -то жұрнағы мен то демеулігін ажырату сияқты мәселелер мұқият зерттеуді қажет етеді.

10-тақырып. Синтаксис

Жоспары:

1 Сөз тіркестері, сөздердің байланысу түрлері (Словосочетание, виды согласования слов)

2 Сөйлем (Предложение)

3 Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. (Однородные члены предложения)

4 Жақты сөйлем (Личные предложения)

5 Жақсыз сөйлем (Безличные предложения)

6 Атаулы сөйлем (Номинативные предложения)

7 Құрмалас сөйлем (Сложные предложения)

8 Салалас құрмалас сөйлем (Сложносочиненные предложения)

9 Сабақтас құрмалас сөйлем (Сложноподчиненное предложение)

10 Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем (Многочленные сложноподчиненные предложения)

Сөз тіркестері, сөздердің байланысу түрлері түрлері (Словосочетание, виды согласования слов). Синтаксистің басты объектісі екеу: бірі - сөз тіркесі, екіншісі - сөйлем. Қазіргі кезде мәтін синтаксисі де қарастырылып жүр.

Сөз тіркесінің екі тілде де мынадай түрлері бар:

1. Есімді сөз тіркестері (басыңқы сыңары есім сөз болады):

1.1. Зат есімді сөз тіркестері (басыңқы сыңары зат есім):

а) зат есім + сын есім: ақылды адам; молодой ученый;

ә) зат есім + зат есім: қыздың міндеті; долгожителей;

б) зат есім+етістік: оқуға жағдай; способность размышлять;

в) зат есім + үстеу: орынсыз күлкі; ответ невпопад.

1.2. Адъективтік сөз тіркестері (сын есімді сөз тіркесі) - басыңқы сыңары сын есім болады:

а) сын есім + үстеу: ерте бойжеткен; заранее благодарна;

ә) сын есім + инфинитив: көмектесуге әзір;

способный любить;

1.3. Сан есімді сөз тіркесі (басыңқы сыңары сан есім): алты «бес»; шесть «пятёрка».

1.4. Белгісіз есімдік + сын есім (басыңқы сыңары есімдік): күлкілі бірдеңе; что-то интересное;

1.5. Адвербиалды сөз тіркестері (басыңқы сыңары үстеу):

а) үстеу + үстеу сөздер: жазда ыстық; слишком громко;

ә) үстеу + зат есім сөздер: жоғары қабатта; высоко на крыше;

2. Етістікті сөз тіркестері (басыңқы сыңары етістік, бағыныңқы сыңарлары әр сөз таптарынан бола береді):

а) конференцияға қатыстық;

ә) жақсы бағалады;

б) жан-жақты дамытады, т. т.

Сөз тіркестерінің семантика - грамматикалық сипаттамасы мынадай:

1. Атрибутивтік немесе анықтауыш (басыңқы сыңары зат есімнен болады да, бағыныңқы сыңары оның қасиетін білдіреді: құнды зат; родной край).

2. Объектілік (объект және оның іс-қимылын білдіретін сөздерден тұрады: қызыққа тоймау; наслаждаться жизнью. Мұнда басыңқы сыңары етістік, бағыныңқы сыңары зат есімнен болады.

3. Пысықтауыштық сөз тіркесі (басыңқы сыңары көбіне етістіктен болады да, бағыныңқы сыңары іс-әрекеттің іске асуының амал-тәсілін, мезгілін, т.б. белгілерін білдіреді: ерте есею; действовать решительно.

Соңғы кезде орыс лингвистері жоғарыда аталған дәстүрлі топтардан басқа тағы бір топты ерекше көрсетіп жүр. Оны комплетивті байланыс (комплетивные или восполняющие отношения) деп атайды, бұл тіркестер зат есім мен сан есім сөздерден тұрады, зат пен оның санын білдіреді: три книги, несколько человек, т.б. Орыс тілінде бұл сөз тіркестері сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарады деп есептеледі. Мұндай тіркестер қазақ тілінде де бар: үш кітап алдым, бірнеше кісі келді, т.б.

Сөз тіркестерінде сөздердің грамматикалық байланысуы қазақ тілінде жалғау, шылау, орын тәртібі және интонация арқылы жүзеге асады.

Орыс тілінде тек (род) категориясы, септік жалғаулары, жекеше, көпше түрде бір-бірімен байланысады: золотые часы, золотая пара; верного друга т. т.

Екі тілде де байланыстың екі түрі бар: салаласа байланысу (сочинительная связь), сабақтаса байланысу (подчинительная связь).

Салаласа байланысқан тіркес құрамындағы сөздер лексика-грамматикалық жағынан алғанда бір-біріне тәуелсіз, тең дәрежеде болады. Ал сабақтаса байланысқан сөз тіркестерінде тіркестің компоненттері бір-біріне ұласып, сабақтасып, біріне-бірі тәуелді, бағынышты қарым-қатынаста болады: Болат дәптер алды (Болат не істеді? - Болат алды. Болат не алды? - Болат дәптер алды). Алды - басыңқы сөз, өйткені ол - баяндауыш, екіншіден сабақты етістік. Дәптер деген сөз осыған (алды деген сөзге) тәуелді болып тұр, бағынып тұр. Бұндай тіркестер сабақтаса байланысқан тіркес деп аталады.

Салыстырылып отырған тілдерде сабақтаса байланысқан тіркестер құрамы жағынан мынадай болып келеді.

Қазақ тілінде сабақтаса байланыстың 4 түрі, ал орыс тілінде 3 түрі бар.

Қазақ тілінде:

1. Қиысу
2. Меңгеру
3. Қабысу
4. Матасу

Орыс тілінде:

1. Согласование
2. Управление
3. Примыкание

Қиысу (Согласование)

Қазақ тілінде қиысу предикавті байланысты білдіреді, яғни бағыныңқының қызметін баяндауыш, басыңқының қызметін бастауыш атқарады. Бастауыш пен баяндауыш жақ тұрғысынан, жекеше, көпше түрлері тұрғысынан қабыса байланысады. Ал орыс тілінде қиысу (согласование) анықтауыштық байланысты білдіреді, яғни басыңқы мен бағыныңқы тек (род) тұрғысынан, жекеше, көпше түрлері тұрғысынан, септік тұрғысынан қиыса байланысады. Басыңқы сыңардың тұлғасы өзгерсе, бағыныңқы сыңар да өзгереді: честный человек -честного человека - честных людей.

Орыс тілінде тұрлаулы мүшелердің байланысуы жөніндегі мәселе тиянақты шешімін тапқан жоқ. Дәстүрлі грамматикада бастауыш пен баяндауыштың арасындағы байланыс сабақтаса байланыс ретінде қарастырылады: Курить - здоровью вредить.

Ал В. Виноградов, В. Белошапкина, В. Скобликова екі зат есімнің арасындағы байланысты параллелизм (теңдес байланыс) деп есептейді: Астана - столица Казахстана.

Сондай-ақ, өздік есімдік пен етістіктің арасындағы байланысты бір-біріне тәуелді байланыс деп қарайды.

Егер бастауыш өзгермейтін сөз табынан болса, баяндауыш ортақ текте (средний род) тұрады, баяндауыштың тұлғасы бастауыштың грамматикалық көрсеткіштерімен емес, нормамен, дәстүрлі түрде анықталады. Мұндай байланыс орыс тілінде координация деп аталады.

Екі тілдегі бастауыш пен баяндауыштың қиысуындағы айырмашылық тілдердің құрылымындағы ерекшеліктерге байланысты.

Орыс тілінде тек етістіктер ғана жіктеледі.

Қиысу (согласование) орыс тілінде негізінен атрибутивті-анықтауыштық байланыс арқылы беріледі: зат есім + сын есім, есімше, реттік сан есім, есімдік. Яғни ұйытқы сөз бен бағыныңқы сөз бір-бірімен тек (род) жағынан да, жекелік - көптік жағынан да, септік жағынан да қиысады.

Сонымен, орыс тіліндегі қиысу (согласование) қазақ тіліндегі қиысуға сәйкес келмейді.

Меңгеру (Управление)

Бағыныңқы сөз септік тұлғада тұратын бағыныңқы байланыстың бір түрі: Отанды сүйю -Любить Родину.

Қазақ тілінде меңгерілетін сөз басыңқы сөздің алдында тұрса, орыс

тілінде, керісінше, одан кейін тұрады. Басыңқы сөздің өзгеруі бағыныңқы сөздің тұлғасына әсер етпейді: Әкесімен келді - Приехал с отцом. Бұл тәсіл екі тілде бірдей.

Қабысу (Примыкание)

Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуы қабысу деп аталады: әдемі сөйлеу - говорить красиво.

Орыс тілінде бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардан кейін де, алдында да тұра береді: работать увлеченно - увлеченно работать.

Қазақ тіліндегі қабыса байланысқан сөз тіркесі орыс тіліне көбінесе қиысу (согласование) арқылы беріледі: жібек орамал - шелковый платок, кішірек үй - маленький дом, бесінші сынып - нятый класс, кейбір адамдар - некоторые люди, оқыған адам - ученый человек, қатты тас — твердый камень, т. т.

Орыс тілінде етістік пен тұйық етістіктің байланысуы да қабысу тәсіліне жатады: поступил учиться.

Ал қазақ тілінде бұл байланыс меңгеруге жатады: оқуға түсті.

Матасу

Ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің грамматикалық байланысы: ел мақтанышы, баланың бақыты, т. т. Бұнда, керісінше, бағыныңқыға қарай басыңқы тұлғаланады.

Түркі тілдерінде матаса байланысқан сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бір-бірімен жақ және жекелік - көптік жағынан үйлесіп айтылады. Мысалы: менің елім, сенің елің, біздің еліміз, т.б.

Бұл орыс тіліндегі қиыспайтын анықтауыш (несогласованное определение) дегенге келеді. Мысалы: природа Көкшетау, доклад студента, т.б.

Қиыспайтын анықтауыш (несогласованное определение) орыс тілінде Ілік (Родительный) және Көмектес (Творительный) жалғаулы септеуліксіз зат есімдер, септеуліктермен байланысқан Атау септігінен басқа барлық септік жалғаулы зат есімдер, үстеулер, тұйық етістіктер және Ілік жалғаулы (Родительный падеж) жіктеу есімдіктері арқылы беріледі. Мысалы: Счастье человека - адамның бақыты. Он встретит знакомого из соседней деревни. - Ол көрші ауылдан келген танысын кездестірді.

Қазақ тілінде сөз байланысының жанасу деп аталатын бір түрі бар. Мұны жанаса қабысу (косвенное примыкание) деуге болатын сияқты, өйткені жанасу да қабысу сияқты орын тәртібі арқылы байланысады, бірақ басыңқы сыңар бағыныңқы сыңармен жақын да, қашық та тұрып байланыса береді. Мысалы: дарынды, ақылды адам. Орыс тілінде бұған жанаса қабысу (косвенное примыкание) сәйкес келетін сияқты. Мысалы: Завтра будет конференция. - Ертең конференция болады.

Сөйлем (Предложение). Сөйлем - ең басты тілдік единицалардың бірі. Ол - толық коммуникативті қызметі бар синтаксистік единица. Яғни, сөйлем біршама тиянақты ойды, предикаттық қатынасты білдіреді, сөйлемнің айтылу интонациясы болады, сөйлем жеке сөзден, сөз тіркестерінен құралады.

Сөйлемдегі сөздердің байланысы қазақ тілінде былайша жүзеге асырылады:

1. Жалғаулар арқылы (септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары).
2. Шылаулар арқылы (жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер, көмекші есімдер).

3. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі арқылы. Мысалы: Болат кеше киноға барды. Болат киноға кеше барды.

4. Интонация арқылы.

Орыс тілінде де негізінен осы амал-тәсілдер қолданылады.

Айырмашылығы:

1. Орыс тілінде сөйлемдегі сөздердің тәуелдік жалғаулары арқылы байланысуы шектеулі. Мысалы: отчий дом, лисья шуба.

2. Қазақ тілінде интонация арқылы байланысу шектеулі.

Қазақ, орыс тілдерінде жай сөйлем, құрмалас сөйлем деп жіктеледі де жай сөйлемнің төмендегідей түрлері болады:

1. Хабарлы сөйлем (Повествовательные предложения).

2. Сұраулы сөйлем (Вопросительные предложения).

3. Бұйрықты - лепті сөйлем (Побудительно - восклицательные предложения).

Жай сөйлемдердің құрамы мен құрылымы бойынша классификациясы (Классификация простых предложений по составу и по структуре) Екі тілде де жай сөйлемдер өзінің құрылысы жағынан бір құрамды (односоставные), екі құрамды (двухсоставные) болып жіктеледі. Мысалы: Түн. - Ночь.

Қуанғаннан көздері күлімдейді. - От радости светятся глаза.

Екі құрамды сөйлемнің құрылымдық үлгісі екі тұрлаулы мүшеден құралса, бір құрамды сөйлем бір ғана тұрлаулы мүшеден тұрады. Мұнда тұрлаулы мүше бір компонентті де, екі компонентті де болуы мүмкін. Мысалы: Түн. Вокзал. Мыңдаған жүргіншілер. Сіркіреген жауын.

Салыстырып отырған тілдердің екеуінде де жай сөйлем жалаң (нераспространенные), жайылма (распространенные) сөйлем деп бөлінеді. Мысалы: Күн шықты. - Солнце взошло. Қатты жел соғып тұр. - Дует сильный ветер.

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де толымды (полное), толымсыз (неполное) сөйлемдер кездеседі. Мысалы: Ол ұққан да, құптаған да жоқ еді. - Он и не понял, и не поддержал. Күнде көріп тұрамын. - Вижу каждый день.

Екі тілде де сөйлемдер синтаксистік элементтермен күрделенген (осложненные) және күрделенбеген (неосложненные) деп жіктеледі: Балалар шипажайда дем алды, емделді. - Дети отдыхали, лечились в санатории. Кокшетаудың ауасы тамаша! - Прекрасен воздух Кокшетау!

Сөйлем мүшелері (Члены предложения) Салыстырып отырған тілдерде сөйлемдегі аяқталған ой бастауыш пен баяндауыш арқылы беріледі. Анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш мүшелер бастауыш пен баяндауыш білдірген негізгі ойды тереңдете, кеңейте сипаттай түседі. Осыған байланысты анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері (второстепенные члены) деп аталады. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері (главные члены) бастауыш пен баяндауыш - өзара қиыса байланыса келіп, предикативтік сөз тіркесін құрайды.

Бастауыш сөйлемнің негізгі, басты, өзекті мүшесі болып табылады.

Екі тілде де бастауыштың жасалу жолдары бірдей. Мысалы: Жауын басылды. - Дождь перестал. Біз оны жақсы түсінеміз. - Мы его хорошо понимаем. Қайғысыз қара суға семіреді. - Беспечный полнеет от одной воды.

Баяндауыш та бастауыш сияқты сөйлемнің тұрлаулы мүшесі. Қазақ тілінде етістік баяндауыш дара, күрделі болса, есім баяндауыш дара, құрама, күрделі болады. Қазақ тілінде баяндауыш барлық сөз табынан жасала береді (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, есімше, көсемше, етістік). Осылардың ішінде баяндауыш қызметінде, әсіресе, етістік жиі қолданылады. Мысалы: Мен өз елімді мақтан етемін..

Есімдерден не есім мәнді сөздерден болған баяндауыштар бастауыштың сындық сапасын, сандық белгісін көрсетеді.

Құрылымы мен жасалу жолына қарай баяндауыштың төмендегідей түрлері кездеседі:

1. Дара баяндауыш (простое глагольное): Приняли новый закон. - Жаңа Заң қабылдадық.

2. Құрама есім, етістік баяндауыш (составное именное глагольное): Ол ұшқыш болған - Он был летчиком.

3. Күрделі етістік баяндауыш (составное глагольное сказуемое): Жаңа Заң жұмыс істей бастады. -Новый Закон начал действовать.

4. Күрделі есім баяндауыш (сложное именное сказуемое): Ол ұшқыш болғысы келеді. - Он хотел стать летчиком.

5. Күрделі етістік баяндауыш (сложное глагольное сказуемое): Ол елге қайтпақ болған. - Он был намерен вернуться на Родину.

Бұдан қазақ және орыс тілдерінде баяндауыштың түрлері бір-бірінен онша алшақ кетпегені байқалады.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері (Второстепенные члены предложения)

Екі тілде де тұрлаусыз мүшелер (толықтауыш - дополнение, анықтауыш - определение, пысықтауыш - обстоятельство) сөйлемнің мағынасын кеңейтіп, ойды толықтырып, анықтау, пысықтау қызметін атқарады.

Салыстырып отырған тілдерде толықтауыш пен пысықтауыштың қызметі бірдей.

Ал анықтауышқа байланысты айырмашылықтар бар.

Орыс тілінде анықтауыштың 3 түрі бар: қиысатын анықтауыш (согласованное определение), қиыспайтын анықтауыш (несогласованное определение), айқындауыш мүше (приложение).

Қазақ тілінде айқындауыш және қабыса, матаса байланысқан анықтауыштар кездеседі.

Қазақ тіліндегі қабыса байланысатын анықтауыш орыс тіліндегі қиыса байланысқан анықтауышқа (согласованное определение) сәйкес келеді: любимый край; туған өлке.

Қазақ тіліндегі матаса байланысатын анықтауыш орыс тілінде қиыспайтын анықтауышқа (несогласованное определение) сәйкес келеді: сараңның сөзі - слово скупого.

Орыс тіліндегі анықтауыштың үшінші түрі - анықтаушы сөз бен

анықтауыш сөздің бір тұлға арқылы берілуі айқындауыш мүше (приложение) деп аталады: А. Байтұрсынов ученый-ученый А. Байтұрсынов.

Қазақ тілінде де атқаратын қызметі, мәні жағынан анықтауышқа ұқсас, бірақ анықтауышпен шатастыруға болмайтын қосарлы айқындауыш деп аталатын мүше бар.

Айқындауыштың анықтауыштан айырмашылығы - оның көп заттың ішінен біреуін бөліп алып, жекелеп көрсете алатын сол заттың қосымша аты болады, өзі айқындайтын сөздің алдында да, артында да тұрып, онымен бірге сұраққа жауап беріп, бір мүшенің қызметін атқарады. Мысалы: Төлеген батыр - батыр Төлеген, т.б.

Орыс тілінде айқындауыш мүше (приложение) деп анықтаушы сөзбен септік жалғауы арқылы байланысатын, зат есім арқылы берілетін анықтауыш сөзді атайды. Мысалы: ученик-отличник.

Орыс тілінде телефон-автомат, плащ-палатка сияқты қосарлы айқындауыштың түрлері болады. Қазақ тілінде де осы үлгімен қосарлы айқындауыш сөздер жасалған: жер-ана, ұшқыш-космонавт, т.б.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. (Однородные члены предложения). Сөйлемдегі синтаксистік қызметі, тұлғасы, сұрақтары бірдей және бәрі бір ғана ортақ мүшемен байланысатын сөздер бірыңғай мүше болады.

Екі тілде де сөйлемнің тұрлаулы мүшелері де, тұрлаусыз мүшелері де бірыңғай мүше бола алады.

Бірыңғай бастауыштар (однородные подлежащие): Жарамсақтық пен қорқақтық - ең жаман мінез. - Лесть и трусость - самые дурные пороки.

Бірыңғай баяндауыштар (однородные сказуемые): Олар оянды, далаға шықты. - Они проснулись, вышли на улицу.

Бірыңғай анықтауыштар (однородные определения): Бөлмеде бұғы мен аю терілері ілулі тұр еді. - В комнате висели оленьи имедвежьи шкуры.

Бірыңғай толықтауыш (однородные дополнения): Ол оның әке-шешесін, туған-туысқандарын қарсы алды. - Он встретил ее родителей, родственников.

Бірыңғай пысықтауыш (однородные обстоятельства): Ол тез және үрейлене көзін ашты. - Он быстро и тревожно открыл глаза.

Бірыңғай мүшелер жалаң, жайылма (нераспространенные, распространенные однородные члены) болып келеді.

Жалаң бірыңғай мүшелер (нераспространенные однородные члены) тек бірыңғай мүшелерден тұрса, жайылма бірыңғай мүшелер (распространенные однородные члены) анықтаушы сөздермен тіркескен бірыңғай мүшелермен беріледі. Мысалы: Біз пішенге көмілдік те ұйықтап кеттік. - Мы зарылись в сено и заснули.

Орыс тілінде бірыңғай мүшенің арасын жалғастыратын жалғаулықтар негізінен үш түрлі, ал қазақ тілінде 4 түрлі:

1. Ыңғайластық жалғаулықтар (Соединительные союзы).
2. Талғаулықты жалғаулықтар (Разделительные союзы).
3. Кезектес жалғаулықтар (Разделительные союзы).
4. Қарсылықты жалғаулықтар (Противительные союзы).

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де бірыңғай мүшелі сөйлемдерде

жалпылауыш сөздер (обобщающие слова) кездеседі. Олар бірыңғай мүшелерді жинақтап, бір сөзбен атап көрсетеді. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшенің алдында да, артынан да айтылады. Мысалы: Семей, Ақтөбе, Өскемен, Орал - бәрі Қазақстанның қалалары. Приходили разные люди: и студенты, и соседи, и родственники, и друзья.

Бір құрамды сөйлемдер (Односоставные предложения)

Бір құрамды сөйлемнің құрылымдық үлгісі бір ғана мүшеден құралады. Мысалы: Кітапханаға барамыз. - Пойдем в библиотеку. Мұнда мағына тек баяндауыштың құрамы арқылы ғана беріліп тұр. Бастауыш жоқ. Демек бастауыштың құрамы жоқ. Сондықтан бұл сөйлемдер бір құрамды болады. Екі тілде де бір құрамды сөйлемдер жақты (личные), жақсыз (безличные) деп бөлінеді.

Жақты сөйлем (Личные предложения). Бастауышы сөйлем ішінде тұрған немесе баяндауыш арқылы жасырын бастауышын тауып алуға болатын сөйлем жақты деп аталады. Бір құрамды жақты сөйлемдер семантикасы мен етістіктің жасалу тәсілдеріне қарай төмендегідей топтастырылады:

1. Белгілі жақты (Определенно-личные).

Екі тілде де бұл сөйлемдерде бастауыш болмайды, іс-қимылды орындаушы жөнінде мәлімет тек баяндауыш арқылы беріледі. Мысалы: Бүгін үйге барамыз. - Сегодня поедом домой.

Қазақ тілінде бұл сөйлемдердің тұрлаулы мүшесі есім тұлғалары мен жақ аффикстері арқылы беріледі. Мысалы: Мұғаліммін. Киноға барайық.

Орыс тілінде тұрлаулы мүше баяндауыштың жалғауы арқылы беріледі. Мысалы: Пойдешь в кино?

2. Белгісіз жақты сөйлем (Неопределенно-личные предложения)

Баяндауышы етістіктің жекеше екінші не үшінші жағында тұрып, мағына жағынан үш жаққа бірдей қатысы бар ортақ қимылды көрсететін грамматикалық бастауышы жоқ бір тұрлаулы мүшелі сөйлем белгісіз жақты сөйлем деп аталады. Мысалы: Радиодан концерт беріп жатыр. -По радио передают концерт. Бұл сөйлемдердің баяндауыштары жекеше 3-жақта тұрғанымен, олар баяндауыш көрсетіп тұрған іс-қимылдың иесі болатын белгілі жақты көрсетпейді. Сөйлемдердің мазмұны нақты бір тыңдаушыға арналмаған, көпке, жалпыға арналып, белгісіз жақта айтылып тұр.

Мұндай сөйлемдерде қазақ тілінде негізгі тұрлаулы мүше ашық райдағы етістіктің 3-жағы, ауыспалы келер шақ, есімше арқылы беріледі. Мысалы: Мектепте бұған үйретеді. - Этому в школе учат.

Орыс тілінде де негізгі тұрлаулы мүше етістіктің осы шақ, келер шақ тұлғасындағы көпше 3-жағы, өткен шақтың көпше тұлғасы, шартты рай тұлғасы (сослагательное наклонение) арқылы беріледі. Мысалы: Кричали издалека.... Отвели бы мнеучасток неподалеку от дома.

3. Жалпылама жақты сөйлем (Обобщенно-личные предложения).

Сөйлемнің баяндауышы көрсететін іс-әрекет белгілі бір жаққа арналмай, жалпы іс-қимылды білдіретін грамматикалық бастауышы жоқ бір тұрлаулы мүшелі сөйлем жалпылама жақты сөйлем деп аталады. Қазақ тілінде бұл сөйлемдердің баяндауышы шартты райдағы етістіктің келер шақ тұлғасындағы

жекеше 2-жағы, бұйрық рай етістігі, ашық райдағы етістіктің келер шақ тұлғасындағы жекеше 2-жағы арқылы беріледі. Мысалы: Күлме досқа, келер басқа. - Не смейся над другом, с тобой то же самое может случиться. Тілмен асыққанша, іспен асық. - Не спеши языком - торопись делом.

Орыс тілінде бұл сөйлемдердің тұрлаулы мүшесі ашық райдағы етістіктің осы шақ, келер шақ тұлғаларындағы жекеше 2-жағы арқылы, кейде етістіктің осы шақ, келер шақ тұлғаларындағы жекеше 2 жағы арқылы, кейде етістіктің 1, 3-жақтары арқылы беріледі. Мысалы: Снявши голову, по волосам не плачут. - Бас алынса, шашты жоқтамас. Семь раз отмерь - один раз отрежь. Жеті рет өлше - бір рет кес. Что посеешь, то и пожнешь. - Не ексең, соны орасың.

Жақсыз сөйлем (Безличные предложения). Атау тұлғада тұрған бастауышы жоқ және оны баяндауыш арқылы тауып алуға болмайтын сөйлем жақсыз сөйлем деп аталады. Мысалы: Үлкенді сыйлау керек. - Старших надо уважать. Мұнда субстантивтенген сын есім қазақ тілінде Табыс септікте, ал орыс тілінде Ілік септіктің көгшіе түрінде тұрғанына назар аударған жөн.

Қазақ тілінде жақсыз сөйлемнің баяндауыштары төмендегідей жолдармен жасалады:

1. Барыс септігіндегі тәуелденген не тәуелдеусіз тұйық етістікке немесе болымсыз тұлғадағы есімшеге "бол" етістігінің тіркесіп келуі арқылы: Маған досымды тыңдамауға болмайды. - Я не могу не прислушаться к словам друга. 1. -Ып, -іп, -п, -й, -са, -ар, -ер тұлғалы етістіктер мен "бол" етістігінің тіркесуі арқылы: Оған көмектеспесе болмас. - Ему нельзя не помочь.

3. -У, -мақ, -мек тұлғалы тұйық етістік пен "керек" сөзінің тіркесі арқылы: Білмегенді сұраудан арланбау керек.

4. Барыс септіктегі тұйық етістікке "тура келу", "мүмкін емес", "мүмкін" сөздерінің тіркесіп келуі арқылы: Ерте ұйықтауға тура келді, өйткені жарық өшіп қалды. - Свет погас, поэтому пришлось рано лечь.

5. -Қы, -щ, -гы, -гі жұрнақты етістіктің тәуелденген түріне "кел" көмекші етістігінің тіркесіп келуі арқылы: Оның пікірін естігісі келді. - Хотел услышать его мнение.

6. Не? қанша? деген сұрау есімдіктері мен "керек", "қажет" деген сөздердің кейде -п, -ып, -іп тұлғалы көсемшенің тіркесуі арқылы: Сондай байлық не керек? - Зачем такое богатство?

7. Күрделі баяндауыш құрамындағы бір сөздің тәуелденіп келуі арқылы: Мынаның оқуға асығуын - ай. - Надо же, так торопится на учебу.

8. Идиомалық сөз тіркесінен: Оның ішек-сілесі қатып жатыр. - Он смеялся до упаду.

Орыс тілінде жақсыз сөйлемдер (безличные предложения) екі топқа бөлінеді:

1. Баяндауышы етістік арқылы берілетін жақсыз сөйлемдер.

2. Баяндауышы жай-күй категориясы (категория состояния) деп аталатын етістіктің тобы арқылы берілетін жақсыз сөйлемдер.

Бірінші топқа жататын жақсыз сөйлемдердің баяндауыштары мынадай жолдар арқылы беріледі:

1. Жақсыз етістіктер арқылы: Уже светает. - Таң бозарып келеді.

2. Жақсыз мағынада қолданылатын жақты етістіктер арқылы: Ночью несколько стихло. - Түнде (жел) біршама басылды.

3. Жіктеу етістігінің өздік тұлғасы арқылы: Еще чуть брезжится. - Әлі сәл бозарды.

4. Етістік пен Ілік септігіндегі есімнің тіркесуі арқылы: Как будто никогда на свете ветра не было. - Өмірі жел болмағандай.

5. Тұйық етістік тұлғасының көмекші етістіктермен, есімдіктермен немесе есімдікті үстеумен тіркесуі арқылы: Вам туда ехать незачем. - Сізге онда барудың қажеті жоқ. Пора вставать: седьмой уж час. - Тұратын уақыт болды: сағат жетіге кетті.

6. Ырықсыз есімшенің ықшамдалған тұлғасы арқылы: Просто запрещено говорить. - Айтуға тыйым салынған.

Екінші топқа жататын жақсыз сөйлемдердің баяндауыштары мынадай жолдармен жасалады:

1. О-ға аяқталған жай-күй категориясы деп аталатын етістік тұлғасы арқылы: Было морозно и ветрено. - Аяз және жел болды.

2. Зат есім тұлғасындағы жай-күй категориясы деп аталатын сөздер арқылы, кейде олардың тұйық етістікпен тіркесуі арқылы: Лень ей далее ступить. - Әрі қарай аттауға жалсаулығы жібермеді.

Жоғарыда келтірілген орыс тілінің жақсыз сөйлемдері қазақ тіліне жақты сөйлем (2) болып, кейде жақты да, жақсыз да (5) болып беріледі. Кейде орыс тіліндегі жақсыз сөйлемдер қазақ тіліне екі құрамды сөйлем болып беріледі. Мысалы: Светает. - Таң атып келеді. Все снесло ураганом. - Дауыл бәрін жұлып әкетті.

Ал қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдер мағыналары бойынша орыс тілінің белгісіз жақты (неопределенно-личные) сөйлемдеріне жақын келетін айқын.

Атаулы сөйлем (Номинативные предложения). Екі тілде де бас мүшесі зат есім не есім сөз тіркесі арқылы берілетін бір құрамды сөйлем атаулы сөйлем деп аталады. Мысалы: Түн. -Ночь. Тазаауа. - Чистый.воздух.

Атқаратын қызметіне қарай атаулы сөйлемдер төмендегідей топтастырылады:

1. Болымды, толымды (Бытийно-описательные, утверждающие бытие): Аяз және шуақты күн. -Мороз и солнце.

2. Сілтеме (Указательные): Міне, қалыңдық! - Вот и невеста!

3. Қуаныш, қорқыныш, ренішті білдіретін лепті сөйлемдер: Ну и трус! - Ой, қорқақ!

4. Жалқы-атаулы сөйлемдер (Собственно-назывные). Шығармалар мен кітаптардың, журналдар мен мекемелердің атауларын білдіретін сөйлемдер: "Абай жолы" романы. -Роман "Путь Абая".

5. Атаулы (Номинативные). Адам аттары, зат атауларын білдіретін сөйлемдер: Ж. Аймауытов, Шәкәрім, М. Жұмабаев! Олардың аты бәрімізге белгілі бола бастады.

Құрмалас сөйлем (Сложные предложения). Құрмалас сөйлем дегеніміз - екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі бір ойды білдіретін предикативтік бөлшек. Қазақ тілінде құрмалас сөйлем құрамындағы жай

сөйлемдер бір-бірімен шылаулар, есімше, көсемше, шартты рай тұлғалары, интонация арқылы байланысса, орыс тілінде жалғаулық шылаулар мен интонация арқылы байланысады.

Қазақ тілінде құрмалас сөйлемдер төмендегідей жіктеледі:

1. Салалас құрмалас сөйлем.
2. Сабақтас құрмалас сөйлем.
3. Аралас құрмалас сөйлем.

Байланысу тәсіліне қарай салалас құрмалас сөйлем іштей жалғаулықты, жалғаулықсыз деп екі топқа бөлінеді.

Сонымен қатар, салалас құрмалас сөйлем мағынасына қарай ыңғайлас салалас, себептес салалас, кезектес салалас, қарсылықты салалас, талғаулықты салалас деп бес топқа бөлінеді.

Ал сабақтас құрмалас сөйлемдер байланысу тәсіліне қарай есімшелі бағыныңқы, көсемшелі бағыныңқы, шартты райлы бағыныңқы деп жіктелсе, мағынасына қарай шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас, мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас, мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас, салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас, себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас, амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем деп бірнеше топқа бөлінеді.

Орыс тілінде де құрмалас сөйлемдер бірнеше топқа бөлінеді:

1. Салалас құрмалас сөйлем (Сложносочиненные предложения).
2. Сабақтас құрмалас сөйлем (Сложноподчиненные предложения).
3. Жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения).

Мағынасына қарай салалас құрмалас сөйлем орыс тілінде дәстүрлі үш топқа жіктеледі:

1. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем (Сложносочиненные предложения с соединительными союзами).

2. Қарсылықты салалас құрмалас (Сложносочиненные предложения с противительными союзами).

3. Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем (Сложносочиненные предложения с разделительными союзами).

Бұл орыс тіліндегі салалас құрмаластың дәстүрлі классификациясы. Кейінгі кезде аталған 3 топқа қоса түсіндірмелі (пояснительные), қосымша мағыналы (присоединительные) деп аталатын салалас құрмаластың түрлері аталып жүр. Бірақ салалас құрмаластың бұл екі түріне байланысты бірыңғай пікір жоқ. Өйткені кейбір ғалымдар бұларды салалас құрмаластың түрлері десе, енді бір ғалымдар сабақтас құрмаласқа жатқызады. Енді бір ғалымдар бұларды салалас құрмаласқа да, сабақтас құрмаласқа да жатпайтын жеке бір топ ретінде атайды.

Орыс тілінде мағынасына қарай сабақтас құрмалас сөйлемдер дәстүр бойынша төмендегідей топтастырылады:

1. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас (Сложноподчиненные предложения с придаточным времени).

2. Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас құрмалас (Сложноподчиненные предложения с придаточным сравнения).

3. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас (Сложноподчиненные предложения с придаточным условия).

4. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас (Сложноподчиненные предложения с придаточным цели).

5. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас (Сложноподчиненные предложения с придаточным причины).

6. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас (Сложноподчиненные предложения с уступительным придаточным).

7. Амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас (Сложноподчиненные предложения с придаточным образа действия).

8. Анықтауыштық бағыныңқылы сабақтас құрмалас (Сложноподчиненные предложения с определительным придаточным).

9. Толықтауыштық бағыныңқылы сабақтас құрмалас (Сложноподчиненные предложения с изъяснительным придаточным).

10. Мекен бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем (Сложноподчиненные предложения с придаточным места).

11. Салдар бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем (Сложноподчиненные предложения со сравнительным придаточным).

Аталған сабақтас құрмалас сөйлемдер орыс тілінде құрылымдары, мағыналары, байланысу тәсілдері, бағыныңқының басыңқыдағы бір сөзге не тұтас басыңқы сөйлемге тәуелді болуына байланысты жайылма құрылымды (расчлененной структуры), жалаң құрылымды (нерасчлененной структуры) деген екі топқа бөлінеді.

Жайылма құрылымды (расчлененной структуры) сабақтас құрмалас сөйлемдерге бағыныңқысы басыңқы сөйлемге тұтастай тәуелді құрмалас сөйлем жатады. Мысалы: Если у человека нет своих крыльев, чужими ему не улететь, - Адам өзі талаптанбаса, біреудің көмегі ештеңе емес.

Ал жалаң құрылымды сабақтас құрмалас сөйлемдерге (сложноподчиненные предложения нерасчлененной структуры) бағыныңқы сөйлем басыңқыдағы тек бір сөзге не сөз тіркесіне тәуелді құрмалас сөйлемдер жатады. Мысалы: Иногда у человека бывает такая уверенность в себе, что он может сделать все. - Кейде адам өзіне қатты сенсе, қолынан бәрі келеді.

Орыс тілінде байланысу тәсіліне қарай құрмалас сөйлемнің жалғаулықсыз құрмалас сөйлем деп аталатын тағы бір тобы бар. Жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдер интонация арқылы байланысады. Мысалы: Большинство остановилось на двух проблемах: одни - на вопросе о выращивании овощей, другие - о посадке деревьев.

Енді орыс және қазақ тілдеріндегі құрмалас сөйлемдердің осы аталған түрлерін жеке-жеке қарастырып көрелік.

Салалас құрмалас сөйлемдер (Сложносочиненные предложения). Құрамына енген жай сөйлемдері грамматикалық жағынан бір-біріне бағынышты, тәуелді болмай, өзара теңдік қатынаста айтылып, синтаксистік құрылысы және мағынасы жағынан бір бүтін болып тұратын құрмалас сөйлем салалас құрмалас сөйлем деп аталады. Қазақ тілінде салалас құрмалас сөйлем компоненттерінің бір-бірімен құрмаласу жолдарына қарай, күрделі екі топқа

бөлінеді: жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем және жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем.

Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем (Союзное сложносочиненное предложение) Екі тілде де бұл топқа компоненттері бір-бірімен жалғаулық шылаулар арқылы құрмаласатын салалас сөйлемдер жатады. Бұл сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру функциясын атқаратын жалғаулықтардың мағыналық ерекшеліктеріне қарай салалас құрмалас сөйлемдер төмендегідей топтастырылады:

1. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем (Сложносочиненные предложения с соединительными союзами).

Қазақ тілінде бұл топқа енген жай сөйлемдер бір мезгілде болған іс-әрекет, жай-күйлерді баяндайды да да-де, та-те, және әрі жалғаулықтары арқылы байланысады. Мысалы: Дау осымен бітті де, жұрт тарап кетті.

Ал орыс тілінде и, тоже, также, даже и, если даже и жалғаулықтары арқылы байланысады. Мысалы: Спор на этом закончится, и толпа разошлась.

2. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем (Сложносочиненные предложения с противительными союзами).

Бұл сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдер екі тілде де бір-біріне қарама-қайшы мағына білдіреді. Қазақ тілінде бұл топқа жататын салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен бірақ, дегенмен, әйтсе де, әйткенмен, сөйтсе де, сөйткенмен, сонда да, солай бола тұрса да, солай болғанмен жалғаулықтары және жалғаулық мәнді сөз тіркестері арқылы байланысады. Мысалы: Жауын аяқталды, бірақ жел әлі басылған жоқ.

Ал. орыс тілінде но, иначе, однако, все-таки, все же, тем не менее, однако же, но зато, хотя и так жалғаулықтары арқылы байланысады. Мысалы: Море успокоилось, но ничего не было видно.

3. Талғаулықты салалас сөйлем (Сложносочиненные предложения с разделительными союзами).

Екі тілде де талғаулықты салалас сөйлем, компоненттерде баяндаған әрекеттердің талғанып, әйтеуір біреуінің болатындығын немесе болу керектігін баяндайды. Қазақ тілінде бір сөйлемдер не, немесе, я, яки, болмаса, я болмаса, әйтпесе, әлде, күй, мейлі жалғаулықтары арқылы байланысса, орыс тілінде или, либо, иногда, не то, ие то жалғаулықтары "арқылы байланысады. Мысалы: Не жауын жауады, не болмаса бұршақ жауады. - Либо будет дождь, либо будет град.

Қазақ тілінде бұл сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулықсыз құрмаласа алмайды.

4. Кезектес салалас құрмалас сөйлем (Сложносочиненные предложения с чередующимися союзами).

Қазақ тілінде құрамына енген жай сөйлемдердің мағынасынан байқалатын іс-әрекеттердің бірінен - соң бірі кезектесіп болып отыратындығын білдіретін сөйлемдер кезектес салалас құрмалас сөйлем деп аталады. Бұл сөйлемнің компоненттері бір-бірімен бірде, біресе, кейде жалғаулықтары арқылы құрмаласады. Мысалы: Біресе қар жауады, біресе жауын жауады. - То снег идет, то дождь идет.

Орыс тілінде мұндай сөйлемдер талғаулықты салалас құрмалас сөйлемдердің тобына жатады.

5. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем (Сложноподчиненные предложения с причинно-следственным значением).

Бұл сөйлемдер қазақ тілінде құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің соңғысы іс-әрекеттің себебін білдіреді де, алдыңғысы сол себептен туған нәтижені, салдарды білдіреді, өйткені, себебі, сондықтан деген жалғаулықтар арқылы құрмаласады. Мысалы: Біз үйге кеш келдік, өйткені жолда көп кедергі кездесті.

Бұндай сөйлемдер орыс тіліне сабақтас құрмалас сөйлем болып беріледі. Мысалы: Мы приехали домой поздно, так как по пути было много препятствий.

Орыс тілінде салалас құрмалас сөйлемнің жоғарыда аталған дәстүрлі түрлерінен басқа, тағы екі түрі ақырғы кезде аталып жүр дедік. Олар: түсіндірмелі салалас құрмалас (Сложносочиненные предложения с пояснительным значением) және қосымша мағыналы салалас құрмалас сөйлем (Сложносочиненные предложения с присоединительным значением).

Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің құрамына енген жай сөйлемдердің мағынасынан байқалатын іс-әрекеттер бірін-бірі анықтап, түсіндіріп отырады, то есть, а именно деген жалғаулықтар арқылы құрмаласады. Мысалы: Время стояло самое благоприятное, то есть было тепло, слегка морозно и совершенно тихо. - Уақыт өте қолайлы еді, өйткені күн жылы, аздаған аяз бар, тып-тыныш.

Бұл қазақ тіліндегі түсіндірмелі салалас құрмаласқа жақын келеді. Мұндағы өйткені деген жалғаулықты алып тастасақ, сөйлемнің түсіндірмелі салалас құрмалас екені аңғарылады.

Қосымша мағыналы салалас құрмалас сөйлем (Сложносочиненные предложения с присоединительным значением).

Бұл сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдердің екінші компоненті бірінші компоненттің мағынасын толықтырып, қосымша мәлімет береді, жалғаулығы сілтеу есімдіктерімен тіркесіп беріледі де также, тоже, да и, а жалғаулықтары арқылы құрмаласады. Мысалы: Оба слишком оживленно и естественно слушали и говорили, и это-то не понравилось Анне Павловне (Л. Т.). - Анна Павловнаға олардың мұқият тыңдап, тым қатты сөйлегендері ұнаған жоқ. Ты скучаешь, не находишь себе места, а скука и праздность заразительны (Ч.). - Сен ештеңемен айналыспағандықтан, өзіңді қайда қоярыңды білмейсің, ал күнде тойға адам тез үйренеді. Мне не хотелось домой, да и зачем было идти туда. - Менің үйге барғым келмеді және барудың да қажеті жоқ еді.

Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем (Бессоюзное сложное предложение)

Қазақ тілінде салалас құрмалас сөйлемнің тағы бір түрі - жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем. Бұл сөйлемдер жай сөйлемдердің ешқандай жалғаулықсыз немесе жалғаулық мәнді сөзсіз бір-біріне тіркесе, іргелесе, айтылуы арқылы жасалады. Мағыналық жағынан алғанда жалғаулықсыз салалас құрамына енген жай сөйлемдер бір-біріне жақын, өзара іліктес, шарттас, мезгілдес, себептес іс-әрекет, жай-күйді білдірулері де, болмаса

бірінің мағынасын екіншісі ашып, саралап түсіндіріп тұруы да мүмкін. Мысалы: Ол оған қарай ұмтыла түсіп еді, шешесі қамшыға жармаса кетті.

Жалғаулықсыз салаластың алдыңғы компонентінің баяндауыштарына көбінесе еді, екен, емес етістіктері көмекші қызмет етеді. Мысалы: Айналасына қарап еді, ешкім көрінбеді.

Сонымен қатар, жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем «сол» есімдігінің туынды тұлғалары соншама, соншалық, сондай есімдіктерімен ортақ мүше болатын сөз және белгілі бір сөздің қайталап айтылуы арқылы да жасалады. Мысалы: Менің ең алдымен айтарым сол, сіздің ойыңызға толық қосыламын. Қазақтың ұғымында кедей я момын болу ұят емес, келімсек я кірме болу ұят. Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер.

Жалғаулықсыз салалас сөйлем мен жалғаулықты салалас сөйлем арасында айтарлықтай ерекшелік жоқ. Салалас құрмалас сөйлемнің бірсыпыра түрін жалғаулық арқылы құрмаластырып айтуға да, жалғаулықты алып тастап, жалғаулықсыз айтуға да болады. Мысалы: Көп уақыт өткен сияқты болды, әйткенмен мағынасыз өткен сағаттарға ол өкінген жоқ. - Көп уақыт өткендей болды - мағынасыз өткен сағаттарға ол өкінген жоқ.

Бірақ барлық жағдайда жалғаулықты салаластың жалғаулығын алып тастап, жалғаулықсыз етіп айтуға немесе жалғаулықсыз түрін жалғаулықты етіп айтуға бола бермейді. Мысалы, салалас сөйлемнің жалғаулықты түрінде кездесетін талғаулы, кезектес салалас деп аталатын сөйлемдер жалғаулықсыз түрінде кездеспейді. Ал салалас сөйлемнің жалғаулықсыз түрінде кездесетін түсіндірмелі, салыстырмалы деп аталатын сөйлемдердің жалғаулықты түрі жоқ.

Жалғаулықсыз салалас сөйлемдерді компоненттерінің бір-бірімен мағыналық қатынасына қарай мынадай түрлерге бөлуге болады:

1. Мезгілдес салалас сөйлем.
2. Себептес салалас сөйлем.
3. Қарсылықты салалас сөйлем.
4. Түсіндірмелі салалас сөйлем.
5. Салыстырмалы салалас сөйлем.
6. Шартты салалас сөйлем.
7. Көп тармақты салалас сөйлем.

Орыс тілінде жалғаулықсыз сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен өзара іліктес, шарттас, мезгілдес, себептес, қарсылықты бағыныңқы іс-әрекет, жай-күйді білдірулерімен қатар бірінің мағынасын бірі ашып, саралап түсіндіріп тұрады. Мысалы: Не раны, не больное легкое мучило его - раздражало сознание ненужности. Лесная лужайка вся насыщена холодной росой, насекомые спят, многие цветы еще не раскрыли венчиков. Печален я: со мною друга нет. Вдруг я чувствую: кто-то берет меня за руку и толкает.

Орыс тілінде бұл сөйлемдерді жалғаулық арқылы құрмаластырып салалас құрмалас немесе сабақтас құрмалас етіп те айтуға болады. Мысалы: Не раны, не больное легкое мучило его, а раздражало сознание ненужности. Печален я, так как со мной друга нет.

Жалғаулықсыз сөйлемдер компоненттерінің бір-бірімен мағыналық қатынасына қарай орыс тілінде төмендегідей жіктеледі:

1. Жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением перечисления): Метель не утихала, небо не прояснялось. - Боран басылған жоқ, аспан ашылған жоқ,

2. Қарсылықты немесе салыстырмалы мағынадағы жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением сопоставления или противопоставления): Это было не только горе - эта была полная перемена жизни, всего будущего. Бұл тек қайғы ғана емес - бұл өмірдің, барлық келешектің толық өзгергені еді.

3. Шартты мағынадағы жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением обусловленности): Любишь кататься - люби и саночки возить. - Қолмен жасағанды, мойынмен көтеру керек.

4. Түсіндірмелі мағынадағы жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением изъяснительных отношений): Он решил: довольно тянуть. - Енді созудың қажеті жоқ деп шешті.

5. Анықтауыштық мағынадағы жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением определительных отношений): Сквозь сон стала тревожить неотступная мысль: обворуют лавку, сведут лошадей... - Дүкенді тонайды, аттарды ұрлайды деген мазасыз ой ұйықтап жатса да тынышын алды.

6. Себеп-салдар мағынасындағы жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением причинно-следственных отношений): Богатому не спится: богатый вора боится. - Байда ұйқы жоқ - ол ұрыдан қорқады.

7. Мезгілдік мағынадағы жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением временных отношений): Ехал сюда -рожь начинала желтеть. Теперь уезжаю обратно - эту рожь люди едят. - Мында келе жатқанда, астық жаңа сарғая бастаған еді. Енді кетерде жұрт оны ас қылып жатыр.

8. Салыстырмалы мағынадағы жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением сравнения): Молвит слово - соловей поет. - Сауысқандай сайрайды. Сөйлесе, сандуғаштай сайрайды; сөйлесе, бұлбұлдай сайрайды.

9. Салдар, оқиғаның ауысуы мағынасындағы жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением следствия, результата, быстрой смены событий): Я умираю -мне не к чему лгать. - Мен хал үстінде жатырмын - өтіріктің маған керекі жоқ.

10. Түсіндірмелі мағынадағы жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением пояснения): С ранней молодости ее держали в черном теле: работала за двоих, а ласки никакой никогда не видела. - Жас кезінен дұрыс күтім көрген жоқ: таңнан кешке дейін еңбектенетін, бірақ ешқашан жылы сөз естіген жоқ.

11. Іліктес мағынадағы жалғаулықсыз құрмалас сөйлем (Бессоюзные сложные предложения со значением присоединения): Я все это уже знаю иаизусть вот что скучно. Мен мұның бврін жатқа білемін - сосын да қызықпаймын.

12. Күрделі құрамды жалғаулықсыз құрамдас сөйлем (Бессоюзные многочленные сложные предложения): Приятно после долгой ходьбы и глубокого сна лежать неподвижно на сене: тело нежится и томится, легким жаром пышет лицо, сладкая лень смыкает глаза: - Көп жүріс пен тәтті ұйқыдан кейін шөп үстінде қимылсыз жанқанға не жетсін: денен бусанып, бетің қызыл шырайланып, маужырап ұйқыға кетесің.

Бұл топқа еңген сөйлемдердің екінші компоненті де бірнеше жай сөйлем бола алады.

Сонымен, орыс тілінде жалғаудықсыз құрамдас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен интонация арқылы салаласа да, сабақтаса да байланыса береді. Сондықтан өздері жеке бір топ болып бөлінеді.

Сабақтас құрамдас сөйлем (Сложноподчиненное предложение). Екі тілде де сабақтас сөйлем - құрамдастың ең бір күрделі де көлемді түрі, Сабақтас құрамдас сөйлемдердің негізгі ерекшелігі - сөйлем компоненттерінің біреуі басқаларға қарағанда мағыналық және тұлғалық жағынан тиянақты болып келуінде. Міне, осы мағыналық және тұлғалық жағынан басым компонент басыңқы сөйлем деп аталады. Ал бағыныңқы компонент тұлғалық жағынан тиянақсыз, басыңқыға тәуелді болып тұрады, Мысалы: Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалған еді - Когда приблизились Байтас и Жумабай подошел к нему и Абай. Мұнда "Абай қасына кеп қалған еді - деген компонент өз алдына дербес сөйлем бола алады. Өйткені мағынасы жағынан біршама тиянақталған ойды білдіреді, Екіншіден» баяндауышының тұлғасы тиянақты – «кеп қалған еді». Сондықтан бұл бас-аяғы тиянақталған дербес жай сөйлем. Ал "Байтае пен Жұмабай тақай бергенде" деген сөйлем мағыналық, тұлғалық жағынан бұлайша. тиянақталмаған. Сөйлемнің орысша нұсқасы да нақ сондай.

Екі тілде де бағыныңқы мен басыңқылар өз алдына жеке сөйлем болса да, олар тұлғалық, мағыналық жақтарынан бір-бірімен өте тығыз байланысты болып келеді.

Қазақ тілінде мұндай сөйлемдерді өзара сабақтастыра байланыстырушы қызметін көсемше, есімше, шартты рай тұлғалы етістіктер мен етістіктердің басқа да кейбір түрлері атқарады. Ал орыс тілінде екі жай сөйлемді бір-біріне сабақтастыра байланыстыратын сабақтас жалғаулықтар мен олардың қызметін атқаратын сөздер бар.

Қазақ тілінде бағыныңқы компонент баяндауышының жасалу жолдары мен сөйлемнің мағыналық жақтарына байланысты сабақтас құрамдас сөйлем мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
2. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
3. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
4. Амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
5. Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
6. Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
7. Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
8. Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем.

Орыс тілінде сабақтас құрмалас сөйлемнің төмендегідей түрлері аталады:

1. Анықтауыш бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными определительными).

2. Толықтауыш бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными изъяснительными).

3. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными образа действия, меры и степени).

4. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными времени).

5. Мекен бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными места).

6. Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными причины).

7. Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными цели).

8. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными условия).

9. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными уступительными).

10. Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными сравнительными).

11. Салдар бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными следствия).

12. Салғастырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненное предложение с придаточными сопоставительными).

13. Көп компонентті бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Многочленные сложноподчиненные предложения).

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненные предложения с придаточными условия)

Екі тілде де шартты бағыныңқылы сөйлемдер баяндалған оқиға, әрекеттердің мағыналық жақтан бір-бірімен өзара шарттаса байланысуы негізінде құрылады.

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де шарт пен нәтиженің бір-бірімен ара қатынасына байланысты шартты бағыныңқы сөйлемдер екі түрге бөлінеді: реалды, ирреалды.

Реалды шарт бағыныңқы сөйлемдерде бағыныңқы компонентте болатын шартқа, басыңқыдағы нәтиже қайшы келмейді, керісінше, бағыныңқыдағы бір қимылдың болуына байланысты іле екінші бір - қимыл орындалатын болады. Мысалы: Достардың арасында бірлік болмаса, жұмысы алға баспайды. - Когда в товарищах согласия нет, на лад их дело не пойдет.

Қазақ тілінде бұндай сөйлемдерде басыңқының баяндауышы етістіктің райында, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы етістіктің келер шағында, ал басыңқынікі ауыспалы осы шақ, болжалды келер шақ және жедел өткен шақ түрлерінде жұмсалады. Мысалы: Еңбек етпесе, ешкімге жалақы бермеңдер. Көп оқысаң, көкірек көзің ашылады.

Жалпы қазақ тілінде шартты бағыныңқы сөйлемдердің реалды түрі шартты рай тұлғасы арқылы құрмаласады, кейде "егер" жалғаулығы қосылып айтылады.

Орыс тілінде шартты бағыныңқы сөйлемдердің реалды түрі если, ежели, когда, коли, кабы, как скоро, раз, т.б. жалғаулықтар арқылы жасалады. Мысалы: Если светит солнце и на небе нет облаков, то пенie и запах сена чувствуются сильнее... Раз никому нет дела до меня, останусь и буду жить, как жила.

Шартты бағыныңқы сөйлемнің ирреалды түрі деп екі тілде де бағыныңқы сөйлемдегі қойылған шарт басыңқыдағы нәтиженің орындалуына қайшы келетін, сондықтан уақиға іс жүзіне аспай, субъектінің алға қойған мақсаты орындалмайтынын білдіретін сөйлемдер аталады. Мысалы: Біз көмектескенде, ол оқуын бітіретін еді. -Если бы мы помогли, он закончил бы учебу.

Қазақ тілінде бұндай сөйлемдерде бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы өткен шақтық ұғымды білдіреді де, басыңқынікі - аяқталмаған өткен шақта тұрады. Тұлғалық жағынан басыңқының баяндауышы әрдайым "еді" көмекші етістігімен тіркесе айтылған келер шақты есімшенің болымды (-ар), болымсыз (-мас) түрінде келіп отырады да, бағыныңқынікі - етістіктің шартты рай тұлғасында және - ған формантты есімшенің Жатыс септігінде келеді. Мысалы: Ол сол жерде тура берер ме еді, егерде олар тынышын ала бермесе.

Орыс тілінде ирреалды шарт бағыныңқы сөйлемдер "если" жалғаулығына "бы" демеулігінің тіркесіп келуі арқылы жасалады. Мысалы: Если бы Земля перестала вращаться вокруг своей оси, то прекратилась бы смена дня и ночи.

Кейде "в случае", "если", "на случай если" тіркестері, кейде бұйрық рай формалары, тұйық етістік формасы да жұмсалады. Мысалы: В случае, если возникнет необходимость, то пусть обратятся к нам за помощью. Знай я ремесло - жил бы в городе. Послушать вас, так мы находимся вне человечества, вне его законов.

***Қарсылықты бағыныңқылы сабақта сөйлем
(Сложноподчиненные предложения с придаточными
уступительными)***

Екі тілде де бағыныңқы компоненті басыңқы сөйлемдегі оқиға мазмұнына қарама-қарсы мағыналық қатынаста келетін сөйлемдер қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем деп аталады. Мысалы: Біз қанша айтқанмен, ол келіспеді. - Он не согласился, несмотря на то, что мы ему говорили.

Қазақ тілінде қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер шартты райлы етістік, есімше, көсемше формалары арқылы жасалады. Мысалы: Майысса да сынбайтын болат па десем, морт кетер шойын екен ғой. Аспан ашық болғанмен, жаңбыр жауып кетті. Жауабы бола тұра, ол оған ештеңе айтпады.

Орыс тілінде қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер хотя, несмотря на то что, пускай, пусть, даром что, т.б. жалғаулықтары мен сұрау есімдіктері мен үстеулердің "ны" демеулігімен тіркесуі (кто ни, что ни, как ни, где ни, куда ни, сколько ни, т.б.) арқылы жасалады. Мысалы: Хотя их было мало, он почувствовал вдруг сильное волнение. У него ничего не

клеилось, что бы он не предпринимал.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем

(Сложноподчиненное предложение с придаточными времени)

Екі тілде де мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемде бағыныңқы сыңар басыңқыда айтылған ойдың мезгілін білдіріп, ондағы орындалған не орындалып жатқан уақиға болмысын уақыт кезеңі жағынан айқындап тұрады. Мысалы: Соғыс аяқталғанда, мен жас бала едім. - Когда закончилась война, я еще был ребенком.

Қазақ тілінде мезгіл бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімше, көсемше, шартты рай және қимыл есімдер арқылы мынадай жолдармен жасалады:

1) есімше арқылы құрмаласқанда, - ған формантты есімше Жатыс септігінде келеді;

2) атау түріндегі есімше кезде, шақта, соң, сайын т.б. демеуліктерімен бірге қолданылады;

3) - ған тұлғалы есімше - ша жұрнағымен қосылып айтылады;

4) Барыс жалғаулы есімше дейін, шейін септеуліктерімен тіркеседі;

5) есімше Шығыс септігінде тұрады да, кейін, соң, бері септеуліктерімен қабаттаса айтылады;

б) - ар формантты есімше Жатыс септігінде келеді.

Ал көсемше арқылы құрмаласқанда - п формантты көсемше, -а, -е, -й тұлғалы көсемше, - ғалы тұлғалы көсемше арқылы жасалады. Мысалы: Көктем келіп, жан-жануарлар ояна бастады. Ол қаладан келгелі, ' баласы үйден ешқайда шыққан жоқ.

Қимыл есімдері арқылы құрмаласқанда, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы етістіктің -ысымен, -ісімен тұлғасы арқылы беріледі. Мысалы: Сабақ басталысымен, ол іске кірісті.

Шартты рай тұлғасы арқылы құрмаласу -са, -се тұлғасының қатысуы арқылы жасалады. Мысалы: Алдыма қарасам, үлкен ауыл тұр екен.

Ал орыс тілінде мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем когда, пока, прежде чем, после того как, как только, лишь только, едва только жалғаулықтары арқылы жасалады.

Мысалы: Каждый раз, когда я приходил, она встречала меня с приятным сдержанным достоинством. Прежде чем я остановился в этом березовом лесу, я со своей собакой прошел через высокую березовую рощу.

Амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненные предложения с придаточными образа действия, меры и степени) Екі тілде де сабақтастың бұл түрінде бағыныңқы компонент басыңқыда хабарланған уақиға, әрекеттің қалай орындалу амалын білдіреді. Қазақ тілінде амал бағыныңқы сабақтас сөйлемнің етістігі мынадай жолдар арқылы жасалады:

- а, -е (-ма), -й тұлғалы көсемше арқылы;

- - п формантты көсемше арқылы;

- - ған формантты есімшенің -дай жұрнағымен қосылып келуі арқылы;

- бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы "деп" етістігімен аяқталуы арқылы.

Орыс тілінде бұл сөйлемдер жалаң құрылымды (нерасчлененной

структуры) сөйлемдерге жатады да, как, что, чтобы, словно, точно жалғаулықтары мен насколько, поскольку сөздері арқылы жасалады. Мысалы: Она остановила его вопросом движением руки и продолжала так, точно она сидела перед лицом самой справедливости.

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

(Сложноподчиненные предложения с придаточными причины)

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем себеп пен салдардың қарым-қатынасы арқылы жасалады.

Мысалы: Тілді жасаушы халық болғандықтан, тіл өз бетімен жасалуы мүмкін емес. - Так как язык создается народом, он не может возникнуть сам по себе.

Қазақ тілінде бұл сөйлемдер есімше және көсемше тұлғалары арқылы құрмаласады:

- - ған формантты есімше жеке өзі тұрып, немесе шылау сөзбен тіркесе айтылып, бағыныңқының баяндауышын жасайды;

- - ған формантты есімше Шығыс септік жалғауында келеді, кейде "сом" шылауымен тіркесе айтылады. Мысалы: Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын.

Көсемше арқылы былайша құрмаласады:

- -й тұлғалы көсемше етістіктің болымсыз түрінде келеді: Ол мезгілді уақытында келе алмай, біз біраз кешігіп қалдық;

- -п тұлғасындағы көсемше де кейде себеп бағыныңқылы сабақтасты жасай алады: Түнде ұйықтап қалып, автобус кетіп қалды;

- идеп" етістігі арқылы да құрмаласады. Мысалы: Ол біліп қоймасын деп, біз ерте кеттік.

Ал орыс тілінде себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер потому что, оттого что, вследствие того что, благодаря тому что, в силу того что, так как, т.б. жалғаулықтары арқылы жасалады. Мынадай жағдайда күрделі құрамды жалғаулықтардың бір бөлігі басыңқының құрамына енсе, екіншісі - бағыныңқының құрамына енеді:

1. Күрделі құрамды жалғаулықтың алдында не болымсыз демеулігі тұрған жағдайда: Пастухов сошелся с Цветухиным не потому, что тяготел к актерам.

2. Күрделі жалғаулықтың алдында шек қою, күшейту, т.б. мағынадағы демеуліктер болған жағдайда:- Он держит ее лишь потому, что благодаря ей домашний обиход идет не сбиваясь с однажды намеченной колеи.

3. Күрделі жалғаулықтың алдында қыстырма сөз тұрса: Все это имеет для меня неизъяснимую прелесть, может быть, оттого, что уже не увижу их...

4. Егер бірінші компонент бірыңғай мүшелердің қатарына енсе: Река приняла особенный вид потому, что вода видна сквозь голые сучья, а еще более потому, что пропал от холоду водяной цвет.

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

(Сложноподчиненные предложения с придаточными цели)

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де бұндай сөйлемдерде бағыныңқы компонент басыңқыда хабарланған оқиға, әрекет мазмұнының мақсатын

айқындап тұрады. Мысалы: Көп білу үшін көп оқу керек. - Чтобы знать много, надо много учиться.

Қазақ тілінде бұндай сөйлемдер тұйық райлы етістіктің "үшін" септеулігімен тіркесуі арқылы және "деп" көмекшісі бұйрық райдың 111 жақ түрі, кейде -ар формантты есімшемен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: Сен үйге тез қайту үшін, біз жұмысты жылдам бітіруіміз қажет. Үй іші әдемі болсын деп, барлық қабырғаға гүл қойылған.

Орыс тілінде мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер чтобы, для того чтобы, с тем чтобы, затем чтобы, дабы, лишь бы, т.б. жалғаулықтар арқылы құрмаласады. Бұл сөйлемдерде де күрделі құрамды жалғаулықтардың бір бөлігі басыңқы сөйлемде, екінші бөлігі бағыныңқы сөйлемде жұмсалады. Мысалы: Все это сказано для того, чтобы возбудить внимание к жизни многотысячной армии начинающих писателей.

***Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
(Сложноподчиненные предложения с придаточными
сравнительными)***

Екі тілде де сабақтастың бұл түрінде бағыныңқы, басыңқы компоненттерде хабарланған оқиға, әрекеттер бір-бірімен өзара салыстырыла айтылады. Мысалы: Үміттің оты жанғандай, ол соңғы кезде нұрланып кетті. - В последнее время она озарилась светом, как будто зажглись огни ее надежды.

Қазақ тілінде бұл сөйлемдер мынадай жолдармен жасалады:

- "қандай", "қалай", "қанша", "сондай", "солай", "сонша" есімдіктерінің қолданылуы арқылы;

- -ган формантты есімшеге -дай/дей, -тай/тей, -ша/ше қосымшаларының қосылуы арқылы;

- "одан да" күшейткіш үстеуін пайдалану арқылы;

- шартты райлы етістік арқылы.

Мысалы: Ағаш қалай жапырақтарын ақырын түсірсе, менен де солай көңілсіз сөздер шығып жатыр. Бәрі бұрынғыдай, ештеңе болмағандай. Еңбектеп өмір сүргенше, тізе бүкпей өлген жақсы.

Ал орыс тілінде как, будто, как будто, словно, точно, подобно тому как, как если бы, т.б. жалғаулықтары арқылы жасалады. Мысалы: Вся комната вдруг потемнела, точно в ней задернулись занавески.

Орыс тілінде жоғарыда аталғандардан басқа қазақ тілінде баламасы жоқ, тек орыс тіліне тән мынадай сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлері бар:

1. Анықтауыш бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложно-подчиненные предложения с придаточными определительными).

2. Толықтауыш бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненные предложения с придаточными изъяснительными).

3. Мекен бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложно-подчиненные предложения с придаточными места).

4. Салдар бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложно-подчиненные предложения с придаточными следствия).

5. Салғастырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненные предложения с придаточными сопоставительными).

6. Түсіндірмелі бағыныңқылы сабақтас сөйлем (Сложноподчиненные предложения с придаточными присоединительными).

***Анықтауыш бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
(Сложноподчиненные предложения с придаточными
определятельными)***

Құрмаластың бұл түрінің бағыныңқы компоненті басыңқыдағы зат есімді немесе субстантивтенген сөзді анықтау қызметін атқарады. Мысалы: Наступила и вторая кадриль, которую я танцевал с Сонечкой.

Бұл сөйлемдер жалғаулықтың қызметін атқаратын *который, какой, чей, что, где, куда, откуда, когда* сөздері және кейде *чтобы, как, словно, будто, точно, т.б.* жалғаулықтары арқылы жасалады.

Кейбір сөйлемдердің басыңқы компонентінде анықтауыш сөзбен бірге сілтеу, анықтау есімдіктері де жұмсалады.

Мысалы: *Голос его был строг и не имел уж того выражения доброты, которое тронуло меня до слез.*

Бұндай сөйлемдер қазақ тіліне жай сөйлем ретінде беріледі: *Деревня, где скучал Онегин, была прелестный уголок. - Онегин зерігіп жүрген деревня эсем жер еді.*

***Толықтауыш бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
(Сложноподчиненное предложение с придаточными
изъяснительными)***

Бұл сөйлемдерде бағыныңқы компонент басыңқыдағы бір сөзбен берілген объектіні толықтырып тұрады. Мысалы: *Он спросил, где живет ученый.*

Сабақтас құрмаластың бұл түрі *что, чтобы, будто, как, как будто, словно* ли, т.б. жалғаулықтары мен жалғаулықтың қызметін атқаратын *кто, что, который, где, чей, куда, откуда, как, зачем, почему, сколько, насколько, т.б.* сөздер арқылы жасалады.

Мысалы: *Она с ужасом увидела, что заехала в незнакомый лес.*

Қазақ тілінде бұл сөйлемдер жай сөйлем ретінде беріледі: *Ему послышалось, что птица поет. - Оган құс сайрагандай болып естілді.*

Мекен бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем (Сложноподчиненные предложения с придаточными места)

Бұндай сөйлемдерде бағыныңқы компонент басыңқыда айтылған іс-қимылдың бағытын, мекенін білдіріп тұрады да, жалғаулық мәнді *где, куда, откуда* сөздері арқылы жасалады. Көбінесе бұл сөздер есімдік үстеулерімен (местоименные наречия) тіркесіп жұмсалады. Мысалы: *Откуда ветер, оттуда и счастье.*

Кейде үстеулермен тіркесіп жұмсалады: *Все заглядывали вперед, где качалось и реяло красное знамя.*

Қазақ тіліне бұл сөйлемдер де жай сөйлем ретінде беріледі: *Куда иголка, туда и нитка. - Ине өткен жерден жіп те өтеді.*

Салдар бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем (Сложноподчиненные предложения с придаточными следствия)

Құрмалас сабақтастың бұл түрінде бағыныңқы компонент басыңқыдағы іс-қимылдың салдарын білдіреді де, так что жалғаулығы арқылы жасалады.

Мысалы: Вдруг, правда, развеселится, пойдет в пляс, так что с чердака опилки сыплются.

Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
(Сложноподчиненные предложения с придаточными сопоставительными)

Бұл сөйлемдерде басыңқы мен бағыныңқы компоненттердегі іс-қимыл салғастырылып беріледі де, в то время как, между тем как, тогда как, по мере того как, чем...тем, если то..., т.б. жалғаулықтары мен жалғаулықтар тіркесі арқылы жасалады. Мысалы: Она его еще не видела, между тем как все молодые соседки только о нем и говорили.

Бұндай сөйлемдерде салғастыру мағынасынан басқа, қосымша қарсылықты мағына да білдірілуі мүмкін: Я кончил гимназический курс в последнем году плохо, тогда как до седьмого класса всегда был из первых.

Мағынасына қарай бұндай сөйлемдер салалас та, сабақтас та бола алады: Сверх того она умеет читать и писать, тогда как Марья Порфирьевна совершенно безграмотна. - ... а Марья Порфирьевна совершенно безграмотна.

Түсіндірмелі бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
(Сложноподчиненные предложения с придаточными присоединительными)

Мұнда бағыныңқы компонент басыңқыда хабарланған оқиғаның мазмұнын ашып, айқындап, түсіндіріп тұрады да, жалғаулықтың қызметін атқаратын что, где, куда, откуда, когда, как, почему, отчего, зачем, вследствие чего деген сөздер арқылы жасалады. Мысалы: Его не было дома, почему я и оставил записку.

Міне, екі тілдегі сабақтас құрмаластың түрлері және ұқсастықтары мен айырмашылықтары осындай. Қазақ және орыс тілдеріндегі сабақтас құрмалас сөйлемге байланысты тағы бір айта кетерлік жай - сөйлемдердің орын тәртібі.

Қазақ тілінде, негізінде, бағыныңқы сөйлем алдында, басыңқы сөйлем соңында келеді. Ал орыс тілінде бағыныңқы компонент басыңқының алдында, ортасында, кейін де тұра береді. Мысалы: Не жалко сил, если они дают такие результаты. Эти большие села, что приходится проезжать до Алтая; сыграли огромную роль в истории гражданской войны уральских степей. Что с воза упало, то пропало.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем. (Многочленные сложноподчиненные предложения). Екі тілде де бір басыңқы, бірнеше бағыныңқы компоненттерден тұратын сабақтас құрмалас сөйлемдер кездеседі. Бұндай сөйлемдерде бағыныңқы сөйлемдердің - басыңқымен байланысу жолы әр түрлі болады. Кейде әрбір бағыныңқы сөйлемдер басыңқыға өз беттерімен тікелей, жекелей байланысады, ал кейбір жағдайларда бағыныңқылар өзара бір-бірімен байланысып қана өз басыңқысымен үйлесе алады. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, көпбағыныңқылы сабақтастарды қазақ, орыс тілдерінде екі топқа бөлуге болады: жарыспалы көпбағыныңқылы сабақтас сөйлем (многочленные сложные предложения с параллельным подчинением); сатылы көпбағыныңқылы сабақтас сөйлем (многочленные сложноподчиненные предложения с последовательным подчинением).

Жарыспалы көпбағыныңқылы сабақтас сөйлем (соподчиненные многочленные сложноподчиненные предложения) деп екі тілде де әрбір бағыныңқы сөйлемі басыңқымен тікелей байланысқан сөйлемдер аталады.

Бұндай сөйлемдер іштей жіктеледі: бірыңғай жарыспалы көпбағыныңқылы сабақтас сөйлем (многочленное сложноподчиненное предложение с однородным соподчинением) және әр түрлі жарыспалы сабақтас сөйлем (многочленное сложноподчиненное предложение с неоднородным соподчинением).

Бағыныңқы компоненттері басыңқыдағы бір сөзбен ғана немесе мағыналық қатынасы бойынша бәрі бірдей түгел басыңқымен байланысқан сөйлемдер бірыңғай жарыспалы көпбағыныңқылы сабақтас сөйлем (однородное соподчинение) деп аталады. Мысалы: Жүз жыл азап тартсаң да, аш-жалаңаш қатсаң да, абақтыда жатсаң да, құтылған күні ол бейіш (Шәкәрім) - Пусть сто лет испытаешь мучения, пусть переживешь голод и нищету, пусть пересидишь в тюрьме - в день освобождения забудется все.

Бағыныңқының әрқайсысы басыңқымен әр түрлі мағыналық қарым-қатынаста болатын сөйлемдер әр түрлі жарыспалы сабақтас сөйлем деп аталады. Мысалы: Тек бір тар жерге үшеуі бірдей қарбаласып, қақтығып қалғандықтан, алдыңғы екі ешкі секіріп кеткенде, екі мүйізі шаңырақтай қартаң құлжа енді секіргелі қамданған еді. - Так как в суматохе на небдльшом пятачке столкнулись все трое, когда две козы впереди уже успели спрыгнуть, старый горный баран с двумя огромными рогами только собирался прыгнуть.

Сатылы көпбағыныңқылы сабақтас сөйлемдерде (многочленные сложноподчиненные предложения с последовательным подчинением) алғашқы бағыныңқы тікелей басыңқымен емес, езімен тетелес тұрған бағыныңқымен байланысады. Мысалы: Қанша жақсы көрген кісің болса да, қайта-қайта келіп мазанды ала берсе, ішің тәуір көрмейді ғой. - Как бы хорошо ты ни относился к человеку, если он постоянно будет донимать тебя, это начнет вызывать у тебя раздражение.

Орыс тілінде кейде бір бағыныңқы компонент екі не одан да көп басыңқылармен байланысады. Мысалы: Уже совсем рассвело, и народ стал подниматься, когда я вернулся в свою комнату.

Аралас құрмалас сөйлемдер (Многочленные сложные предложения с разными видами связи) Екі тілде де құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем аралас құрмалас сөйлем деп аталады. Мысалы: Жел басылғаннан кейін, бұлт жинала бастады, бірақ жауын жаумады. - Когда перестал ветер, тучи стали сгущаться, но дождя не было.

Салыстырып отырған тілдерде бұндай сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен қалыпты салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластағы жай сөйлемдерді құрмаластыру тәсілдері арқылы байланысады. Қазақ тілінде салалас құрмалас сөйлемдегі сияқты аралас құрмаластағы салаласа байланысатын жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулықтар арқылы да, жалғаулықсыз да байланыса береді. Мысалы: Бір сағаттан кейін жүруге мүмкіндік болып: боран басылып, күн ашылды да, біз аттанып кеттік.

Орыс тілінде аралас құрмалас сөйлемдер мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Салаласа және сабақтаса байланысқан аралас құрмалас сөйлем - АҚС - (сочинение и подчинение): Она подала брату знак, что больная хочет уснуть, и все вышли потихоньку из светлицы, кроме служанки, которая снова села за самопрялку.

2. Салаласа және жалғаулықсыз байланысқан АҚС (сочинение и бессоюзная связь): Через час явилась возможность ехать: метель утихла, небо прояснилось, и мы отправились.

3. Сабақтаса және жалғаулықсыз байланысқан АҚС (подчинение и бессоюзная связь): Как ни был он подготовлен, сердце екнуло: все-таки большое событие.

4. Салаласа, сабақтаса және жалғаулықсыз байланысқан АҚС (сочинение, подчинение и бессоюзная связь): И он стал рассказывать, почему не вышло: кругом все уже было заминировано, и, для того чтобы прорваться к Сальково, оставалась только узкая полоска в несколько десятков метров с двух сторон железной дороги.

Сонымен, салыстырып отырған тілдердің екеуінде де әр түрлі тәсіл арқылы байланысқан көп компонентті құрмалас сөйлемдер кеңінен қолданылатынын байқадық. Қазақ тілінде ондай сөйлемдердегі басыңқы, бағыныңқы сөйлемдер бір-бірімен, негізінен, салаласа, сабақтаса байланысса, орыс тілінде салаласа, сабақтаса, жалғаулықсыз байланыса береді екен.

Қорытынды

Тіл мен тілдік құрылым адам ақыл-ойының жемісі ретінде адам ақылының қалай жұмыс істейтінін, адамға қалай қызмет жасайтынын көрсетеді. Қоғам мүшелерінің коммуникативтік құралы ретінде тіл белгілі бір мәдениеттің әртүрлі аспектілерін бейнелейді.

Бұл оқу құралында контрастивтік лингвистиканың қазақ тіл білімінде дамуы туралы теориялық мағлұматтар берілген, сондай-ақ тілдің теориялық мәселелерін білдіру арқылы тілдік талдауларға назар аударылады. Оқу құралында берілген теориялық мәліметтер, тәжірибелік тапсырмалар магистранттардың контрастивтік теорияны жете түсінуіне, жалпы тіл мәдениетін арттыруына үлкен көмегін тигізеді.

Аталмыш оқу құралы тіл құралдарын жақсы меңгертеді, тіл мәдениетін, тіл фактілерін талғай білуге үйретеді және тіл құралдарын сұрыптап ала білуге әдеттендіреді. Контрастивтік лингвистика курсына қарастырылатын теориялық тақырыптарды меңгеру нәтижесінде магистранттар бұдан белгілі дәрежеде білім алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: «Арыс», 2009. -160 б.
- 2 Маслова В.А. Лингвокультурология.– М.: Академия, 2004. – 208 б.
- 3 Гумбольд В. фон. Язык и философия культуры.– М.: Прогресс, 1985. –456 с.
- 4 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Русские словари, 1996.– 416с.
- 5 Жаманбаева Қ. Тілдік қолданыстың когнитивтік негіздері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
- 6 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
- 7 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты - Алматы: Ғылым, 1997.- 272 б.
- 8 Постовалова В.И. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216с.
- 9 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. – М.: Академический проект, 2001.–990 с.
- 10 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті.– Алматы: Мектеп, 1984.– 120 б.

